

Петров Григорий

# Финляндия - ақ лала гүлдер мекені

*Қазақ тіліне тәржімалаған:*  
**Әлия Ибрагимова**

«Ақ лала гүлдер өлкесі» кітабы – Финляндияның мәдени, рухани тоқырауды жеңіп, мемлекет ретінде жаңа мәдениет сатысына көтерілуінің хикаясы. Бұл кітап өз мемлекетінің даму жолында табандылықпен күресуге бел буған ұлт үшін осы жолда қандай бағыт ұстану керектігін көрсететін бағдаршам іспеттес. Осы тұрғыдан алғанда, бұл кітап – күллі түркі жұртының жастары үшін батыс өлкелерінің өткені мен бүгініне жақыннан үңілуге мүмкіндік беретін таптырмас туынды.

Еңбек барша оқырман қауымға арналады.

Білімді дамыту мен зерттеу ассоциациясы, 2017

## АЛҒЫ СӨЗ

Неге біз бұл кітаптың аудармасын Қазақстанда шығарамыз деп шештік? Неліктен біз бұл салада қызмет істеп келеміз? Неліктен

мындаған ұстаздар күнде тұрып мектепке, оқу орталықтарына, жоғарғы оқу орындарына барады?

Абай өзінің қара сөздерінде отансүйгіштікке қатысты жеңіл әрі ауқымды анықтама берді. Отансүйгіштік Абай атамыздың ойынша – Отанға қызмет еткен адам, ал Отан дегеніміз – ең әуелі халық.

Біз білім саласында қызмет істеп келеміз және де бізді халықтың жақсы өмір сүру жолында жігер қайратының қаншалықты мықты екенін көруге болатын мысалдар шабыттандырады.

Біздің халық, біздің отандастарымыз оқуға, сапалы білім алуға, өз өмір салтын жақсартуға талпынады, бірақ бұл талпыныс тек өзінің отбасы, өзінің қоршаған ортасы, өзінің жетістігі мен ғана шектеліп қалады.

Бұл кітап ой-өрісіңізді, игілікке деген құштарлығыңызды кеңейте түседі. «Ақ лала гүлдер өлкесі» кітабы білімді азаматтардың жақсылыққа деген құштарлығы, бүкіл халықтың жақсылықта болуына жұмсалғанын суреттейді. Мінеки енді қазіргі таңда, 200 жылдан кейін Финляндия – білім саласында ең озық елдердің қатарында.

Бізде өз тарапымыздан, мақтан тұтатындай, айқын әрі жетістікке толы болашағымызды құру үшін, өз елімізді сүйіп, өз балаларымызды жақсы көріп және де әрқайсымыз өз тарапымыздан күш салысуға міндеттіміз.

Бұл кітап – шабыттану, қызықты әрі пайдалы ой – пікірлерге толы талап, тілек. Біз бұл кітапты, білім бер мен ағарту, Абай атамыз айтқандай расында да «жүректің шамшырағы» екеніне сенетін пікірлестерімізбен бөліспекшіміз.

**Әлібек Есенов, Қазақстан білімін зерттеу мен жетілдіру ассоциациясының президенті.**

**P.S.** *Кітап білім саласында 7 жылдан астам жұмыс жасап келе жатқан және де мектеп білім деңгейін заманауи технология мен үздік халықаралық тәжірибе арқылы мектеп білім беру сапасын жақсартуға ұмтылып келе жатқан «Ustudy» компаниясының қолдауымен шығарылды.*

## **Кітап жайлы қысқаша мәлімет**

Орыстар мен шведтердің отаршылдығында болған Финляндия қазіргі таңда бәсекелес елу елдің алдында шығып, өз тілін, мәдениетін сақтап, өркениетті ел болып отыр. Жерінде мұнай, газ сынды өзге де табиғи қазба байлықтары жоқ бұл елдің адамдары өздерінің еңбекқорлығы мен терең білімділігінің арқасында әлемді таң қалдырып жатқаны белгілі. 1923 жылдары бұл елдің халқының ынтасы мен талпынысын байқаған священник Григорий Петров «Ақ лала гүлдер өлкесі» атты кітабын жазды. В.И.Ленин Петровты «демагог» деп атаса, Кеңес дәуірінде оқылуға тыйым салынған бұл кітап 2004 жылы тұңғыш рет орыс тіліне аударылды.

*Финляндия (Suomi) мемлекеті*

*Астанасы – Хельсинки қаласы*

*Тәуелсіздік алған күні – 06.12.1917 ж.*

*(РСФСР құрамынан)*

*Жер көлемі – 338145 шаршы метр*

*Халқының саны – 5323489 адам*

*Адам басына шаққанда ЖІӨ 35 мың еуродан асады.*

*Дамыған салалары: ұялы телефон (Nokia), интернет және қағаз өндіруден дүние жүзінде бірінші орында.*

## **ҚАЗАҒЫМНЫҢ САНАСЫНА СӘУЛЕ БОЛШЫ, СНЕЛМАН**

Осы жылдың көктемінде «Айқын» газетінің редакциясына инбатты бір қыз келіп, өзін «Әлия Өмірзаққызымын» деп таныстырды. Келген шаруасын сұрадым. «Мына аудармамды оқып, пікіріңізді айтсаңыз екен» деді де, флешкасын қолыма ұстата салды. Компьютерге түсіріп,

одан ақ қағазға бастырып алып, Әлия әкелген «Ақ лала гүлдер өлкесі» атты еңбекті бір деммен оқып шықтым. Бар – жоғы компьютерлік алпыс беттік осы еңбек мені Әлияға риза етті. Иә, өйткені бұл бүгінгі қазаққа, «судан шығып қалған балықтай қазаққа» жаны ашитындар болса, оқитын, үлгі алатын еңбек екен.

Кітаптың басты кейіпкері Снелман Финляндияның ерекше құрметті азаматы саналатын көрінеді. Өйткені ол 1811 жылы шведтерден бостандық алған Финляндия мемлекетінің егемендік өмірге алғаш қадам жасар кезеңде халқын дұрыс өмір сүруге, кәсіп қылуға, денсаулықты сақтауға, діни теріс уағыздарды жоюға үй – үйді, ауыл – ауылды аралап жүріп, қалың бұқараның жалпы дұрыс өмір сүру сауатын ашқан адам екен. Біздің Абай қазақтың дұрыс өмір сүруге сауатын ашуға ғақлияларымен еңбек сіңірсе, Снелман сол Абай айқандарды әлгіндей жолмен қалың бұқараға ауызба – ауыз түсіндірген нағыз ұлтжанды азамат екен. Бүгінгі финдер дамыған елдер қатарында болса, «біздің мұндай дәрежеге жетуімізге негіз салған Снелман» деп құрметтейді екен. Мінеки, ұлтты сүюдің нағыз үлгісі. Мұны аударған, қазақшалаған Әлия ұлтымның «қазақты сүйемін» дейтін әр азаматы осылай, яғни Снелмандай еңбек сіңірсе екен деп тілейтіндей. Өйткені, осыны түрік тілінен аудара отырып, өзі де осындай ұстанымда болды ғой.

Дәл осылай айтуымның себебі, сіздің қолыңызға тиген «Ақ лала гүлдер өлкесі» атты кітаптың басты кейіпкері Снелмандай қазағыма жаны ашып, қиналғанның жанында болған бір зиялыны кезінде көрген де жоқпын. Олар туралы жазылған бір хабарды естіген де жоқпын. Демек, менің өзімнің пікірімше, қазіргі қазақ зиялысы деп жүргендер жай ғана көбік. Міне, осы себептен де мен баспа оқырманына ұсынған «Ақ лала гүлдер өлкесі» атты кітапты әр қазақтың төрінде тұрып, әр қазақтың санасына ондағы игіліктер сәуле түсірсе екен деп тілеймін. Бұл үшін кітапты түрік тілінен тәржімалаған қарындасымыз Әлия Ибрагимоваға да, осы кітапты оқырманға ұсынған баспаға да ақ шашты басымды иіп, алғыс айтамын.

Мен неліктен әр қазақ Снелман болса екен деймін? Бұл сұрақтың да жауабын бере кетейін. ХІХ ғасырдың ортасына қарай шведтер бодандығынан

босаған фин халқы қиын жағдайда еді. Қалың бұқара білімсіз. Маскүнем, зинақор, шіркеулерінің өзіндегі уағыз кері әсерлі, шаруашылығын өз бетінше басқара алмайтын, жұқпалы дерттер демдеген батпақты даладағы халық осылар еді. Бұларды бүгінгі дәрежесіне жеткізген мемлекет басшылары мен партиялар немесе байлар емес. Оларды дамудың биік сатысына көтерген халықтың ортасынан суырылып шыққан нағыз ұлтжанды зиялылар еді. Мен бүгінгі таңда кім зиялы десе, сол фин халқының бүгінгідей дәрежесіне жетуіне жол ашып берген Снелманды, үнді халқының азаттық алуына жанын құрбан еткен Мохандас Гандиді және өзіміздің Абай мен Ыбырай Алтынсаринді айтар едім. Сондықтан да фин халқының ұлы болса да Снелман мен үшін құбыланама секілді. Әр қазақтың оқығаны, білімдісі ұлтжандымын десе, ұлтын сүйсе, ең әуелі сол ұлтына Снелмандай қызмет етсін. Міне, оқырман қолына тиіп отырған кітап, мен үшін осындай сөз айтқызғанымен де қымбат. Саналы қазақ бұл кітапты өзінің қымбаттысы санайды деп тілеймін.

Жолың болсын, қазағыма сәулесі түсер Снелман!

*Жұмабек ЖАНДІЛДИН*

## **ГРИГОРИЙ ПЕТРОВ ЖӘНЕ «АҚ ЛАЛА ГҮЛДЕР ӨЛКЕСІ - ФИНЛЯНДИЯ» НЕМЕСЕ БІР ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ОЯНУЫ**

«Ақ лала гүлдер өлкесі» кітабының авторы Григорий Спиридонович Петров 1868 жылы Петрогодка (қазіргі Санкт-Петербург қаласы) қарасты Ямбург елді мекенінде дүниеге келеді. Өмірінің соңында науқастанып, емделу үшін Парижге барып, сонда 1925 жылдың 19 маусымында көз жұмады. Ол кедей отбасында тәрбиеленеді. Өзі кедейшіліктің кермек дәмін татып жүрсе де, еш мойымай, әрдайым адамзат баласының жарқын болашаққа қол жеткізуіне үлес қосудың жолын іздейді. Бар арман –қиялы мен мақсат – мүддесін осы бағытта жұмсайды. Діни сауатын аша жүріп, әдебиетке де ерекше ден қойып, поп әрі профессор атанады. Патша сарайында

ханзадалардың тәрбиешісі қызметін атқарады. Дегенмен, ол патшаның салтанатты сарайынан гөрі, жарлы – жақыбайлармен, қарапайым ауыл тұрғындарымен етене араласуға әлдеқайда құмар болады.

Ауыл тұрғындары мен қарапайым қызметшілердің діни сауатын ашатын уағыздар айтады.

Бұқара халық оның айтқан әрбір жалынды сөздерін ерекше ықыласпен, сүйсіне тыңдайтын. 1900 жылы Петров Ресейде халық тарапынан ең танымал поп, әрі шығармалары ең көп оқылатын халық жазушысына айналады.

Бір кездері таралымы өте аз «Русское слово» («Орыс сөзі») газеті Петров бас редактор болған күннен бастап, тиражы 500 000 – ға жететін ең танымал газетке айналады.

Осы уақытта ол өзінің «Інжіл – өмір сүрудің бастауы» деп аталатын алғашқы шығармасын жарыққа шығарады. Бұл шығармасы қытай, жапон тілдеріне аударылады. Осылайша, жазушының аты тек Ресейде ғана емес, біртіндеп әлем жұртшылығына жол тартты. Петровтың мәртебесінің күн санап өсуі шіркеудің бетке ұстар адамдарын «мазалай бастайды». Араға бірнеше жыл салып, Петров 1907 жылы шіркеудегі қызметінен босап, әдеби - философиялық шығармалар жазуға ден қояды. Ол шәкірттерін білім нәрімен сусындата жүріп, әртүрлі тақырыпта лекциялар оқып, күн сайын шығармашылығын шыңдай түседі. Оның ғибратқа толы дәрісінен соң, халық рухани оянып, сілкіне бастайды. Мұны сезген Патшалық Ресей оны әрдайым көзден таса қылмай, әрбір қадамын жандаралдары арқылы бақылауда ұстайды. Петров пен большевиктер арасында да анау айтқандай түсіністік орнықпады.

1920 жылы ол Белорусь ұлтының Қырымнан көшкен өкілдері мінген кеменің соңғы жолаушыларының бірі болып, Стамбулға келеді. Қоныс аударушылардың бұл тобы кейіннен Триесте деген жерге жөнелтіледі. Осы топпен бірге қоныс аударған Петровты жергілікті Югослав халқының зиялылары танып, жоқшылықтан құтқарып, Белград университетіне профессор етіп тағайындайды. Югославия мемлекеті сол өңірде қалаған жеріне поездбен емін – еркін барып келуі үшін оған жеңілдік (пасо) береді. Осылайша Петров Югославияның түкпір – түкпірін аралап, мәдениет, дін, қызмет, бауырмашылдық және

ұлтжандылық тәрізді тақырыптарда конференциялар ұйымдастырады. Ол серб тілін өз ана тіліндей жетік меңгереді.

Петров Болгарияға бірнеше шығармаларын қолжазба күйінде жібереді. Бұл шығармалар Болгар тіліне аударылып, баспадан жарық көреді. «Ақ лала гүлдер өлкесі» атты кітабының орыс тіліндегі қолжазбасын Болгарияда тұратын досы Д.Божковқа жібереді. Досы Петровтың барлық шығармаларын жинақтап, Болгар тіліне аударып, алғы сөзін жазып, 1925 жылы Софияда кітап қылып басып шығарады. Орыс тілінен болгар тіліне тікелей аударылған бұл еңбек Болгар халқының ерекше назарын аударып, оқырманның ықыласына бөленеді.

Өмірінің біраз жылдарын Финляндияда өткізген жазушы бұл еңбегінде осы елдің білім мен мәдениет саласындағы жетістіктерге қалай қол жеткізгендіктерін шебер суреттейді. Бұл шығарманы болгарша сөйлеткен жазушының досы Божков та Петровпен Финляндияда бірге болған еді. Бұл кітап (1909 – 1910) түрік тіліне алғаш рет Али Хайдар (Танер) мырзаның қолға алуымен, 1928 жылы аударылып, осы жылы Стамбулда ескі әліпбимен басылып шықты.

Кітаптың түрікше аудармасы да «әп» дегеннен – ақ көпшілік оқырманның назарын өзіне аударды. Тек Стамбул мен Анкарада ғана емес, сонымен қатар, Түркия мемлекетінің түкпір – түкпірінде жарық көрген газет – журналдарда бұл кітап жайында жақсы пікірлер жарияланып, жоғары баға берілді. Кітаптың алғаш шыққан тиражы тез арада тарап, халық тарапынан зор сұранысқа ие болып, 1930 жылы Мемлекеттік баспаханадан жаңа әліпбимен ресми түрде қайта басылды.

«Ақ лала гүлдер өлкесі» осы уақыт аралығында әртүрлі баспадан бірнеше қайтара жарық көрді. Бұл кітаптың алғысөзін автордың өзі емес, кітаптың аудармашысы, әрі Петровтың досы – Д.Божков жазған

«Ақ лала гүлдер өлкесі» кітабы – Финляндияның мәдени, рухани тоқырауды жеңіп, мемлекет ретінде жаңа мәдениет сатысына көтерілуінің хикаясы. Бұл кітап өз мемлекетінің даму жолында қандай бағыт ұстану керектігін көрсететін бағдаршам іспеттес. Бұл кітап – күллі түркі жұртының жастары үшін батыс өлкелерінің өткені мен бүгініне жақыннан үңілуге мүмкіндік беретін таптырмас туынды. Оқырман кітаптан керегін алар деген үмітпен ...

## ТАРИХТАН ҒИБРАТ

Бұдан бірнеше жыл бұрын Мәскеу Мемлекеттік театрының дуалы жарылып, сыр бере бастағаны аңғарылған. Театрдың іргетасынан шатырына дейін орын алған сызат келешекте ғимараттың қирауына әкеп соқтыруы мүмкін деген оймен, адамдар қауіптің алдын алуды ойластыра бастаған.

Сәулетшілер өз кезектерінде театрдың қабырғасында пайда болған сызаттың шығу себептерін іздестіре бастайды. Ғимараттың іргетасын бірнеше жерден қазып, ашқан кезде оның іргетасының ағаштан жасалғанына көз жеткізеді. Бұл іргетас әбден тозығы жетіп шіріп, соның салдарынан ғимарат шөге бастаған.

Кезінде ғимараттың негізін қалаған кезде, іргетастың мықты болуы үшін, жерге қалың қазықтар қағып, осы қазықтарға қалың тас қабырғалар өрілген екен.

Іргетастың бұл түрі сол замандағы талапқа толық жауап бере алатын болған және сол кездегі адамдардың түсінігі бойынша, нағыз мықты іргетас болып саналған. Шын мәнінде театр ғимараты ұзақ жылдар бойы сыр білдірмей, талай буын өкілдеріне қалтқысыз қызмет еткен. Әйтсе де, арада жылдар өткен сайын жер астында төселген ағаш шіріп, соның салдарынан іргетас жылжып, ғимарат қабырғаларында сызаттар пайда болған.

Бұл сызаттарды көрген сәулетшілер мұндай қауіпке қарсы қандай шара қолдану керектігін ойластыра бастайды. Олар тарихи маңызы бар ғимаратты құлатпай, бұрыш – бұрыштарын бағандармен ұстатып, іргетасты ашады. Сонан соң, шіріген ағаштың орнына граниттен жасалған мықты тастарды қойған. Сөйтіп, Мемлекеттік театрдың ескі ғимараты жаңадан орнатылған іргетастың үстінде қайта бой көтерген. Сәулетшілердің дер кезінде жасаған шараларының арқасында театр ғимараты әлі күнге дейін өз көркін жоғалтпай, қауіпсіз жағдайда халыққа қызмет көрсетуде.

Ұлыстар мен ұлттардың өмірі де құдды осы Мәскеудің Мемлекеттік театрының ғимаратына ұқсайды.



Мемлекет құрылымының ескі жүйесі мен ел басқарудың бұрынғы әдістері өз заманында қаншалықты жеткілікті көрінгенімен, уақыт өте келе заман талабына сай жауап бере алмауы әбден мүмкін.

Жалындаған жас буын өкілін ескі тәсілмен басқару мүмкін емес. Жаңа ұрпаққа ақылға қонымды, әділетті, тамырын тереңге жіберген басқарудың жаңашыл түрі қажет. Парасат – пайымы жоғары басқарушылары бар мемлекеттерде сәтсіздіктер мен құлдырауларға жол берілмей, халықты басқарудың мейлінше әділетті жолдары қарастырылған. Кейбір елдерде болса, керісінше, мемлекет тізгінін ұстаған адамдар халықты дұрыс басқаруды және оның сауаттылығын арттыра түсу қажет екендігін түсінбейді немесе түсінгілері келмейді.

«Мезгілі келгенде мұз да ериді» демекші, уақыты келгенде, мықты мемлекеттердің де қабырғасы сөгіліп, сызат пайда болады. Бір өкініштісі, күн өткен сайын көлемі ұлғайып бара жатқан бұл сызатқа дер кезінде көңіл бөлінбейді.

Сондықтан, сырт көзге қуатты әрі күшті көрінген алпауыт мемлекеттердің шөгуі таңқаларлық оқиға болмаса керек. Бұрынғы Иран, Осман империясы, Австрия императорлығы да күйреді. Орыс патшалығы да жермен жексен болды. Бисмарк, Вильгельм сияқты әйгілі адамдарды дүниеге келтірген Германия мемлекеті де жеңілістің ащы дәмін татты.

Осы ретте қасиетті кітаптардың біріндегі мынадай тәмсілге назар аударсақ: Ерте заманда зұлымдықпен ел билеген патша болыпты. Оның салтанатты сарайының қабырғасында отпен жазылған мынадай сөздер бар екен: «Мане текел фарес!». Бұл сөздердің мағынасы жұршылыққа түсініксіз болса керек. Ешбір адам түсіне алмаған бұл жұмбақ сөздердің сырын сол заманның данышпаны – Даниял былайша түсіндірген: «Бұл от пен жазылған жазулар жақсылықтың нышаны болмаса керек. Не де болса, ел басына күн туатын қиын – қыстау заманның келгендігінен хабар беріп тұр. Бір кездегі дәуірлеген бұл мемлекеттің де дәурені өтті. Бұл тығырықтан шығар жол жоқ.»

Ескі Рим императорлығы, XV Луидің Франция дәурені, Романовтардың орыс патшалығы, Хохенцоллерндердің Германия мемлекеті, Хабсбургтардың Австриясы да тығырықтан жол таппай, құрдымға кеткен. Тарих бұл мемлекеттер үшін өз үкімін шығарды: «Мане текел фарес!»

Осының бәрін салиқалы ой таразысына салып, бір сәт ойланып көріңіз. Жұлдызқұрт тәрізді жеке бастың қажеттілігінен аспайтын күнделікті күйбең тірліктің құрдымына батып, саз балшыққа сүрінбейік. Керісінше, елдің ертеңіне елеңдейтін есті ұрпақ тәрбиелеу жолында не істеу керек? Соны ойланайық! Тарихқа көз жүгіртсек, онда тек императорлықтардың күйреуі ғана жазылмаған. Сонымен қатар, тығырықтан жол тауып, жарқын болашаққа талпынған ұлттар мен ұлыстардың тарихынан сыр шертетін шығармалардың дүниеге келгенін күтеді.

Тарих – адамзат қауымына құмырсқаның ұясы сияқты бір жерде тұрмай, өркениетпен өрілген әсем де, әдемі туындылар туғызатын мемлекеттердің мәртебесін жоғарылата отырып, халықты басқарудың жолын көрсететін ғажайып ғылым.

## **ҚАҒАРМАНДАР МЕН ХАЛЫҚ**

Кейбір мемлекеттер ұлтқа қауіп төндіретін дағдарыстарға тап болады немесе түгелдей күйзеліске ұшырайды. Ал кейбір ұлттардың өмірі, керісінше, бірқалыпты қалыптасқан күйі жалғасын тауып жатады. Жоғарыда келтірілген мысалдардың қай – қайсысы болмасын, тек қана мемлекет қайраткерлерін, министрлерді, депутаттарды ғана толғандырып қоймай, әрбір ұлт өкілін ойландыруы тиіс.

Ойлау жұмысымен шұғылданатындар болсын, қара жұмыс істейтіндер болсын, ер, әйел, кәрі, жас демей, қала тұрғындары мен ауыл тұрғындарын да – барлығын осы мәселе толғандыруы тиіс – ақ.

Мемлекеттердің күшті немесе әлсіз болуы, олардың көркейіп, дамуы немесе тұралап қалуы ел тізгінін ұстаған басшылардың халыққа берген сенімдері мен тұрақтылығына, олардың табансыздықтарына ғана байланысты емес. Ел басындағы адамдар жақсы болсын, жаман болсын, ержүрек болсын, қатыгез болсын, қандай болса да – олар өз ұлтының айнасы, ұлт рухының көшірмесі іспеттес. Қоғам қандай болса, басқарушылары да сондай болады. Сол себепті, «әр ұлттың өзіне сай басқарушысы бар» деген сөз бекер айтылмаса керек?! Қоғамда қайшы пікірлер тудырған бұл шындықты нақтылай түсу үшін,

бағзы заманнан бері дау тудырып келе жатқан философиялық және тарихи бір тақырыпты қозғауға рұқсат етіңіздер. Бұл тақырыпты өрбітер болсақ:

Ұлт тарихын кімдер жасайды? Мемлекет пен адамзат өміріндегі ең әуелі оқиғалардың басында кімдер болды? Олар белгілі бір ұлт өкілдері, яғни, атақты адамдар ма, әлде, әйгілі ағышын ойшылы Карлейль айтқандай, қаһармандар ма? Әлде, ұлт тарихы дегеніміз ұлт өкілдерінің көрсеткен қайсарлығы мен халық рухын жұмылуы арқылы жүзеге аса ма?

Карлейль бұл пікірдің алғашқысына қосылған және өз ойын дәлелдеп берген. Ал, Лев Толстой болса, екінші пікірді қолдаған.

Карлейль өзінің «Қаһармандар және тарихтағы қаһармандықтар» атты шығармасында олардың өркениеті мен мәдениеті жайлы жазған. Карлейльдің ойынша, ұлт жансыз пластилин тәрізді. Ол бір шебердің қолына түспесе, мәңгілік пішінсіз және қимылсыз күйінде қалады. Цезарь, Наполеон, Ұлы Петр, Сократ және Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с) сияқты бірі өнер иесі, бірі ел мойындаған тұлға, бірі қаһарман, енді бірі пайғамбар болған адамдардың біреуі жансыз пластилинді қолдарына алатын болса, оны өздері қалаған пішінге енгізген болар еді.

Шыңғыс хан Азияның сайын даласынан миллиондаған қол жинады. Қытайды, Үндістанды, Иранды, Ресейді өзінің қол астына қаратты. Петр Амиеньский Иерусалимді мұсылмандардан азат ету үшін бүкіл католиктік Еуропаны аяғынан тік тұрғызды. Мартин Лютер реформа жасады. Нерондар мен Калигулалар болса, көне Римнің көзін жойды. Бисмарк пен Хогенцоллерндердің саясаты Германияны орасан зор күйзеліске ұшыратты.

**Түсініктеме:** Карлейльдің ойынша, ұлттардың, тіпті, бүкіл адамзат тарихын жасаған адамдардың рухы өр, тәні бекем, зердесі ашық, парасаты жоғары болған. Бір сөзбен айтқанда, олар – қайтпас қаһармандар. Арттарына өшпес із қалдырған Рамзес, Ромелюс, Лютер, Бисмарк сынды т.б. адамдар осындай қаһармандардың қатарына жатады.

Лев Толстойдың бұл пікірге қарсы айтар уәжі бар, оның ойынша: «Өмірде кездесетін маңызды оқиғалардың бағытын, олардың түр – сипаты мен бағасын беруші – халық».

Енді бірде Томас Карлейль былай дейді: «Бұқара халық аяқ астында жатқан құраған сабан секілді. Ал, халықтан суырылып шыққан қаһармандар болса, құрғақ сабанды, (яғни, халықты) жандандыратын көктен түскен жасын тәрізді».

Лев Толстой тағы бір сөзінде былай дейді: «Теңізде жүзіп келе жатқан өте үлкен кемеге қарасаңыз, оның алдында құдды лента тәрізді ирелендеп аққан судың ағысын көресіз. Осы су лентасы кемені сүйреп бара жатыр дегенге кім сенеді? Әлбетте, ағыстың ирелендеген кейпін кеменің өзі жасап, жүзіп отырады. Демек, шын мәніндегі қуат көзі – кеменің өзі. Ал су ағысы болса, соның нәтижесі».

Л.Толстой: «Бір ұлтты сілкіндіретін жетелеуші күш болса, қалың жұртшылық өздігімен әрекет етеді. Ол өз пікірін қолдайтын, өзін түсінетін адамды таңдап, өз қалаулысының артынан еретін болады».

«Соғыс және бейбітшілік» романының авторы Лев Толстой Томас Карлейльдің қаһарман мен найзағайды салыстыруына келіскен болса, былай деген болар еді:

«Иә, ойшыл адам қаһарман бола алады. Бірақ, бұқара халық күнтартқыш та (лупа), сабан да емес. Себебі, найзағайды туғызатын халықтың өзі. Қуат көзін бойына сіңірген бұлттар жиналса ғана найзағай туады. Бұлтта қуат көзі болмаса, ешқашан ешбір найзағайдың пайда болуы мүмкін емес. Ал кейбір бұлттар ылғал бу халінде жиналады. Халық та сол сияқты. Егер, ұлттың жаратылысында қаһармандық қасиеттер болса ғана, найзағай сынды жарқылдаған тұлғалар туғызады. Халық, керісінше, әлсіз, тексіз болса, буға айналып, жоқ болатын бұлттар тәрізді із – түссіз жойылып кетеді».

Бір қарағанда, бұл екі теория бір – біріне қарама – қайшы сияқты. «Карлейльдің пікірі дұрыс па, әлде Толстой дұрыс айта ма?» Бұл екеуінің арасында, қайшылық көрінгенімен, екеуі бір – бірін толықтырады. Карлейль де, Толстой да дұрыс айтады. Олар екеуі – ақшаның екі жүзі, бір шындықтың екі жартысы тәрізді.

Қаһарман рухты адам халықты оятып, жалындатады. Бірақ, жалынды туғызатын ұшқынды халықтың өзінен алады.

Мысалы, бір күнтартқышты (лупа) алып қарайық. Күнтартқыштың белгілі бір кеңістікке таралған күн сәулелерін бір нүктеге тоғыстыратын қасиеті бар. Мыңдаған сәуленің бір нүктеге тоғысуынан жалтылдаған бір нүкте пайда болады. Бұл нүкте отын,

шөп, сабан, қағаз сияқты құрғақ заттарды лаулатып, жандырып, тас пен әйнекті тіпті, темірді де қыздыра алады.

Ұлтқа бас болатын әрбір тұлға бір күнтартқыш тәрізді. Ол бойын өзін туған ұлттың күші мен жақсы қасиеттерін жинайды. Сол арқылы, миллиондаған адамның рухын тұтатады. Алайда, ауа райы бұлтты болып, күн сәулесінен мақрұм болып қалған жағдайда, күнтартқыштың темірді қыздырмақ түгілі, қардың түйірін ерітуге шамасы келмейді.

Швецарияның танымал ірімшігі биік тауларда жайылып, шүйгін шөппен қоректенген сиырлардың ғана сүтінен жасалады. Сүттей ұйыған тыныш заманда, ауызбіршілігі жарасқан елде өскен адамдар да осы тәрізді. Олар қауызын жаңа жарған «ұлт гүлінің» хош иісіндей ерекшеленіп тұрады.

Наполеон бейбітшілікті жақтайтын ескі Қытайда емес, Францияда туып – өскен. Дарвиннің балалық шағы Англияда өткен. Ол өзінің «Өмір сүру таласы» деп аталатын туындысын жарыққа шығарды.

Германияны Бірінші Дүниежүзілік соғысқа енгізген II Вильгельм емес. Бірақ, неміс халқының соғысқұмар зұлымдық рухы Бисмарк, Вильгелм, Хинденбург және Рухбаштардың сөз қолданыстарында көрініс тапқан. Көне Римді жоқ қылған Нерондар, Каракалалар және Комодтар емес. Барлық нәрседе сөзі өтімді Испания Лояланы, Германия болса Крупты тәрбиеледі. Әрбір ұлт бірде ел басқаруға лайық рухы мықты адамдар тарапынан басқарылса, енді бірде, керісінше, әлсіз рухты, жігерсіз адамдардың басқаруымен күн кешеді. Бұл екі басшының қайсысының ел тізгінін ұстайтындығы – халықтың рухани деңгейіне байланысты болмақ.

Ұлт бойында жақсы қасиеттер бар ма, жоқ па? Әлде мұндай қасиеттерді бойына енді сіңіріп жатыр ма? Ұлттың ақыл – ойы, қалауы, ар – ожданы кемелденіп жатыр ма, жоқ әлде шіріп, уланып жатыр ма? Көмескі бір өмірдің көлеңкесінде төменге құлдырап бара ма?

Бұл сұрақтар әрбір ұлттың жеке тұлғасының өмір сүру мен олардың еңбекқорлығына меңзейді. Біз өз елімізде не бітіріп жүрміз? Ұлтымыздың тағдырындағы елеулі өзгерістерде рөліміз қаншалықты?

Осыған байланысты төмендегі мысалға назар аударайық:

Оңтүстік аймақта теңізді мекен еткен ерекше микроорганизмдер бар көрінеді. Олар өз денелерінен әрдайым сұйықтық бөліп шығарып, өздері көзге көрінбейді. Бұл сұйықтық бір жерде жиналып, уақыт өте келе, маржанға айналады. Осылайша бірнеше кіші маржан аралдары пайда болады екен. Бұл маржан аралдары адамдардың игілігіне де пайдалы. Керісінше, дәл осы оңтүстік өлкелерде адам өміріне қауіп туғызатын ұсақ құмырсқалар да бар. Олар өздері мекен еткен жердегі үйлердің қабырғалары мен үй жиһаздарын кеміріп тастайды. Адамдар бұл құмырсқалардан құтылу үшін басқа жерге қоныс аударуға мәжбүр болады.

Енді бір сәт мемлекетіміздің жағдайын ойлап көрейік: «Біздің жасап жатқан қызметіміз мемлекетімізді құрту үшін бе әлде, оны құру үшін бе?». Яғни, мемлекет болашағы үшін маржанбыз ба әлде құмырсқамыз ба?

Мемлекеттің болашағы мен бақыты, ұлттың қасиеті мен намысы халықтың қалауымен ұштасқанда ғана, жарқын келешекке қадам басары сөзсіз. Екі миллион тұрғыны бар Финляндия мемлекетінің табиғаты суық, қысы қатал. Ауа райы көбінесе тұманды болады. Көктемде де кейде мұз қатады. Тамыз айынан бастап, қара суық түседі. Топырағы да құнарсыз. Жерінің басым көпшілігін гранит тастар алып жатыр. Жер асты қазба байлықтары да жоқтың қасы.

Құрылыс жұмыстары өте ауыр шарттарда жүзеге асады. Бұл жердің халқы ешқашан өз мағынасында тәуелсіз болған емес. Көбінесе көрші мемлекеттердің боданы болған.

Финдер өздерін Суом, ал мемлекеттерін Суоми, яғни, «Батпақ дала» деп атайды.

## **СУОМИДІҢ ТАРИХЫ**

Өмірімнің бір белесінде маған Финляндияның үлкен қалалары мен көлді, орманды жерлерінде орналасқан шалғай мекендерінде де өмір сүру нәсіп болды. Фин халқының күнделікті тұрмыс – тіршілігі мен әртүрлі ойын – сауықтарын тамашаладым. Сондай – ақ, бір ұлттың

музыкасын, әдебиетін, сурет өнерін, театры мен сәулет өнерін зерттеп, зерделедім. Шынымды айтсам, өнердің түр – түрін көрген сайын, таңданысым күннен – күнге арта түсті. Алғашында финдердің бөгде адамдарға салқынқандылық танытқанын байқап, іш тартпағаныммен, бұл өлкенің өте еңбекқор азғантай халқын жақыннан таныған сайын, оларға деген құрметім арта түсті.

Осы ретте Фин халқының маңызды екі ерекшелігін баса айтқым келеді:

Біріншіден, олар 1917 жылы төңкеріске дейін ешқашан мемлекет ретінде тәуелсіз болмаған. Екіншіден, қазіргі кездегі фин халқының қол жеткізген жоғары мәдениеті тек қарапайым халықтың арасынан шыққан ұлттық рухы мықты, жанкешті адамдардың арқасында жүзеге асқан.

Фин халқы 1811 жылға дейін Швецияның қол астында болды. Австриялықтардың Босния – Герцоговинадағы сербтерге көзқарасы қандай болса, ол кезде шведтердің финдерге деген көзқарасы да сондай болған. Барлық мемлекеттік қызмет пен басқару күштері, сауда – саттық, фабрикалар, мектептер, тіпті, шіркеулердің өзі шведтердің бақылауында еді. Мемлекеттік қызметкерлердің барлығы дерлік, басқарушы мамандар, дәрігерлер, әскербасылары, шіркеу қызметкерлері мен мұғалімдер швед өкілдерінен таңдалып алынатын. Шведтер финдерді өздерінен төмен санап, оларды менсінбейтін.

Финдер заң жүзінде шведтермен тең құқылы саналғанымен, экономикалық жағынан өте артта қалған еді. Бұл жайт, фин халқының мәдениет жағынан дамуына өте кері әсерін тигізді.

XVIII ғасырдың соңында, тіпті, 1840 жылға дейін, фин мәдениеті ауасыз бөлмеде қалып, тамырын тереңге жібере алмай, құмырада өскен гүл сияқты, солуға айналған еді. Ол кездері фин халқы оқу – жазудан басқа ешнәрсе білмейтін.

1808 жылы Ресей мен Швецияның арасында болған соғыстан соң, орыс патшасы I Александр Финляндияның жартысын басып алды. Осыдан кейін, I Александр Борго деп аталатын қалада Фин Ұлттық Мәжілісінің отырысын жасап, басқосуға қатысқан барлық Суомдардың өкілдерінен:

«Бұдан былай шведтердің қол астында қалғанды қалайсындар ма?», - деп сұрап, бір шешімге келулерін талап етті.

Фин халқының өкілдері өзара кеңесіп, Ресейге қосылуды дұрыс деп шешті. I Александр болса, өз тарапынан фин халқын олардың Ата Заңдарымен санаса отырып, басқаратынына сөз берді.

Финляндияның Ресейге қосылуы екі жақ үшін де тиімді болды. Негізі, ол кезде Финляндия кедей мемлекет болып саналатын. Үндістан мен Мысырдың Англияның экономика саласына пайда келтіргеніндей, Финляндия Ресейге мұндай пайда келтіре қоймайтыны бесенеден белгілі еді. Ресей Финляндияны өз қол астына алғаннан кейін де, экономика саласында айтарлықтай жетістікке қол жеткізген емес. Дегенмен, бұл мемлекеттің қосылуы Ресей үшін басқа жағынан тиімді болды.

Ең бастысы, Финляндияның шекарасы Ресейдің сол кездегі астанасы – Петерборға жақын орналасқандығында еді. Пойызбен төрт сағаттық жол жүрген соң, Финляндияның шекарасынан асып, Петерборға оңай жетуге болады. Соғыс бола қалған күнде, дұшпандарының фин жерімен өтіп, Ресейдің астанасына қауіп төндіруі мүмкін болатын. Осы себепті, Ресей өзінің астанасын қауіп – қатерден сақтап қалу үшін, Финляндияны өз қол астына алуды ұйғарған еді.

Ал, фин халқы үшін Ата заңдарын іске асыра отырып, мемлекеттің ішкі саясатын басқаруда тәуелсіздікке қол жеткізумен қатар, төл мәдениетін дамытудың оңтайлы сәті туған еді.

Ресей жаулап алғаннан кейін де швед халқының басым бөлігі Финляндияда қалуға шешім қабылдады. Бірақ, олар бұрынғыдай бұл мемлекеттің иелері емес, қарапайым халықпен бір санатқа кірді. Осылайша олар бар күш – жігерін жаңа Отандары – Финляндияның мәдени жағынан дамуына жұмсай бастады.

Алғашқы кездері мемлекет мәдениетінің дамуы үшін құлшынып кіріскендердің саны тым аз болған. Бұл тізімде финдердің зиялы қауым өкілдері саналатын мұғалімдердің өзі саусақпен санарлықтай өте аз еді. Дегенмен, бұл жайт ұлттың болашағына бейжай қарамайтын зиялылар санының жоғалуына емес, керісінше, олардың қатарының арта түсуіне жол ашты.



## ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ – СНЕЛМАН

I Александр патшаның тұсында, фин мәдениетін дамытуға білек сыбана кіріскен жаңашыл топты Снелман басқарды. Бұл адамның өмірі жайлы сіздерге аздаған мағлұмат бере кетейін:

Йохан Вильгельм Снелман 1806 жылдың 12 мамырында, Стокгольмда дүниеге келіп, 1881 жылы шілденің 4 – і күні Данскарбиде бақилық болған. Ол өз заманының үлкен ілім адамы, философ әрі танымал саясатшы болған. Снелманның атағы фин халқының мәдениетін көтеру жолында қыруар үлес қосқан ұстаздығымен кеңінен танылды. Ол өзінің сенімді достарымен бірге, халықтың рухани ұстазы ретінде батпақдала саналған Финляндияны «Ақ лала гүлдер өлкесіне» айналдырды.

Снелман бүкіл саналы ғұмырында: «Елімізді – Финляндияны ресей мен шведтер кез келген сәтте жаулап алуы мүмкін. Мұндай қуатты көршілерге қарсы мықты болу үшін, ең алдымен, мәдениет саласында олардан оқ бойы озық тұруымыз қажет» деп, отандастарын барынша рухани сілкініске үндеді.

Снелманның бастамасымен жарыққа шыққан «Сайма» газетінде өз отандастарына ол: «Біздің кішкентай ғана халық өзінің үлкен көршілерінен жоғары мәдениетке ие болған күнде ғана өзіне төнген қауіптен аман болады» - деп жиі қайталаған.

Финдер ұзақ жылдар бойы өз мәдениеттерінің дамуы үшін еңбек етіп, бүгінгі таңда, Еуропаның көптеген мемлекеттерінен озық шығып, жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Сол жетістіктерінің арқасында Ресей мен Швецияға, өзге де алпауыт мемлекеттерге бағынышты болмай, өз тәуелсіздіктерін қорғай білді.

Снелман тәй-тәй басып келе жатқан фин халқынан шыққан алғашқы зиялы қауымның тамаша үлгісі бола алды. Оның бірнеше мұғалім, поп, адвокат және өзге де қызметкерлермен біріге отырып, халық арасында тәрбие мен білім саласының өркендеуіне қосқан үлесі сол кездегі крест жорығымен пара-пар еді. Бұл зиялы қауым туған халқына мынадай үгіт – насихат жүргізді:

«Зиялы болу дегеніміз – ерекше сән үлгісімен тігілген киім кию емес. Халық сендердің сауаттарыңды ашқанда, ертеден кешке дейін

кафелерде көңіл көтеріп, түрлі құмар ойындар мен домино ойнасын деген жоқ.

Бұл қылықтарды жасағандар шын мәнінде ұлттың зиялы адамы емес. Олар зиялы қауым өкілінің рухы семіп, азғындаған түрі.

Оқыған, көзі ашық адамдар ұлттық сана-сезімді, ұлттық ар-ожданды, ұлттық рухты күшейтуі қажет. Ауыл тұрғындарына, қарапайым жұмысшылар мен қара халыққа жақсы өмір сүрудің жолын көрсетіндер!

Халыққа шын жүректен, жанашырлықпен өмірдің мән-мағынасын үйретіндер! Өздерінің және балаларының денсаулықтарын қалай күту керек екендігін, бақытты отбасылық өмірге қалай қол жеткізуге болатынын, ер адамның әйелге, әйелдің ер азаматына деген сыйластығын, балаларды дұрыс тәрбиелеудің жолын көрсетіп, халықты кез келген істі өз уақытында, тәртіппен жұмыс жасауға үйретіндер! Оларға өзінің және өзгенің ақысына құрметпен қарауды насихаттаңдар!

Осының бәрінде алдымен өздерің үлгі болыңдар! Өз араларыңда және халықпен қарым-қатынаста тәрбиеші болыңдар! Суомиді бір отбасы деп санап, мынаны естеріңде сақтаңдар: Бұл өлкенің ең төменгі отжағатын қызметшісінен бастап, жесір әйелдің өзі Фин халқының бір-бір өкілі және сендердің бауырларың екенін ұмытпаңдар! Халыққа тәрбие мен білім бере отырып, өткені тарих парағына енетін ұлттардың қатарына қосу – сендерді міндеттерің!

Естеріңде болсын, халқымыздың арасына мәдениетсіз, надан, маскүнем, ауру, қаңғыбастар болса, олар сендердің, яғни, зиялы қауым өкілінің кінәсі!»

Бар болғаны бес-он адамнан құралған фин халқының мұғалімдері мен қызметкерлері, дәрігерлері ұлттың зиялы қауым өкілдеріне осылай үн қатып, жазбаша түрде үнпарақ таратты. Бұл топтың ішінде ерекше көзге түскен – Снелман болатын. Ол қыстыгүні «ski» деп аталатын шаңғымен, көктем мен жазда қайықпен, кейде жаяулатып, Финляндияны бір шетінен екінші шетіне дейін аралап, халықтың сауатын ашты. Өлкенің әр жерінде жас-кәрісіне қарамастан, зейінді адамдарды кездестірсе, олармен сұхбаттасып, кітаптар таратып, олардың мекен-жайын алып, хат алысып тұратын.

Снелман барған жерлерінде халыққа түрлі тақырыптарды талқылап, түсіндіріп, тыңдаушылардың көз алдына елестете отырып, шебер баяндайтын болған. Ол көбінесе ойын қарапайым мысалмен түсіндіретін:

«Еліміздің барлық елді мекендерін суару үшін бір-екі арық жеткіліксіз. Бір ғана үйдің бақшасын суаруға бұлақ көзі немесе іргесінде ағып жататын, құрғамайтын су бастауы қажет. Ал, рухани нәрден мақрұм қалған ұлтымыздың шөлін қандыру үшін бірнеше рухани бастауларға мұқтажбыз. Еліміздің барлық жерінде шөлдеген халықтың сусынын қандыратын жанды су көздері болу керек.» - дегенді жиі қайталайтын болған.

Снелман ақылды адамдарды кездестіре қалса, мұндай сәтті қалт жібермей, олардың рухтарын оятып, саналарын сілкіндіріп, олармен жиі хат алысатын болған. Хаттарында біріне насихат берсе, енді бірінің жасаған қателігін ескере отырып, оларға жаңа міндеттемелер жүктейтін.

Снелман бір жерге барған кезде жанына білім беретін достарын алып, олармен пікірталас, басқосулар өткізетін. Ол достарына: «Білесіңдер ме, кендірден жіп иіреді, арқан өреді. Ол үшін алдымен кендірдің өте жіңішке талшығынан жіп жасап алады. Сонан соң, осы жіптердің қосып, қалың жіп иіреді. Бұл қалың жіптердің басын біріктіріп, кемелерді байлайтын арқан өреді. Біздің жасап жатқан қызметіміз де осы арқанға ұқсайды. Ұлтымыздың барлық зиялы қауым өкілдері «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», бірігеміз. Осылайша, екі миллион халқымыз үшін пайдалы болатын үлкен күш біріктіреміз» - дейтін.

Снелман жазғы демалыстарда жан-жақтағы мұғалімдердің басын қосып, екі-үш апталық семинарлар ұйымдастырған. Бұл семинарларға жүзден астам мұғалімдер қатысқан. Алғашқы кезде семинарға өз еріктерімен қатысатындар саны аз болған. Өлкенің шалғай жерлерінде қыс бойы жұмыс істеп, шаршаған мұғалімдер шынтуайтында өз мамандықтарына көңілдері тола қоймайтын. Тіпті, кейбірі «Бұл семинарлар тағы қайдан шықты? Мұғалімдерге семинар беру дегенді кім ойлап тапқан?» - деп күңкілдейтін.

Снелман бұның бәрін білетін, бірақ, оларға ашуланбайтын. Жазғы демалыс семинарында мұғалімдерге ол:

«Достарым, сендердің міндеттеріңнің ауыр екенін білемін. Алыс жерлерде қиыншылықтарға қарамастан, жанкештілікпен жасап жатқан еңбектерің халық тарапынан өз бағасын алмай жатыр. Материалдық жағдайларың да мәз емес. Бірақ, қолдан келер шара бар ма? Естеріңде болсын, біз халқымызды рухани ояту үшін жасалып жатқан істің әлі басында ғанамыз. Білім ордасының алғашқы қарлығаштарымыз. Ұлтымыздың сауатсыздығын жою жолында ауыр жүкті көтеруге тура келеді. Халқымыздың жарқын болашағы үшін жанкештілікпен еңбек етіп, тіпті, керек болса, осы жолда құрбан боламыз. Себебі, біздің алға қойған мақсатымыз осындай жанкештілікті қажет етеді. Сізді де осыған шақырамын. Артық кетсем, кешіріңдер. Десек те, басқа мамандық түрлерінде кездескені сияқты сендердің араларыңда бұл мамандыққа ебі жоқтар кездеседі. Ондайлар өз мамандығының шебері болмақ түгілі, оны менсінбей, ұстаздықты тек күнкөріс көзіне айналдырады. Оларға айтар достық ақылым болсын. Мұғалімдікті тастап, өздеріне басқа жұмыс тапсын. Сауда-саттықпен немесе басқа іспен шұғылдансын. Ұстаздық сынды ұлғатты істі рухы мықты, көңілі ояу, ұлтын сүйетін нағыз шеберлер ғана істей алады. Осы орайда, еліміздің маңдайалды ілім адамдары сендерге бес-алты семинар беруге келісті. Сендер олардың айтқан ақылдарын тыңдап, білімдерінен пайдаланыңдар. Өз мектептеріңе барған кезде шәкірттерге семинарлардан үйренгендеріңді айтып, түсіндіріңдер. Осылайша олардың бойында білімге деген құштарлықты оятыңдар» - дейді.

Снелманның жалынды сөздерін естіген мұғалімдердің көбісі жігерленіп, халық арасында жайлаған сауатсыздық пен надантықты жою жолында оған көмек қолын созып, бірауыздан қолдау көрсетіп, ізінен ереді. Бұл ұстаздардың әрқайсысы біраз уақыт өткен соң, өздерінің тұрғылықты мекендерінде мықты мәдени-рухани күш орнатты. Көп ұзамай-ақ, Финляндияның әр-әр жерінен ұлтының жарқын болашағы үшін өз басын бәйгеге тігетін жігерлі, асқақ рухты жүздеген Снелмандар шықты.

Снелман мұнымен тоқтаған жоқ. Ол сүйікті өлкесі – Суомидің рухани тұрғыда оянуын тек қана мұғалімдерден күтіп, қол қусырып отырмады. Ол денсаулық, суда және өзге де саланың мамандары жиналыс жасап жатыр деп ести қалса, сонда барып, оларға:

«Халықты ұмытпаңдар! Сендер бәрің де халықтан шықтыңдар. Туған халқымыздың кем-кетігін, қателігін жөндеудің жолын қарастыруға бірге атсалысайық!

Халқымыздың рухын ояндырып, мәдениетімізді жоғарылату үшін қандай шара қолдануға болады, соны ойластырайық!» - деп, оларды да туған өлкелерінің дамуына үлес қосуға шақыратын.

## **ШІРКЕУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ**

Снелман поптарға былай дейтін:

«Құрметті Дінбасылар, Шіркеу поптары! Дұшпандарың емес, сіздерден бір балаң ретінде өтінішім: халықтың шын мәніндегі дінбасылары болыңыздар. Дін адамының жай ғана шіркеу қызметкері емес екендігін естен шығармаңыздар. Сіздердің міндеттеріңіз тек діни мейрамдар мен қасиетті күндерде халықтың алдына шығып, сөз сөйлеумен шектелмейді. Иса Пайғамбар, ең алдымен, халыққа адал, таза, жақсы өмір сүруді үйретіп, оларды сүйіспеншілікке, жақсылық жасауға шақырған. Сіздер де күнделікті уағыз жасап, халықпен тығыз байланыста болыңыздар. Тыңдаушыларын мезі етіп, ұйықтатып тастайтын кітаптың сөздерімен сөйлеменіздер. Ойларыңызды жалпыға түсінікті, қарапайым тілмен жеткізіңіздер. Егер, Хазіреті Иса біздің Суомиге келген болса, халықпен қалай тіл табысқан болар еді, бір сәтке соны ойлап, сіздер де солай тіл табысуға тырысыңыздар.

Құрметті Дін Қызметкерлері! Екі миллион фин халқының болашағы үшін сіздерден өтінішім: Қатып қалған сколастикалық философиядан (түбірі лат. тіл. енген «мектеп философиясы» деген мағынаны береді – ауд. Ә.Ө) бойларыңызды аулақ ұстап, халыққа шынайы дінді насихаттаңыздар. Інжілдегі көрсетілген өмір сүру ережелерін жас демей, кәрі демей, барлығына бірдей түсіндіріп, олардың бойында дінге құрмет, Інжіл заңымен өмір сүру мұқтаждығын оятыңыздар!»

Бірде Финляндияның астанасы – Хельсинкиде халық арасында діни наным-сенімнің азаюы мен шіркеуге, дінбасыларға құрмет көрсетілмеуінің себептерін талқылау үшін, епископтардың басқосатынын естісімен, Снелман аталмыш жиында сөз сөйлеуге

рұқсат сұрайды. Епископтар болса, Снелманның сөз сөйлеуіне қарсы шығып:

«Бұл – епископтардың жиыны. Рухбан (христиандықта бір діни ортада дін адамының қызметін атқарушылар – ауд. Ә.Ө) санатына кірмейтін адамға бұл жерде орын жоқ. Оның үстіне, Снелман сияқты шіркеумен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын біреу шіркеудің жоғарғы өкілдеріне не айтып жарытпақшы?!» - дейді.

Снелман бұған жауабын жазбаша түрде жібереді. Ол хатта былай делінген:

Құрметті дінбасылары! Өз басым сіздерге бір нәрсе үйретуден аулақпын. Мен сіздердің қараса көз тоятын, нақышталған, үлкен, бай шіркеулеріңіздің іші неліктен суық болатынын айтқым келген. Сіздер өздеріңіз халықтың діннен, шіркеуден күн өткен сайын алыстап бара жатқанын мойындап отырсыздар, мен мұның себебін түсіндіргім келеді. Менің дауысымды халықтың жанайқайы ретінде қабылдаңыздар. Сіздер мені жиналысқа қатыстырғыларыңыз келмейді. Бірақ, науқастың шағымын тыңдамай оны қалай емдемексіздер?! Осыны ойладыңыздар ма?!

Снелманның хатын алғаннан кейін, оған жиналысқа қатысуына рұқсат берілді. Ол жиында өз кезегінде былайша баяндама жасады:

«Құрметті жиынға қатысушы Дін қызметкерлері! Менің мақсатым – Сіздерді кінәлап, қате-кемшіліктеріңізді жұртшылыққа паш ету емес. Менсіз де дін адамдарын жамандап, кінә тағатындар толып жатыр. Мен поптарды кінәламаймын. Керісінше, ең алдымен, өзімді, қоғамды, халықты кәналаймын. Себебі, поптар көктен түскен жоқ немесе басқа жақтан желмен ұшып, теңізбен жүзіп келген жоқ. Дін адамдары – жақсы адамдар болсын, жаман болсын, біздің қанымызбен қаны, жанымызбен жаны бір бауырларымыз. Сондықтан, дін адамдарын жамандап, қарайлайтындарға мен былай дер едім:

Біздің саудагерлеріміз мәдениетті ме? Аспазшыларымыз, ағаш шеберлері мен темір ұсталарымыз намысты ма? Жалпы, қай мамандықтың иесі жоғары мәдениетімен мақтана алады? Адвокаттарымыз бен парламент мүшелерін, журналисттерімізді өз туған өлкесінің тұғыры болады деп айта аламыз ба? Бұл сауалдарға қарсы сенімді түрде жауап бере алмай, жер шұқып қалатынымыз өтірік емес. Олай болса, басқаларынан не сұрайсындар? Өз арамызда

доңызды сеніп баққызатын сенімді бақташы таба алмай отырып, шіркеуде құрметке лайық поп жоқ деп, неменеге дінбасыларын қаралайсындар?

Мен бұл жиынға дін адамдарына кінә артуға келген жоқпын. Дертіне дауа іздеп, дәрігерге жүгінген науқас адам сияқты, ем іздеп келдім. Сіздерге айтарым: Халық мәдениетсіз, жүрексіз, жалқау, ашкөз. Халықтың ешкімге, ешнәрсеге құрметі қалған жоқ. Халықтың сенімі жоғалған. Барлығына күдікпен, сақтықпен қарайды. Осындай қоғамда дінге орын бар ма? Қандай дін болуы мүмкін бұл жерде? Ол аздай халық арасында ескі бос наным-сенімге сену әлі күнге дейін кездеседі.

Десек те, осы үшін халықты кінәлауға бола ма? Дін жайында халыққа кім, қашан және қалай түсіндірді? Хазіреті Иса мен оның жақтастары халық арасына сіңісіп, оған сағаттар бойы Тәңірді, сүйіспеншілікті түсіндіретін. Сөйтіп олар қарапайым, түсінікті тілмен халықтың рухын жаулайтын. Мындаған адам Исаның артынан еріп, Яхияны іздейтін. Қазір болса, шіркеулер қаңырап, бос тұр. Халық уағыздарға бармақ түгілі, қашады. Неге? Себебі, уағыздар халыққа түсініксіз, жүректеріне жетпейді, ақылға қонымсыз, рухты оятып, көңілді көншітпейді. Бұл қорқыныштың алдын алуды сіздер ойластыруларыңыз керек. Бұл – сіздердің міндеттеріңіз, құрметті дінбасылар!

Сіздерге біздің халықтың рухани ауруға шалдыққанын айтқым келеді. Халық – ауыр науқас. Халықтың діни наным-сенімінің әлсіреуі тек бір ғана шіркеудің проблемасы емес, әрине. Бұл – мемлекет үшін де үлкен қауіп. Жаратқан Тәңірге сенбеген көңіл кедейлігі – рухтың семгендігі. Дінсіздік халық үшін қасиетті саналатын барлық нәрсені өлтіріп, жоқ етеді. Мұның соңы хайуан тәрізді өмір сүруге, ождансыздыққа, менмендікке, жағымпаздық пен жалтақтыққа, адам тәрбиесінің ең төменгі дәрежесіне әкеп соқтыруы бек мүмкін.

Сіздерге – шіркеудің тізгінін ұстап отырғандарға айтарым: халықтың көңілінде Тәңірге деген сенім күннен-күнге азайып бара жатыр. Бұдан қорқынышты не болуы мүмкін? Өздеріңізге, Тәңірге, туған өлкелеріңізге таза жүректі, адал болғыларыңыз келсе, кінәліні басқа жақтан іздемеңіздер. Білімге, пәлсапаға немесе зиялы қауымға да кінә артпаңыздар. Барлық дін өкілдері мен мәзһабтардың екіжүзділері

әрдайым кінә артқан және әлі күнге дейін бұдан бас тартқан емес. Өзгеге кінә артқанша, өзіңізді кінәлап, рухани ем іздеңіз. Тәңірді өзіңіз іздеп, табыңыз. Содан кейін халыққа жақсы өмір сүрудің жолын көрсетіңіз!

Тағы да қайталаймын, жүректерде Тәңірге деген сүйіспеншілік болмаған халықтың күні қараң! Сол себепті, сөзімді сіздерден – епископтардан көмек сұрап аяқтамақшымын. Халықты құтқарыңыздар! Жүректерге тәңірге деген шынайы сүйіспеншілікті енгізудің жолын қарастырыңыздар! Сол үшін күн-түн демей, еңбек етіңіздер!»

Снелман сөзін аяқтап, құрылтайға қатысушыларға сәлем берді.

Оның сөздері жиынға қатысушыларға қатты әсер етті. Кейбір реніш білдіргендер бар дауыстарымен айқайлап:

«Бұл шіркеуге қара күйе жақты. Екіжүзді!!!» - деп айқай салды.

Епископтар болса, Снелманның айтқандарына қосылып, үнсіз бастарын изеген. Снелманның әрбір сөзі олардың көңілінде өткенге салауат айтып, келер күнге деген сенім мен қуаныш ұялатты.

Құрылтайға қатысушы қарт епископтардың бірі Снелманның оқыған мектебінде көптеген жылдар бойы поп қызметін атқарған екен. Ол орнынан тұрып, Снелманға жақындап, маңдайынан сүйіп:

«Рахмет саған. Сен бүгін өзіңнің қарт мұғаліміңді бір қуантып тастадың. Сені көріп, сөздеріңді тыңдап, халқымыздың жарқын келешегін көргендей әсерде қалдым. Туған халқыңның болашағы үшін басыңды бәйгеге тігіпсің. Осындай қиын да, жауапты міндетті орындауда Тәңірім саған жар болсын!» - деп ризалығын білдірді.

Осы оқиғадан соң, епископтар өз қарамағындағы елдімекендерде поптарды жинап, халықты шіркеу уағыздарына қалай тартып, қызықтыруға болатынын талқылады. Дін адамдары мен халықтың арасын жақындатудың жолдарын қарастырды. Көптеген жерлерде поптар бірігіп, Інжілді оқып, оны тереңнен талдап, өз араларында тәжірибе алмасты. Күн өткен сайын мұндай сұхбаттар мен уағыз, басқосулардың саны артып, оған келуші халық та көбейе бастады. Жастар мен жасамыстарды бөлек-бөлек топтастырып, балаларға жастарына сай тілмен түсіндіретін арнайы уағыз-насихаттар пайда болды.



Осылайша халықтың саны да, сапасы да күн өткен сайын жақсарып, семген рухтар жібіп, жүректерге жылылық ұялай бастады. Снелман мен достары халықтың рухани серпілісіне куә болып: «Біз туған халымызды рухани тәрбиелеу жолында қызмет ететін ең тамаша, нағыз көмекшілерді таптық!» - деп сүйсінді.

## **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР**

1816 жылы Финляндия Ресейдің құрамына кірген кезде, келісімшарт бойынша, Финляндия мемлекеті жаңадан Ата заңдарын қабылдап, осы заңға сәйкес Сейм, яғни, финдердің Ұлт Мәжілісі бірнеше құқыққа ие болды. І Александр өз баяндамасында Ресей қол астына кірген финдерді жаңадан қабылданған Ата заң шеңберінде басқаратынына және өзінен кейінгі болатын Ресей басшылары да осы атазаңмен әрқашан санасатынына сөз берді.

Ұлт мәжілісінің ашылуына орай, мемлекеттік қызметкерлердің конгресі ұйымдастырылды. Бұл конгреске Снелман да қатысып, өз кезегінде Финляндиядағы шведтер заманынан бастау алатын қызметкерлердің тарихнамасын түсіндіріп, баяндама жасады.

Снелман аталған конгресте:

«Шведтер өте намысқой, бақытты, керемет сұлу, терең ойлы және парасатты халық. Өз басым шведтерді жақсы көремін, олардың арасында менің көңілімді жықпай, сыйласатын достарым баршылық. Швед азаматының кез келген салада жетістікке жеткенін шын көңілден қалаймын. Әйтсе де, тағдыр тәлкегіне түсіп, жетімсіреп қалған туған өлкеміздің шведтерден егемендік алғанына, өте қуаныштымын. Шынымды айтсам, өз басым, ұлтымның Швед мемлекетінен емес, Швед қызметкерлерінен құтылғаны үшін өзімді бақытты сезініп тұрмын.

Себебі, Финляндиядағы швед қызметкерлері Финляндия үшін де, Швеция үшін де – екі жаққа бірдей кесірін тигізді.

Швецияның мемлекеттік қызметкерлері еңбекқор, ақылды, тәрбиелі адамдар. Бірақ, бұл жердегілер (финляндиядағы шведтер)

мүлде басқаша. Швед мемлекеті деп көптеген басқа мемлекеттердің жасаған қателіктерін қайталап, қызметкерлерді жетілдіру саласында бірнеше келеңсіздіктерге жол берді. Олар ең сапалы, тәжірибелі қызметкерлерін үлкен қалалар мен орталықтарға орналастырып, шалғай орналасқан аудандар мен қыстақ, елдімекендерде тәжірибесіз мамандарды жіберетін.

Барлық ұлттарда кездесетіні сияқты, кейбір бай швед отбасыларында да жалқау, қабілетсіз, ешқандай жұмысқа жарамсыз, ішкілікке құмар жастардың толқыны пайда болған. Барлық білім ордаларынан шеттетілген, ешбір қызметке қабылданбаған, саудамен де айналысуға ебі жоқ, қара басына пайдасы жоқ, еңбек етуді қаламайтын, тіпті талпынбайтын мұндай жастар ата-аналарының жиып-тергенін оңды-солды шашып, ақыры болмағасын, әке-шешелері билікке сөздерінің өтімділігін пайдаланып, қолдарынан түк келмейтін балаларын таныс арқылы Финляндиядағы жоғары қызметтерге орналастырып келді.

Осындай жолмен, елімізде қызмет тізгінін ұстап отырған мыңдаған, тіпті одан да көп мамансымақтардан болашақта қандай жетістік пен нәтиже күтуге болатынын өздеріңіз де іштей сезіп отырған боларсыздар?!

Орта мектепті жартылай «әуірімдеп» жүріп бітірген надан және тәрбиесіз мамандар уақытының көбісін қызмет орнында емес, құмарханалар мен мейрамханаларда өткізетін.

Бұл қызметкерлер жұмыс істеуге құлықсыз, тіпті жұмыс істегілері келсе де, оның көзін тауып істей алмайды. Өздерінің міндеттерін толық түсінбегені былай тұрсын, жауапкершілікті сезінбейтін мұндай адамдар қарапайым халықпен бетпе-бет келе қалса, тәкаппарланып, өздерін халықтан жоғары ұстауды ғана біледі. Күнделікті жұмыстарына кеш келіп, ерте кетеді. Жұмыс уақытында достарымен бас қосып, кофе ішіп, шылым шегіп, газет оқып, өздерін қызықтыратын бір тақырыпты тауып алып, бос әңгімемен уақыт өткізгенді жақсы көреді.

Бір мәселенің шешімін іздеп келген адамдарды бірнеше сағат бойы есіктеріне телміртіп қояды. Хатшылары кезек күтіп отырған адамдарға:

«Бастық қазір бос емес. Жиналыста. Күте тұрындар!» - деп, зекиді. Қарапайым халық күні бойы күтуден әбден жалығып, мезі болады. Олардың сол сәттегі түрлеріне қарасаңыз, құтты түйекұс сияқты, көздері қызарып, амалы құрып, жігерлері құм болған. Қойшы, әйтеуір не керек, бірнеше сағатқа созылған телміруден соң, бастықтың қабылдауына кіреді. Дегенмен, бұл қабылдаудың осыншалық сарылып күтуге татымайтынын бастықтың алдына кірген кезде ғана түйсінеді. Себебі, кірген адам енді ғана келген себебін айта бастағанда, бастық:

- Бүгін менің уақытым тығыз. Ертең кел, - деп қысқа қайырады.

- Өтінемін, мен алыстан келіп едім. Мүмкін өтінішіме құлақ асарсыз,- десе,

- Не деген сөзге түсінбейтін адамсың. Айттым ғой, ертең кел! – деп ашуланады.

Әлгі адам:

- Шынымды айтсам, мен күнде келе беруге жолақысына төлейтін ақшадан да қиналамын, көп күтетін уақытым да жоқ – деп, жағдайын түсіндіруге тырысқанымен, бастықсымағымыз:

- Сізге ертең кел дедім ғой! Неге сөзге түсінбейсіз? Тезірек бөлмені босатыңыз! – деп, шығарып салады.

Сонан соң, қызмет бөлмесінен шығып, бір жерге көңіл көтеруге барып, қымбат шараптарды судай сіміріп, сұлу әйелдермен уақыт өткізеді. Сөз жоқ, мұндай қайғысыз-қамсыз өмір кешу үшін көп қаражат қажет. Осы себепті көптеген мемлекетке қатысты маңызды мәселелер құмарханалар мен көңіл көтеретін орындарда жүрдім-бардым қаралатын болды. Ел арасында билік басындағы қызметкерлер жайлы түрлі алып-қашпа әңгімелер тарап, халық болашағынан түңіліп, өз араларында:

«Мұнай адамды Стокгольмнан мынадай жауапты қызметке қалай жіберген? Бұл масқара қанша уақытқа созылады?»- деп, жоғары жаққа шағымданады. Жергілікті басқарушыларға көңілі толмайды, оларға наразы. Бірақ, халықтың үнін еститін құлақ жоқ. Ақыр соңында халық та мезі болып:

«Мемлекет қызметкерлерінің өзі түрлі заңсыздықтарға жол беріп отырғанда, біздікі бос әурешілік қой. Ендеше, біз де мүмкіндікті қалт жібермей, қара басымызды күйіттеп, қандай жолмен болса да, өз

мақсатымызға қол жеткізуіміз керек», - деп, осының салдарынан қоғамда түрлі заңсыздықтар белең ала бастайды.

Снелман сөзін былайша сабақтады:

Қазіргі таңда, салыстырмалы түрде, біз – бақытты адамдармыз. Себебі, күн өткен сайын біртіндеп, жер-жерде өзіміздің фин ұлтының оқыған өкілдері түрлі салада қызмет тізгінін ұстап отыр. Мамандар жетіспеген жағдайда шведтердің тәжірибелі, сапалы мамандарын таңдап ала аламыз.

Әрқайсысыңыз, маман ретінде, қызмет орындарыңызда мейлінше жаңа жүйемен жұмыс жасаңыздар, ескі жүйенің сарқыншақтарын тазалап, жаңа әдістерді енгізіп, іске асырыңыздар. Ескі жүйенің ешбір ізі қалмайтын болсын. Халқымыз әрбір маманның өз еліне, туған өлкесіне адал қызмет ететінін сезінетін болсын. Қандай да бір істің шешімін табу үшін көмек сұрай келген адамға сізді шағып алатын жәндікке қарағандай, үрке қарамаңыздар. Қолдарыңыздан келгенше, халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, оларға жәрдем беріп, жылы жүзбен қарсы алып, шығарып салыңыздар. Егер бір отандасымыздың талап-тілегі орындалмаса, ол сіздің көмек қолын созбағандығыңыздан емес, заңға қайшы болғандықтан, жүзеге аспағандығына халық күмәнсіз сенетін болсын.

Болашақ ұрпақ тәрбиесінде мұғалімдер қаншалықты жауапты болса, мемлекет қызметкерлері де халықты тәрбиелеу жолында соншалықты жауапты екендіктерін түйсініп, соған сәйкес қызмет атқару керек.»

Осы сөздерден кейін, Снелман мысқылдай күліп, өзін тыңдап отырған көпшілік қауымға:

- Елімізде кең етек жайған заңсыздықтың ұстаздары кім, білесіздер ме? – деп сауал тастады.

Артынша өз сұрағына өзі былай жауап береді:

«Олар – заңды шығарып, оны қабылдайтын мемлекет қызметкерлері. Халыққа заңға бағыну керектігін үйретушілер. Сондықтан, құрметті мемлекет қызметкерлері, жаң Финляндия мемлекетінің атынан сіздерге мынадай өтінішім бар: Ұлтымыз бен заңымызға құрмет көрсетудің үлгісі болыңыздар. Қарапайым халықпен мейлінше шынайы әрі әділ болып, екіжақты сенімге қол жеткізіңіздер.»

Бұл Снелманның халық алдында алғашқы да соңғы да сөз емес еді. Ол қай жерге барса да, сәті түсе қалса, қызметкерлерге осы сынды тақырыптарда сөз қозғайтын. Оның бұл еңбегі нәтижесіз қалған жоқ. Біртіндеп, халықтың мемлекет қызметкерлеріне деген сенімі оянып, оларға құрмет көрсетіле бастады.

Арада біраз жылдар өткен соң, Фин қызметкерлерінің жалындаған жап-жас, жаңа буыны пайда болды. Олар білімі, тәрбиесі, терең түсініктері мен парасат – пайымдарымен жан-жақты дами отырып, күллі әлемге өздерін мойындатып, өзгелерге үлгі бола білді. Қазіргі таңда Финляндия халқы өз мемлекет қызметкерлерін мақтан тұтады.

## КАЗАРМА

Финляндия Швецияның қоластында болған кезде, Финдердің өздерінің Атазаңы, «Сейм» деп аталатын Ұлттық Мәжілісі және ұлттық валюталары болған. Сондай-ақ, шектеулі әскери күшке ие болған.

Финдер Ресей қоластына өткеннен кейін де бұларды сақтап қалды. Шведтер басқарып тұрған кезде Ұлттық мәжіліс пен әскери күш және ұлттық валюта қорын швед ұлтының өкілдері басқарған. Осы тұрғыдан алғанда, Финдер Швед мәдениетінің өміршең болып, дами түсуі үшін қолданатын жанды құралы болған.

Финляндия Ресей қоластына кірген күннен бастап – ақ, Финдер жоғарыда аталған бірлестіктері мен қорларын өз меншігіне алып, туған өлкесінің шын мәніндегі иесі болу жолында күресті бастап кетті. Олар ең алдымен, бастауыш, орта және жоғары білім ошақтарындағы швед мұғалімдері алып, орнына фин мұғалімдерін тағайындады. Сонан соң, өз ұлт өкілдерінің арасынан дәрігерлер мен мемлекет қызметкерлерін дайындауға кірісті. Кіші Фин әскерінің құрамы да жергілікті ұлт өкілдерінен жасақтала бастады. Шведтер заманында қатардағы әскер құрамында бірең-сараң фин өкілдері болғанымен, қолбасшылық шендегілер барлығы дерлік швед ұлтының өкілдері болатын.

Шведтер – қаһарман халық. Реформа кезінде Густав Адольф және Үлкен Петро заманында XII Шарль Швед әскерінің даңқын бүкіл Еуропаға танытқан болатын. Десек те, ол кезде шведтердің әскери күші ақсүйектердің қолында болған. Олар өзгелерді (мемлекет қызметкерлері мен саудагерлерді, өзге де қоғамның зиялы қауым өкілдерін) мұрындарын шүйіріп, менсінбейтін. Әскери күш құрамында да қарапайым отбасынан шыққан әскерлерге ерекше қатал тәртіп орнатылған.

Офицерлер болса, өз әскери міндеттерін өтеуге құлықсыз. Бар болғаны әскерлерді сапқа түзеп, әскери жиындар өткізіп, казарма өмірімен ғана шектелетін. Басқа пайдалы ешнәрсемен айналыспай, есесіне бос уақыттарында ішкілік ішіп, домино ойнап немесе би билейтін болған. Олардың көбісінің әскери білімдері жеткіліксіз, орта мектептен кейін, білімдерін жетілдірмеген. Өздері үлгі тұтатын идеалдары да болмаған. Бар білгендері, қылыштарын айға білеп, бос әңгіме айту. Ақшаларын оңды-солды шашып, шыттай болып киініп алып, қыдырып, би билеуде алдарына жан салмайтын, ішкілік пен құмар ойындардың жанкүйерлері болған. Әскерлерге жекіп, ауыр сөздер айтып, оларға «казарманың өгіздері» деп, келемеждеп, әлімжеттік жасайтын болған.

Снелманның бастамасымен, Финляндияның жас зиялы қауым өкілдері мемлекеттің әскери күшіне ерекше көңіл бөле бастады. Әсіресе, Отан алдындағы борыштарын өтеп жүрген сарбаздардың білімі мен біліктілігіне, тәрбиесіне жан-жақты назар аударылған соң, күн санап ұлттық армияның да деңгейі өсе бастады. Нәтижесінде лицейлердің озат, үлгілі түлектері, тіпті университет түлектерінің өзі, әскери мектептерге барып, білімдерін жетілдіретін болды. Олар бір жағынан әскери борыштарын өтеп, екінші жағынан өздерін ер азамат ретінде жан-жақты дамыта білді. Снелман әскер құрамындағы жастардың үнін халық пен билікке жеткізуде олардың ең жақсы «аудармашысы» бола білді. Ол әрдайым өзі қатысқан жиналыстар мен жазған мақалаларында төмендегі пікірлерді тілге тиек ететін:

«Сырт көзге мәдениеттің шыңына қол жеткізгендей болып көрінген ұлттар мен ұлыстардың өзі түсіністік пен бейбітшілікте өмір сүру үшін қажетті мәдениет пен парасаттың жоғарғы сатысына қол жеткізе алмаған. Мұның айқын дәлелі, әлі күнге дейін айуандық пен

кек алу сияқты жабайылық адамзат қоғамында жалғасын тауып келеді. Мұндай қорқынышты толқындарға кеуделерін тосқан адамдар өз құқықтарын қорғау үшін қарсы шығып, осылайша қоғамда түрлі қақтығыстар белең алады. Отанды қорғау үшін жанын пиде етуге даяр тұратын әскери күшті басқару оңай емес. Ондай күш сөзсіз, аса қадірлі әрі қымбат. Мемлекет шекарасына жүзін бұрып, кірпік қақпастан міндетін орындайтын әскерлеріміз – туған халқының тыныш ұйқысы мен бейбіт тіршілігінің кепілі.»

Снелман, әскери күш жайында:

«Әскерилер өздерін дін жолында құрбан етуге дейін баратын дәруіштер сынды. Біз әскер емеспіз, сол себепті Отанымызды түрлі қауіптен қорғайтын «жанды қорғандар» - сарбаздарымыздың қадіріне жете алмай келеміз. Бұл «жанды қорғанды» тұрғызуда қолданылған әрбір кірпіш пен құмның түйірі бір-бір адам баласы. Олар – біздің өмірімізге қауіп төне қалған жағдайда, өз бастарын өлімге тігуге дайын жандар.

Көшеде, дүкендерде немесе шайханаларда әскерлерді кездестіре қалсам, оларға:

«Менің әзіз бауырларым! Сендер менің және туған халқымыздың азаттығын қорғау үшін, осындай ауыр міндетті арқаладыңдар. Құдай сендерге жар болсын!» - деп айтқым келіп тұрады.

Казармадағы әскердің әрқайсысын жарқылдаған жанды алмасқа теңер болсақ, жыл сайын борыштарын өтеп болған соң, мыңдаған «алмас» отбасына жарқылынан айырылып, жүздері сынық болып қайтады. Яғни, мыңдаған сарбаздарымыздың әскери борышын өтеу кезінде денсаулықтарына зиян келетіні де шындық. Осылайша бүтін алмастарымызды өз қолымызбен сындырып алып жатамыз. Бұл біздің мемлекетімізге үлкен сын,» - дегенді жиі айтатын.

Снелманның бұл үндеуін естіп, оқыған офицерлер:

«Біздің Ұлттық Қарулы Күшіміздің жаңаруы керек. Әрбір әскери борышын өтеп жүрген сарбаз казармада бордақыланып жатқан мал емес! Олар біздің өмірде көргені аз, тәжірибесіз інілеріміз, бауырларымыз деп қарауымыз керек. Отанымыз оны білімі мен тәжірибесін жинақтасын деп, әскер қатарына жіберген. Бұл сарбаздарымыз әскери борыштарын өтеп болған кезде, Отанымыз бізге: «Сарбаздарды қалай дайындадыңдар? Сендерге аманат ретінде

берілген жүз мыңдаған жас жеткіншекті қалай тәрбиеледіңдер?» - деп сұрайды.

Офицер сарбаздар оның мұғалімі әрі тәрбиешісі, қажет болса, ақыл-кеңесін аямайтын арқа сүйер ағасындай болуы керек. Олардың әрқайсысы – офицерлерге берілген аманат. Әрбір офицер – қарамағындағы әскерлердің денсаулығы мен барлық мұқтаждықтарына жауапты адам. Сарбаздардың ойлау жүйесінің дұрыс қалыптасуына ықпал ететін де, жүрегінде отансүйгіштік қасиетті оятатын да, олардың биік парасатты, тәрбиелі болып, туған халқына мейіріммен қарайтын сүйіспеншілік сезімін бойына сіңіретін де – офицерлер» - деп, осындай жаңа міндеттер жүктелген фин халқының жас офицерлері үлкен жауапкершілік талап ететін үлкен міндеттемелерді орындауда жүрексіңбей, керісінше:

«Біз тек соғыста ғана емес, бейбіт күнде де туған өлкемізге пайдалы бола аламыз,» - деп, жігерлене түсетін.

Ертеректе әскери казарма деген кезде халық тіксініп қалатын. Көпшілік жиналған жерде тәртіпсіздік орнай қалса, «Мырзалар, сіздер казармада тұрған жоқсыздар ғой», «Мына жерден казарманың иісі шығады», «Байғұс казармада болып келіп, бұзылып кетіпті» деген сияқты жағымсыз пікірлер жиі айтылатын. Жаңа жүйемен білім алып, тәрбиеленген жас офицерлер бұл сөздерді естіген сайын намыстанып, өздерінің кәсіби деңгейлерін дәлелдеуге тырысып бақты. Олар:

«Жаңа әскери казармалар жаңалыққа толы болады! Біз барлық әскери казармаларды халықтың ең сенімді білім орнына айналдырамыз. Тіпті, бұл казармалар, әскерде болған әрбір ер азаматтың өмір бойы сағынышпен еске алатын, жастық шағының ең жарқын сәттеріне айналатын болады. Уақыты келгенде ел аузында казарма туралы: «Күдайға шүкір, әскерге барып, нағыз азамат болып келіпті.» «Ол бұл тәрбиені казармадан алған.» «Әскерге барып намысқой, еңбекқор, жоғары мәдениетті болуды үйреніпті» деген жылы лебіздер ғана еститін боламыз» - деп жігерлене түсетін.

Осындай мақсатты ұстанған жас офицерлер оған қол жеткізу үшін түрлі жаңа әдістер ойлап тауып, казармадағы ескі жүйені түбегейлі өзгертуге білек сыбана кірісті.



Финляндия Шведтердің қол астында болған кезде казармалардың іші өте лас, қолқаны қабатын қоңсыған иіс әбден сіңіп қалған, жағдайы өте нашар болатын. Әскерлердің киімі жұпыны, олардың күнделікті ішіп-жем тамақтары да тойымсыз, дәрумендері өте аз тағамдармен қоректенетін болған. Татымы жоқ тағамға тәбеттері болмаған сарбаздар дұрыс тамақтанбағандықтан, түрлі ауруға шалдығатын болған. Офицерлер мен өзге де әскери шенділер курсанттардың ішіп жемі мен киім-кешектеріне бөлінген қаражатты үнемдеп, оларды адам құрлы көрмейтін. Өз араларында ауыздарына келгенді айтып, қалай болса, солай сөйлеу сарбаздар үшін үйреншікті жағдайға айналған.

Қазіргі кезде бұл жайттар түбегейлі өзгеріп, ең алдымен, казарманың дуалдары боялып, ауасы тазарып, бақшасына гүл отырғызылып, терезелеріне перде ілініп, босағада кіреберісте төсеніштер төселіп, сарбаздардың барлығы күн сайын мәжбүрлі түрде моншаға баратын болған.

Жеке бас гигиенасы мен қоршаған орта тазалығына үйренген соң, сарбаздардың ішкі рухани тазалығы қолға алынды. Шведтердің тұсында Финляндия қит етсе, «Швед сияқты маскүнем адам!» «Швед еркегі сияқты ұрысады!» деген сөздер халық арасында кең тараған еді. Мұның себебі де жоқ емес. Шведтер заманында көбінесе маскүнем еркектер, әскерлер, генералдар – барлығы дерлік қуанышын да, ренішін де жаман сөзбен жеткізу әдетке айналған. Бүгінгі жағдай мүлде басқаша. Себебі, фин халқының жаңадан жасақталған жас сарбаздары қолдарын жуып, адал ас ішіп, күнделікті тіс тазалығына мән беретін болған. Тіс тазалығына әдеттенген соң, тілдерін де тиып, былапыт сөздер қолданбай, өз араларында барынша мәдениетті болуға талпынады. Ертеректе тек әскерлер ғана емес, офицерлердің өзі дауыс көтеріп сөйлеуді қаһармандыққа балап, мұны казарма өмірінің бір бөлшегі деп қарап, неғұрлым боқауызды көп қолданса, сонысын өздерінше жетістік көретін.

Қазіргі фин әскерлері болса, казармаға мүлде жаңа леп алып келді. Олар:

«Казарма - біз үшін қасиетті ұғым. Поп үшін – шіркеу, мұғалім үшін мектеп қаншалықты қымбат әрі маңызды болса, біз үшін казарма соншалықты қымбат. Сондықтан да, біз бұл жерде барынша тәрбиелі болып, басқаларға үлгі болуға міндеттіміз!

Казарманы маскүнемдер мекеніне немесе боқауыз сөз айтылатын жерге айналдыруға ешкімнің қақысы жоқ. Казарманың ішінде кез келген жерге түкірмей, төсек жабдықтарына зиян тигізбей, жаман сөздер айтпай, ауыздарыңа ие болып, өзгелердің де құлақтарын кірлетуші болмаңдар. Қалай болса солай сөйлеу иттің үргенінен де жаман естіледі. Бұл – рухани мәдениетсіздіктің белгісі! Нағыз жігіт екендіктеріңді дәлелдеудің басқа да лайықты жолдары бар. Мәселен, жүзуді, күресті, т.б. үйреніп, спортпен шұғылданыңдар.

Көпшілік жиналған жерде өздеріңді мәдениетті ұстандар, пайдалы кітаптарды көп оқыңдар. Оқығандарың мен тыңдағандарыңнан нәтиже шығарыңдар», - деп, сарбаздарды жақсылыққа баулитын.

Осындай тәрбие мектебінен сусындаған жас сарбаздардың әрқайсысы уақыт өте келе, бір-бір білімді ұстаз болып шықты. Күнделікті дәрістерден бөлек әрбір офицер қарамағындағы әскерлерді тәрбиелеу үшін күніне арнайы бір-екі сағат көңіл бөлетін. Оларға түрлі ойындар мен қызықты курстарды, түнгі кітап оқу сағаттарын ұйымдастырды.

Әскерлік борыштарын өтеп, елге оралған азаматтарға қандай іспен шұғылдануға болатыны жайында кеңестер беріліп, осы жайы баяндалған кітаптар оқытылып, сарбаздарды үлкен өмірге дайындайтын.

Олар әскерден қайтқан сарбаздар үшін қарапайым өмірдің мәнін ұғынуға жол ашатын пәлсапалық көқарастарын қалыптастыра білді:

«Болашақта барған жерлеріңде құдды басын топыраққа тығып алған түйеқұс сияқты, өзгені тыңдауға құлықсыз адамдармен кездесесіңдер. Олар адам сияқты өмір сүрудің не екенін толық түйсінбеген, көргені тым аз, тіпті кітаптан да оқымаған болуы мүмкін. Қайтадан олардың қасына барып, баяғы қалыптарыңа түсер болсаңдар, өздеріңде де, бізді де ұятқа қалдырасыңдар. Ол жерлерге жаңа өмірдің жаршысы болып барыңдар. Шалғай жерлерде өмір сүріп жатқан адамдардың рухын сілкіндіріп, оятыңдар. Онда жаңа түсіністік пен бейбіт өмірді мәдениет пен еңбекті ту еткен қоғам құрыңдар.

Әр қоғам мен буын өкілдерінің арасында батырлығымен, қайсарлығымен ерекшеленген тұлғалар болған. Қазір де олардың ұрпақтары арамызда өмір сүріп жатыр. Ондай текті жандар қажет болса, ел басына күн туған кезде қасық қандары қалғанша күресуге сөз

бере алатын қаһармандар. Бейбіт күнде Отанымыздың жарқын болашағы үшін қызмет ету оның азаттығы үшін соғысумен пара-пар. Сол себепті еліміздің келешегі үшін аянбай еңбек етуіміз керек.

Топырақты қалай игересіңдер?

Дәнді-дақылдарды қалай егесіңдер?

Жан-жануардың еті мен сүтін, орманның ағашын қалай пайдаланасыңдар?

Ер азаматтар мен әйелдер қалай тіл табысады?

Ата-аналар өз балаларын қалай тәрбиелейді?

Өмір сүру салтын жүйелі түрде қалыптастырған ұлттар мен ұлыстарда бұл сұрақтар қалай шешім тапқан? Бір байқап көрейік. Ағылшындардың маталары, чехтердің әйнектері, ирландияның қойлары, француз шараптары, Данияның сары майы, Брюссельдің қолөнер туындылары, орыстардың тондары, шведтердің сіріңкесі неліктен дүниежүзінде жоғары сұранысқа ие? Себебі, бұл бұйымдардың ең сапалысы осы елдерде шығарылады. Біз болып, сіз болып, болашақта әлем мойындайтын сапалы бұйымдар шығарып, еліміздің даңқының шығуына үлес қосуға міндеттіміз.

Әйтсе де, ондай жетістікке жету үшін халқымыздың көзін ашып, жол көрсететін адамдар қажет-ақ. Олар кімдер болмақ? Ол үшін өлкеміздің шалғайларында батпаққа батып жатқан ормандарға дейін барып, жанкештілік танытатын жандар бар ма?»

Әскерлердің көңілін елең еткізіп, рухтарын оятқан бұл сауалдардың жауабын офицерлер өздері беретін:

«Сіздер! Иә, бұл бастамаларды алғашқы болып сендер жасайтын боласыңдар! Міне, сол кезде ғана отбасыларың, ауыл-аймақ пен Отанымыз сендердің ұзақ уақыт казармада өткізген уақыттарыңнан ұтпаса, ұтылмайтын болады. Керісінше, сенердің осында үйренгендеріңнен олар да үйреніп жатса, біздің кеңесіміздің бір кәдеге жарағаны. Сіздер казармаға алғаш келген кезде өңделмеген темір сынды болсаңдар, қазір, балқытылып, белгілі бір қалыпқа енген, жүрегінің жалыны бар жігерлі жас болып қайтасыңдар!»

Табиғаттың сыйынан мақрұм қалған Финляндияның батпақдаласында фин халқының жас офицерлері бар ынта-жігерлерімен туған өлкелеріне қалтқысыз қызмет ететін білімді, күшті де қайратты жастарды осылайша тәрбиелеп шығарды.

Әскерлер өздерінен жасы үлкен офицерлерді мақтан тұтып, құрметтейтін. Әскерлік борыштарын өтеу барысында оларды ренжітіп алмас үшін, барынша мұқият болуға тырысып-бағатын.

Олар өздерінен әлсіздердің әрекеттерін қадағалап, өзгелерге де зияны тиіп кетпеуі үшін, бір-біріне қамқорлық көрсететін.

Сарбаздар борыштарын өтеп, елге оралғаннан кейін де, офицерлерімен хабарласып, оларды жиі еске алып, хат арқылы елде болып жатқан жаңалықтармен бөлісіп отыратын.

Туған ауылдарындағы жаңа, жарқын өмірдің бастауы жайлы айтып, өздерінің болашаққа жоспарларымен бөлісіп, офицерлерден ақыл-кеңес алып отыратын.

Шалғай жерлерге жете бермейтін жаңа басылымдарға жазылып, жаңа шыққан кітаптарды жіберулерін өтінетін.

Офицерлер мен сарбаздардың бірігіп қолға алған жұмыстарының нәтижесінде шалғай жатқан елдімекендер мен әскери казармалардың арасында екіжақты шынайы байланыс орнады. Осылайша Финляндияның түкпір-түкпірінде денсаулық пен мәдениетке шақыратын жаңа өмір салты жан-жақты насихаттала бастады.

Әскери казарма халықтың түсінігінде қорқынышты жер емес, керісінше, мақтауға лайық жақсылықтың жаршысына айналды. Финляндияның түкпір-түкпірінде отбасында бұзықтық жасай қалған балаларына ата-аналар:

«Тезірек әскерге баратын жасқа жетсең, казарманың тәрбиесін алсаң, нағыз адам болар едің!» - дейтін болды.

Мұны естіген көршілер де құптап:

«Иә, әскерге барса, жақсы болары сөзсіз. Мұндай тәртіпсіздерді казарма адам қылып шығарады. Көрдің бе, Пеко Юксон, Руди Антонен де әскерге барып, нағыз азамат болып келді. Олардың бұрын қандай болғанын бәріміз де білетінбіз. Тіпті адам болмайтын шығар деп ойлайтынбыз. Сіздің балаңыз да солар сияқты әскерге барып, жөнделіп, әлі – ақ нағыз азамат болады. Себебі, әскери казарма біздің балаларымызды бізден жақсы тәрбиелейді.» - дейтін болды.

Ауылдың ақсақалдары да осы пікірді қолдап:

«Иә, иә, ол рас. Бұрындары біз қалай байқамағанбыз? Өмірде көп қателіктерге бой алдырыппыз. Қазіргі жастарымызға қарап, шүкір дейміз. Олар өмірдің мәнін жастайынан ұғынып өсіп келеді.

Жастарымызды осындай тәрбиелі әрі білімді етіп шығарған әскери казармалар бұрынғыға қарғанда әлдеқайда өркендеп, дамыған» - дейтін.

Түсініктеме: Қамырдың ашытқысы неғұрлым сапалы болса, қамыр да соғұрлым тез көтеріледі. Казармалар да құтты ашытқы тәрізді, неғұрлым әскери тәрбие сапалы болса, жастарымыз саналы болып, сол арқылы халықтың рухы тез сілкініп, көтерілетіні сөзсіз.

## **ФУТБОЛ**

Наполеон билік басына келген күннен бастап, Еуропада соғыс аз болған жоқ. Ол Еуропа мемлекеттерінің барлығына дерлік соғыс жариялады. Әсіресе, Англияны жеңуді көздеді. Ағылшындар болса, өз кезектерінде Наполеонды биліктен кетірудің түрлі жолдарын ойластырып, бақты.

Наполеон Еуропамен қатар, Ресейге де қыр көрсетті. Француздармен соғыс болуы мүмкін деп қауіптенген Ресей, 1808 жылы Швециямен арада болған соғысты тоқтатты. Көп ұзамай – ақ, тарихта танымал болған Ресей мен Франция арасындағы қызыл – қырғын соғыс басталып та кетті. Наполеон бар әскери күшін біріктіріп, Мәскеуге дейін келді. Бірақ, осы тұста орыстардан тойтарысқа ұшырап, кері шегінуге мәжбүр болып, Францияға қайтты. Францияға келісімен, қайта қол жинап, бұрынғы әскери күшті қалпына келтірудің амалын қылды. Бірақ, Наполеонның ең басты қарсыласы ағылшындар барлық Еуропа халқын француздарға қарсы қойды. Осы соғыста Наполеон тұтқынға түсіп, Сент – Элен деп аталатын аралға жер аударылады. Ұзақ жылдар бойы Наполеонның жорықтарынан мезі болған бүкіл Еуропа жұртшылығы бұл хабарды ести сала, бөріктерін аспанға атып, қуанышқа кенелді. Осы оқиғадан соң, барша еуропалықтар ағылшындардың күш жігеріне тәнті болып, олардың әрбір ісін өздеріне үлгі ете бастады. Тіпті ағылшынның бар болмысы сәнге айналды.

Еуропалықтардың кішкентай балалары мен жас жеткіншектері үлкендердің қылықтарын дұрыс – бұрысын сараламай, ішкілік ішіп,

шылым шегіп, жаман сөздер айтып, ағылшындар өмірінің күлкілі және зиянды тұстарын айны қатесіз көшіріп, қайталап, қысқа уақыт ішінде, ағылшындардың көшірмесіне айналды.

Еуропаның байлары болса, ат жарыстарында қомақты ақша тігіп, виски ішіп, ағылшындардың киім үлгісімен киініп, шаш үлгілерін ағылшынша қысқартатын болды. Жастар жағы бар ынтасымен ағылшынның спорт түрлеріне, әсіресе, футболға беріле бастады. Толыққанды білім алмаған Еуропа жастары футбол десе ішкен астарын жерге қоятын болды. Футболдан ләззат алып, оның қызығына құныққан байдың балалары оны өнер мен білімнің деңгейіне дейін көтеріп жіберді. Халықтың футболға деген қызығушылығын одан әрі қоздыра түсу үшін, білімсіз журналист қауым өкілдері де құдайдың құтты күні футболдың жарнамасын жасаудан бір тынған жоқ.

Бұл жайт Снелманның тұсында Финляндияда да етек жая бастады. Фин жастары әлі де болса бәрі бірдей жан-жақты терең ойлап, жақсы мен жаманның парқын ажыратуға қауқарсыз, мәселенің байыбына барып, терең ойлануды білмейтін. Финляндия Ресейдің қоластына өткен соң, фин халқы шведтерге қарсы кек сақтап, оларға соғыс ашу сынды ойлардан ада болды. Өздігінен ойлануға енжарлық танытатын фин жастары бірі қалмай, футболға құмарта бастады. Футбол ойнау жұқпалы дерт сынды күннен-күнге жер-жерде, тіпті шалғай ауылдарда да сәнге айналды. Бүкіл бір буын өкілінің ойы мен ерік – жігерін, сана-сезімін билеген футбол дауасыз дертке айналды. Барлық жерде футбол бірлестіктері мен ұйымдары пайда бола бастады. Снелман мен оның жастақтары болса, елде белең алып бара жатқан бұл жайтқа бей-жай қарап отыра алмады. Себебі, жастардың ойлау қабілетін нашарлатып, тек екі аяқтарына күш түсіретін спорттың бұл түрі рухани тоқырауға себеп болуы әбден мүмкін еді. Ұлттың жас буын өкілдерінің мәдени және рухани оянғанын қалайтын отансүйгіш азаматтар бір-біріне:

«Мұндай тек аяқ пен қолдары ғана жұмыс істейтін жастар болашақта ұлтымыздың мәдениеті мен рухани дамуына қандай пайда келтірмек? Елімізге аяқ-қолдары емес, рухы мен сана-сезімі шыныққан адамдар қажет. Отанымыздың дамуына бұлар қалай қызмет етеді?» - деп құмандана сауал қоятын.

Снелман бір кездері Испанияда көптеген адамдардың фантастикалық шығармаларды оқып, ақыр соңында әлгі адамдар сол

кітаптардан әсерленгендері соншалық, соған еліктеп, қиял ғажайып әлемдегідей өмір сүреміз деп жұртышылыққа мазақ болғанын және ол жайында Сервантес өзінің атақты «Дон Кихот» атты шығармасында сөз етіп, сол адамдарды күлкілі кейіпкер ретінде суреттей отырып, халықтың көзін ашуға талпынғанын есіне түсірді.

Снелман мен оның достары:

«Испанияның атақты жазушысы еліктегіштікті шығармасының өзекті тақырыбы етіп алып, жазуға мәжбүр болғанына қарағанда, кейбір жастарымыздың осындай ақылға сыймайтын қияли іс-әрекеттерінің өзі көз жұма қарауға болмайтын жайт» - деген ойға келді.

Сервантес адамдардың қиял-ғажайыпқа негізделген шығармаларға қызығуының себебі олардың ойлау қабілеттерінің төмендігі және өздері ойлауға ерінетін жалқаулықтарының белгісі деп ұғынған және оны өз шығармасы арқылы халыққа түсіндіруге тырысқан. Себебі, Сервантес мұндай шығармаларын жазған кезде испандықтар өздерінің артта қалған мемлекеттерін дамытудың жолдары мен ел экономикасын, мәдениетін, сондай – ақ, әлеуметтік мәселелердің оң шешімін тауып, қажетті шараларды қолға алуға құлықсыз болатын.

Осы тұрғыдан алғанда, олар ойлау қабілеттерін, өз мүмкіндіктерін толық қолданбағандықтан, рухани жалаңаштанған еді. Сан мыңдаған адамдар күні бойы қиял ғажайыпқа өрілген, шындықтың ауылынан алыс фантастикалық романдарды оқып, уақытын босқа өткізетін және сол шығармаларды оқығаны үшін, бір істі тындырғандай өздеріне көңілі толатын болған.

Ол өлкеде мәдениет саласында еңбек етіп, зейнет жасына жеткен адамдарды да кездестеру мүмкін емес – ті. Халықтың сана-сезімі селт етпей, қалың ұйқының құрсауында қалған. Күн өткен сайын білімсіздік пен кедейлік өрши түскен. Мемлекет өз күшін жоғалта бастаған. Қалың бұқараның мәдениеті мен экономикасы құрдымға бет алған. Осындай сын сағатта халыққа рухани тоқыраудан шығудың жолын көрсететін бірілі-екілі сауатты адамдар әлгі қияли шығармаларды оқып, бар болмастарымен сол әлемге еніп, өздерін бақытты сезінгесін, жай халық қайдан оңсын?

Снелман іштей:

«Дәл қазіргі таңда жазушылардың жазғандарын біздің халық түсініп, олардың лайықты бағасын беруге өресі жете қоймасы анық. Бүгінгі қоғамның ергежейлі рухты адамдарының жасап жатқан арзанқол саясаты мен түкке тұрғысыз пікірлерін ашық айтып, халықтың көзін ашатындай шығармалар туғызатын жазушылар қажет-ақ. Шынайы өмірді күлдіре отырып, түсіндіріп, жеңіл тілмен халықтың жетесіне жеткізетін Сервантестей шебер жазушымызда жоқ. Дегенмен, дәл Сервантес сияқты туындыны жаза алмасақ та, шамамыз жеткенше солардың жасаған үлкен істерін біз де жасай аламыз. Туберкулез, холера сияқты жұқпалы дерттерді тасымалдаушы микроптар көзге көрінбегенімен, өте қауіпті. Олар кішкентай болғанымен, бүкіл бір мемлекеттің адамдарын құртып жібере алады. Ал қоғамның айықпас дертіне айналып отырған рухани микроптар болса, осы аурулардың микроптарынан бірнеше есе қауіпті.» - дей ойлайтын.

Финляндия батпақты жерде орналасқандықтан, туберкулез бен безгек сынды жұқпалы дерттің ошағы ушығып тұрған еді. Қарапайым халық арасында безгекпен ауырғандардың саны күн санап артып, өкпе құртына шалдыққандардың көбісі өмірмен қош айтысып жататын. Бұл сырқаттарға қарсы күрес басталып та кеткен. Снелман:

«Бұл күрес аздық етеді. Бізде бұдан басқа адамдардың сана-сезімін, ойлау қабілетін кеміріп жатқан жұқпалы аурудың рухани түрі де кең етек алып барады. Сырқаттың бұл түрі күн өткен сайын жастарымызды құрдымға айдауда. Бұған қазір тоқтау қоймасақ, бес, он, он бес жылдан кейін ұлтқа төнген қауіптің алдын алуға қауқарсыз боламыз. Сол себепті бізге тән сырқатымен қатар, жанның жұқпалы ауруларымен де күресуге тура келеді.» - деген сөздерді жиі айтатын.

Бір күні Финляндияда ең ірі футбол клубының 10 жылдық мерейтойын тойлауға арналған мемлекеттік деңгейде жарыс ұйымдастырылып, үлкен жиын өтетін болды. Бұл жиынға түрлі спорт салаларының мамандары да қатысты. Снелман да достарымен бірге осы жиынға келген. Ол Финляндияның ең ірі спорт қауымдастығының өкілі болып саналатын. Бұл жиында да Снелман сөз алып, жиналған жұртшылыққа өз ойын, көзқарасын ашық айтты:

«Біздің жастарымыздың спортқа қызығушылығы мені қуантады. Қандай да бір ақылға қонымды әрекетке өз басым қолдау көрсетуден



жалыққан емеспін. Пәлсапа ілімінің отаны саналатын Грекияда да күрес, көркем гимнастика сияқты спорт түрлері қатар дамыған. Денені шынықтыру адамның физикалық мүмкіндігін арттырып, дене бітімін сұлуландыра түсері сөзсіз.

Қалалық жерлерде еш қозғалыссыз бірқалыпты күн кешкен адамның бұлшықеттері шау тартып, буындары босап, денсаулығы нашарлап, қанайналым жүйесі әлсіреп, күнделікті өмірде енжарлыққа бой ұрып, жалқау бола бастайды.

Германияда мектеп жасындағы балалардың көбісі көзілдірік киеді. Демек, олардың көру қабілеттері нашарлаған. Олардың арасында бойлары бүкірейген, сүйектері әлсіз, қолдарының күші азайған, бет-әлпеттерінде қан-сөл жоқ, солған өсімдік сияқтыларды жиі кездестіруге болады. Олардың солғын жүздерін көрген сәтте, қолдарынан жетектеп, табиғат аясына апарып, кең далада еркін тыныстатып, жалаңаяқ жүгіртіп, таза ауада серуендеткің келеді.

Ежелгі гректердің заманында Сократтың замандастары үш қағиданы қатаң ұстанған.

Бірінші, ешқашан ешнәрседе тым астамшылыққа бармау, екінші, кез келген жайтты сыңаржақты ойланудан аулақ болу, үшіншіден, барлық нәрсе белгілі бір өлшеммен дер кезінде жүзеге асуы керек деген принцип болған.

Сократтың замандасы Аристофан философтардың тек ой еңбегімен шектеліп, дене шынықтыру мен еңбек етуге келгенде енжарлық танытатындарын өткір сын садағына алған. Ол өзінің жазған шығармаларында бастары білімге толы екі аяқтылар мен құрғақ теорияны талдаудың шеберлерін аяусыз сынап-мінеген.

«Гуливердің саяхаттарының» авторы Джонатан Свифт болса, құрбақалар тәрізді әдбен ісініп, алып адам боламыз деп ойлаған ергежейлілерді мазақ етеді. Сондай – ақ, Свифт лапуттарды да кекесінмен суреттейді.

Лапуттар дегеніміз – бастары үлкен, мойындары арық, денелері ілмиген, ебедейсіз жаратылыс иелері. Олар кітаптағы қатып қалған формулалар мен геометриялық фигураларға сүйеніп, сол шеңберде ғана өмір сүретін болған. Яғни дене бітімдері қаншалықты көзге қораш, қалай ыңғайсыз көрінсе, өмір сүру қағидалары да ақылға қонымсыз.

Енді өз Отанымызға оралсақ. Осыншалық жан-жүрегімізбен сүйетін туған өлкеміздің Лапуттар мен Лилипуттардың мекеніне айналуын қалайсыздар ма? Бізге ергежейлілер де, лапуттар да керек емес.

Біз, финдердің аяқтарының күшті болғанын қалаймыз, бірақ ақылдарының әлсіз болғанына қарсымыз. Тек аяқ күшіне ғана сенетін, жарым-жартылай ойлайтын адамдар біздің халқымызға үлгі бола алмайды. Біздің идеалымыздағы азаматтарымыз ондай емес.

Сіздер футболдың Финляндияда дамығанын көріп қуанып жатырсыздар. «Күшті аяқ» атты футбол командамыздың көршілес жатқан Швеция, Норвегия, Данияда, тіпті сонау Мажарстанда өткен кездесулерде жеңіске жеткенін мақтан етесіздер. Мен сіздің бұл қуанышыңызға қосыла алмаймын.

Себебі, мен біздің сүйікті Суомиімізде «Күшті ақыл», «Үлкен істер», «Үлкен істердің бастамасы», «Ең сапалы жұмыртқа», «Ең сапалы дәнді дақыл», «Кір шалмаған ар-ождан», «Жаңашыл ойлар», «Өміріне риза халық» деген сияқты аттарды иемденген қауымдастықтарың пайда болғанын қалаймын.

Мен жас финдердің тек мажарларды ғана емес, француздар мен ағылшындарды да жеңгенін қалаймын. Бірақ, біз тек футболда ғана емес, сапалы біліммен, жоғары өнер туындыларымызбен, сауда-саттық саласында және мемлекеттің өзге де салаларында олардан оқ бойы алда болуымыз керек.

Мұндай маңызды даму кезеңінде тек футболшыларымыздың аяқ күштеріне сенетін болсақ, алысқа бара алмаймыз. Қарсымыздан допты қайтару үшін бас керек, бірақ ең мықты бас, біле-білсеңіздер, ол – қошқардың басы.

Мен фин жастарының бар-жоғы қошқардың басы сияқты мықты басқа ие болғанын мақтанатын жайт деп санаймын.

Атақты Сократ Пен Херкульдің суретін салып, салыстырып көріңіздер. Сократтың маңдайы кереқарыс, нағыз философтың бейнесін көруге болады. Кең маңдайлы адамдардың ойлау қабілеттері де өзгелерге қарағанда кең болады. Ондай адамдар терең ойлы болады. Сократ сондай адам болған.

Енді салыстыру үшін Херкільдің суретіне қарасаңыз, ең алдымен ірі денесі көзге ұрады. Бұл оның батырлығы мен күшінің белгісі.

Әйтсе де, ондай адамдар күшті ақылға ие болмайды. Яғни, қара күштің иелері терең ой мен рухани байлыққа келгенде кедей болады.

Әлбетте, мен бұл мысалды айтқанда, сіздерге Сократтың немесе Херкульдің екеуінің бірінің басын таңдаңдар деп тұрғаным жоқ. Айтқым келгені, аяқтарыңды жұмыс істеткен кезде, Сократ сияқты бастарыңды да жұмыс істетіңдер.

Барлық істер дер кезінде орындау қажет. Десек те реті келгенде көңіл көтерген де дұрыс. Финляндияға тек доп ойнайтын адамдар керек емес. Бізге Фин мемлекетін экономикалық, әлеуметтік, мәдени және рухани тұрғыда дамытатын адамдар керек.

Мәдени тұрғыда артты қалған ұлттар мен ұлыстардың өмір сүру салтына еліктеп, оларды көшірмелеуден аулақ болыңдар. Парижге барғандар кафелерді, Германияға барғандар мейрамханаларды, Анталияға барғандар футболды үйреніп келеді. «Біреудің сасығы біреуге таңсық» демекші, үйренгеннің жөні осы екен деп, не болса соған еліктеуші болмаңдар. Әр нәрсені ақыл таразысына салып, екшеп, ішінен ең пайдалысын алуға ұмтылған жөн. Еуропадан ғылымды үйренуге талпыныңдар.

Фин жастары! Сендердің міндеттерің аяқтарыңмен допты аспандату емес. Сендердің басты міндеттерің – ұлтымыздың рухы мен намысын аспандату! Сол арқылы сүйікті Отанымызды барлық салада дамытып, шын мәнінде бақытқа кенелту!

Естеріңде болсын: Дені саудың – жаны сау. Ал жаны сау адамның рухы әрдайым асқақ болары сөзсіз!

## **ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ**

Снелман мен достары Финляндияның халқын рухани ояту үшін жас ұрпақты тәрбиелеуге бар күш-жігерлерін сарқа жұмсады. Жастар мәселесі Снелманның ең жақсы көріп, ерекше көңіл бөлетін тақырыбы еді.

Снелман кейде жастарға ренжіп, ашуланғанымен, үлкендер жастарға кінә арта қалған жағдайда үнемі жастарды жақтайтын. Ол үлкендерге қарата:

«Кінә жастарда емес, сіздерде! Сіздер жастарды қалай тәрбиелесеңіздер, олар солай өсіп-жетіледі. Олардың әрбір іс-әрекеті - (жағымды-жағымсыз) сіздердің берген тәрбиелеріңіздің нәтижесі. Жастарға қандай тәрбие бердіңіздер?» - деп, олардың өздерін тығырыққа тірейтін.

Аналар күнделікті ыдыс-аяқ пен балаларының кір-қоңын жуып, тазалық жасап, ас әзірлеуден қолдары тимей, әкелер болса, саудасаттықпен, фабриканың жұмыстарымен шұғылданатын. Олар жұмыстан қолдары қалт ете қалса, түннің бір уағына дейін шайханалар мен түнгі клубтарда карта ойнап, балаларының тәрбиесін соңғы кезекке қалдыратын.

Олар үшін туған балаларының тәрбиесімен айналысу зеріктіретін іс тәрізді болып көрінетін. Балаларымен оңаша отырып сөйлеспейді, олардың не нәрсемен айналысып жүргенінен бейхабар. Бар білгендері, өздерінің көңілдері қалаған сәтте балаларының басынан сипап, оларға тәтті мен ойыншықтар алып беріп:

«Ал, енді бір шетте дыбыстарыңды шығармай, үлкендердің мазасын алмай, ойнаңдар» - дейтін.

Басқаша айтқанда: «Не істесендер оны істендер, әйтеуір біздің басымызды ауыртпаңдар» - дегені.

Өңделмеген егіс алқабының құнарсыз болатыны сияқты, толыққанды тәрбие мен мейірімге бөленбеген баланың да өсе келе рухани сана-сезімі кемелдікке жете алмай, адамзатқа да пайдасы шамалы болады.

Отбасында сирек те болса, жақсылық, әдемілік, сүйіспеншілік сияқты тақырыптар сөз болғанымен, мейірімге бөленбей өскен балалар болашақта қоғамнан өз орнына таба алмай, қиналады. Көбінесе ата-аналар туған балаларының рухына азық болар мейірімге толы сөздерді айтуда сараңдық танытып жатады. Олардың күнделікті қайталай беретін жаттанды сөздері болса, балаларының рухына әсер етуден қалған.

Шынтуайтында, толыққанды отбасы мен көкелері, тәтелері, нағашылары сияқты жақын туыстары болса да, тәрбиелері қадағалаусыз қалған бала рухани жетімдікке ұшырайды. Көбінесе отбасы үлкендері балаларына ішіп-жемі мен киім-кешегін қамтамасыз етсек, сол да жетер деп ойлап, балалардың рухани тәрбиесін, назардан тыс қалдырады.

Мұндай мейірімге қанбай өскен балалардың ержеткен де жаман әдеттерге тез бой ұрулары таң қаларлық жайт емес. Ол аздай, ес біліп, етек жия бастаған кезде отбасында түрлі кикілжіндерге куә болады.

Үлкен қалалар мен аудан орталықтарында жас жеткіншектердің істеген бұзақылық әрекеттеріне куә болған үлкендер: «Бұл не маскара? Мына жүгермектер бізге күн көрсетпейтін болды ғой» - деп зар қағады.

Құрметті ата-аналар! Бір сәтке ар-ождандарыңызға есеп беріңіздер. Бұл бұзақылар қайдан шықты? Олардың отбасыларында жақсы тәрбие алып, өнегелі адам болып шығуы үшін қандай жағдай жасадыңыздар?

Үлкендер балаларға: «Өтірік айтпа, адамдарды алдау күнә болады» - деп, өздері бір-бірін алдап күн кешеді. Яғни, олардың сөздері мен істері қабыспай жатады.

Балалар ондай өтірікті тез аңғарады. Алғашқыда ата-анасының неге бұлай өтірікке жол беретінін түсіне алмай, дал болады. Кейіннен мұндай жағдай бірнеше рет қайталанғанын көрген соң, ата-анасының сөзі мен ісі әрдайым сәйкес келе бермейтініне көздері жетеді.

Осылайша, ержеткен кезде бала мен ата-аналарының арасында сенімсіздік пайда болады да, ата-аналарының айтқанына құлақ аспайтын болады.

Ата-аналар болса, туған балаларына сөзі өтпей, дымдары құрып, шарасыз халге түседі. Өздерінің мұндай халге түсулеріне кінәліні басқа жақтан іздейді. Шын мәнінде мұндай жағдайдың орын алуына бір кездері өздері үлес қосқанын ойламайды да.

Балаларды ұрысып, жазалаумен тәртіпке бағындырам деу бос әурешілік. Олардың үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін азамат болып шыққанын қаласаңыздар, айтқан сөздеріңіз бен істеріңіз қабысатын болсын.

Кейбір ата-аналар отбасында киген киімдеріне, аяқ-қолдарының тазалықтарына мән бермейді. Балаларының көзінше жыртық, кір киімдермен қалай болса, солай жүре береді. Тіпті кейбірі балалардың көзінше ұрысып, жанжалдасып, ауыздарына келгенді айтады. Бір-біріне құрметпен қарау дегенді ұмытқан. Ол аздай, анасы балаларына:

«Көрдіндер ме, сендердің әкелерің қандай оңбаған адам екенін» - десе, әкесі де қалыспай: «Сендердің шешелеріңнің түрі мынау!» - деп, бір-бірін жерден алып, жерге салады.

Балалардың көзінше басқаларды ғайбаттап немесе өз пайдаларын көздеп, қызметте жоғарылау үшін т.б. кімдерге қанша сыйлық жасау керек деген сынды тақырыптағы әңгімелерді айтпау керек.

Отбасында осы сынды жайттарға куә болып өскен балаңыздан он бес, жиырма жылдан соң мақтан тұтарлық азамат шықпаса, түк те таң қалмаңыз. Бір сөзбен айтқанда, «Ұяда не көрсе, ұшқанды соны іледі». Осыны әрдайым естен шығармаңыздар!

Ата-аналар ойланыңыздар, сіздер балаларыңыздың тәрбиесімен бірге болашақта самғап ұшар қанатын қомдап, баптадыңыздар ма? Әлде керісінше, олардың қанатын түбінен өз қолдарыңызбен қырқып тастадыңыздар ма?

Балалары есейген сайын әрбір ата-ана олардың болашағынан үлкен үміт, өмірінен тек жақсылықтар күтеді. Ұлдарының жоғары білімді инженер, дәрігер немесе заң қызметкері болғанын қалайды. Қыздары бай, ауқатты жерге келін болып, қайғысыз-қамсыз өмір сүрсе деп тілейді. Олар балаларының бақытты болуының кілті – жоғары қызметтің тізгінін ұстау немесе бай жерге келін болуда деп есептеп,

сол мақсатқа жетудің түрлі жолдарын қарастырады. Осылайша ата-ана балаларының болшақта рахат өмір сүрулері үшін ең дұрыс шешімді қабылдадық деп ойлайды.

Лев Толстой бұл жайында былай дейді:

«Өмірдегі келеңсіздіктердің ең басты себептерінің бірі мынау: Әрбір адам материалды және рухани тұрғыда қайғысыз-қамсыз өмір сүргісі келеді, бірақ, өкінішке орай, оған қол жеткізу үшін еңбек ету керектігін естен шығарып жатады.»

Кім де болса, саналы ғұмырында жақсылықтарға кенелсем деп ойлайды, бірақ өзі басқаға жақсылық жасау керектігін ұмытады. Кейбірі жағымпаздықпен өзі аңсаған байлыққа, жақсылыққа қол жеткізсем деп ойлайды. Осындай оймен әркімге бір жағымпазданып, жалтақтаумен өмірдің соңына қалай келгенін білмей қалады.

Ондай ата-анасы болған бала да өскенде соны қайталайды. Олардың бойында ашкөздік, тойымсыздық, қолда барына қанағат етпеу сынды қасиеттер көрініс табады. Мұндай қасиеттерді балалардың бойына сіңірген кім? Әрине ата-анасы!

Бұндай жастар өздерінен басқа ешкімге сенбейтін, өзімшіл болып өседі. Олардың бойында Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік сезімі де көрініс табуы екіталай. Өзге түгілі өз туғандарына да қайыры жоқ қатыгез жандар осындай жастардан шығады.

Не ексең, соны орасың! Егер жастардың рухани тәрбиесін дәнді дақыл себілмеген егістік сияқты өз еркіне қалдыратын болсаңыз, болашақта ол жерде жеміс орнына тікен өсіп шығары сөзсіз.

Ата-аналардың балаларының жүрегін жақсылыққа құштар етіп тәрбиелеудің орнына, оларды өз еріктеріне қалдыруы ешқандай ақылға сыймайтын, ар-ождан алдында да кешірілмейтін жайт. Тіпті бұл – балалардың болашағына жасалған қиянат. Десек те, балаларымыздың дұрыс тәрбие алуы тек ата-анамен шектелмеуі керек. Мұндай маңызды мәселе мемлекеттік деңгейде қолдау тауып отыруы қажет.

Заң шығарушы органдар ондаған заң шығарғанымен, халық қалаулылары сайлау кезінде халыққа қалағанынша уәде бергенімен, үйдегі балаларымыз дұрыс тәрбие алмай, үлкен өмірге өз білгендерімен қадам басатын болса, парламент пен барлық жоғары мекемелердің ешбір проблемасы ешқашан дұрыс шешімін таппайды, қабылданған заңның да еш пайдасы болмайды. Себебі, тәрбиелері

солқылдақ жас мамандар болашақта саясатта да солқылдақтық танытатын болады. Мектептер жастарымызға білім берудің орнына олардың ой-санасын, жүрегін жасандылыққа баулитын болады. Баспасөз қызметі болса, көшеге шығып тәнін саудалаған жөзекшелерді еске түсіретін болады. «Аш бала тоқ баламен ойнамайдының» кері келіп, қарапайым халық ұлттың элитасы саналатын жоғарғы санат өкілдеріне жек көріп, жиіркенішпен қарайтын болады.

Біздің жас мемлекетіміз сіздерден болашақта мұндай нәтижені күтпейді. Финляндияның болашағы жарқын болады. Еліміздің әрбір азаматының қарыны тоқ, көйлегі көк өз өмірлеріне риза болып ғұмыр кешетін болады. Ол үшін осы бастан отбасылық өміріміз бен ұлтымыздың өмірін айырылмас бір бүтін деп санап, сол жолда күресе білуіміз керек.»

Снелман мен достары ауыл-аймақтар мен қалаларда осыған ұқсас жүздеген жиындар жасап, халықты жақсылыққа үндеді. Мұндай жүректен шыққан жалынды сөздерді тыңдаған ата-аналар балалары мен жастардың тәрбиесіне жіті мән беріп, олардың алдындағы ата-аналық парыздарын барынша орындауға тырысып бақты. Олар көптеген жерде ата-аналар қауымдастығын құрып, үлгерімі мен тәрбиесі нашар балаларға қамқорлық көрсетіп, көмек қолдарын созды. Тәжірибелі педагогтар мен психологтарды шақырып, бірлесіп балалардың проблемаларын екі жақтап шешуге жұмыла кірісті. Бала тәрбиесіне осыншалықты жауапкершілікпен қараған соң, көп ұзамай-ақ, ата-аналардың еңбегі нәтижесін беріп, көптеген мәселелер шешіле бастады.

Финляндияға аты шыққан тәжірибелі педагогтар мен психологтар туған өлкелерінің түпкір-түпкірін аралап, бала тәрбиесіне қатысты семинарлар беріп, халықтың сауатын ашты. Олар бұқара халыққа баланың жан дүниесінің ерекшеліктері мен нәзік тұстарын түсіндіріп, олармен тіл табысудың жолдарын көрсетті.

Осындай жанкештілердің арқасында, әрбір Фин отбасы жылдар бойғы ұйқысынан оянып, ұлттық рухтары сілкініп, дамудың жаңа әрі жарқын жолына бет алды.

Олардың бұл әрекеттері құтты бағбанның егіннің бітік шығуы үшін бақшаны баптаудың жолын көрсеткені сынды, барша халыққа пайдалы болды.



Мейірім мен сүйіспеншілікке бөленген бақша ағаштарының берері мол, берекесі көл-көсір болары даусыз.

## **ХАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Фин халқының жас зиялылары да Снелманның жанына біртіндеп жинала бастады. Бұл топқа жаңа мәдениеттің жаршылары мен туған халқының болашағына қалтқысыз қызмет етуге бел буған жастар да қосылды.

Снелман бастаған топқа ХелсингФорс университетінің профессорлары, шалғай ауылдардың мұғалімдері, саудагерлер мен фабрика иелері, ғылым докторлары мен адвокаттар да қосылды. Олар күн өткен сайын Финляндияның барлық аймағында халыққа қызмет етумен болды. Бұны олар еш пайда көздеместен, пендешіліктен ада, таза ниетпен, ынта-ықыласпен жасады.

Олар күн-түн демей еңбектеніп, туған ұлтының мәдениетін дамыту жолында күш жігерлерін сарп етті. Бұл еңбектері үшін атақ, мансап та күткен жоқ.

Халықтың қолындағы ескі кітаптарды жинап, олардың арасынан сапалыларын іріктеп, шалғай жердегі ауылдарға таратып, ұлттың сауатын ашты. Алғашқы кездері екі-үш аптада бір рет, кейіннен жексенбі сайын қарапайым халықты жинап, оларға түсінікті тілде әдебиет, медицина, экономика және мәдениет тақырыптарында семинарлар ұйымдастырды.

Бұл бастамаға өз еріктерімен қосылған мұғалімдер, жер-жерден келген зиялылар мұрындық болды. Осылайша бұл өлкеде бұрын-соңды болмаған Халық университеті пайда болды. Бұл университеттің мұғалімдерінің көбісі шетінен от тілді, орақ ауызды шешен, жалындаған жастар еді. Олар туған ұлтының өкілдерін жинап, әртүрлі тақырыпта қызықты әрі тартымды семинарлар өткізді. Мұндай семинарлардың тыңдаушылары білмегендерін үйреніп, туған өлкесінің қандай да бір қажетіне жарау үшін, оның дамуына қызмет етуге құлшына кірісті. Бұрындары бақуатты адамдар байлықтарының бір бөлшегін шіркеуге беретін болса, енді олар білім қорлары мен тәрбие

саласына қолдау көрсете бастады. Тіпті кейбір байлар үйлерін кітапхана, конференцзал ретінде халыққа қолданысқа берді.

Қарапайым халық та қол қусырып, қарап қалған жоқ. Олар алыстан ат арытып келген семинар мұғалімдерімен шын жүректерінен қолдағы барымен бөлісті. Ел арасына семинар беруге келген профессорлардың айтқан сөздеріне дән риза болған ауыл адамдары оларға май, бал, жұмыртқа, өздері жасаған қолөнер бұйымдарын әкеліп: «Мынаны біздің атымыздан қабыл алыңыздар, отбасыларыңызға апарыңыздар. Сіз біз үшін мыңдаған шақырымды артқа тастап осында келдіңіз. Біз де сізден қолымызда барымызды аямаймыз. Сіздің бізге берген қымбат ақыл-кеңестеріңіздің қасында бұлар түкке тұрғысыз, әрине» - деп, ақтарынан жарылды.

Халық университетінің құрылғанына жиырма бес жыл толған кезде Снелман тұратын Куопио қаласында мемлекеттік деңгейде үлкен шара ұйымдастырылды. Аталған салтанатты шараның соңында Финляндияда «Тосап патшасы» деген атпен танымал болған Ярвинен бір сағатқа жуық баяндама жасады. Жиылған халық ұзақ мереке соңында шаршағандарына қарамастан, Ярвиненнің әрбір сөзін тапжылмай, бар ынта-ықыластарымен ұйып тыңдады.

Ярвинен сөзін былай бастады:

«Мен бір кездері кедейшіліктің дәмін татып, саудамен айналысып жүрген көпшіліктің бірі едім. Бала кезімде күніне бір себет тәтті нан сататынмын. Өсе келе базардың бір бұрышынан орын алып, шекер саттым. Ірі саудагерлер маған несие алуыма көмектесіп, құны бірнеше мың теңгені құрайтын тәтті нан, сағыз, кептірілген жемістерден беретін. Мен бұларды келісілген мерзімде сатып, несиемді дер кезінде жабатынмын. Менің қарызды уақытылы қайтарғаныма риза болған саудагерлер болашақта жеке сауда орнымды ашуыма көмектесетіндіктерін айтатын.

Ол кездері менің қарным тоқ, күнделікті кіріс көзім бар, бұған қоса өзімнің кішігірім бөлмем де болатын. Бір адамның өмір сүруіне қажетті нәрсенің бәрі болса да, өз жағдайыма көңілім толмайтын. Әрдайым рухым жетімсіреп тұратын. Терең ойға берілген сәттерімде, өз-өзіме: «Алақандай дүкенім бар. Күнделікті сауда жасайтын тұтынушыларым да белгілі. Кірісім анау айтарлықтай көп те емес.

Қашанға дейін осылай жүреді екенмін? Бүкіл ғұмырым осылай өте ме сонда?» - деуші едім іштей.

Ярвинен профессорларға бұрылып, сөзін сабақтай түсті:

«Мырзалар! Біраз тағы сабыр етіп, менің басымнан өткен хикаяға құлақ салыңыздар. Әрине, бала кезінде тәтті нан сатқандардың бәрі бірдей өсе келе мен сияқты «Тосап патшасы» бола қоймас және кез келген қыстақтың баласы үлкейгенде туған қыстағында театр ғимаратын салуға қажетті он мыңдаған қаражатты бере алмайды. Бұл аз десеніз, алдарыңызда тұрған Ярвинен сияқты туған қыстағында газет шығаруға қажетті шараларды жүзеге асыра алмайтыны да рас.

Мен бұл жасаған игі істерімді өзімді жарнамалау үшін айтып тұрғаным жоқ. Оның үстіне, бұл жер адамдардың өздерін жарнама жасайтын орын емес. Сіздердің алдарыңызда менің бейнемде фин ұлтының өкілі тұр деп есептеңіз. Мен бұл жерде сіздердің алдарыңызға орман мен батпақдаланы мекен ететін, барынша еңбекқор Фин ұлтын танытқалы шығып тұрмын. Бұл халықтың арасында мен сияқты талай Ярвинендер бар екеніне өз басым шүбә келтірмеймін. Олар әлі күнге дейін орманда ағаш кесіп, тауларда тастарды қопарып жүрген болар.

Мүмкін, олардың бір кездегі мен тәрізді өмірлеріне көңілдері толмай жүрген болар? Біз қиыншылықтан және еңбек етуден қорықпаймыз. Өзімізден ауқатты өмір сүретін жандарды да қызғанбаймыз. Тек Ярвинен сияқтыларға бір қалыпты өмір тарлық қылатыны сөзсіз. Себебі, олардың рухы жаңашылдықты аңсап тұрады. Бұдан да жақсы, жарқын өмір сүргілері келеді. Жан-жағына сәулесін шашатын күн тәрізді олардың жаны жақсылыққа, жаңалыққа жаны құмар. Олардың рухтары қайнап тұр. Бірақ шығар жол таба алмай қиналады.

Былтыр Оңтүстік Италияға барып, тосап жасау үшін бір кемені толтырып апельсин сатып алдым. Онда бірнеше күн болып, Наполи қаласына жақын маңдағы Везу деп аталатын жанартауға бардым. Жанартаудың атқылап жатқан сәтіне жақыннан куә болып, бақыладым. Буырқанып, тасып жатқан жанартауға қарап, жастық шағымды есіме алдым. Сол кездегі ойларымды, жалынды сәттерімді жадымда тағы бір рет жаңғырттым. Жанартаудың ішіндегі қайнап жатқан сұйықтық таудың төбесіне біресе көтеріліп, біресе қайта төмендеп бүлкілдеп

жатыр. Бұл сирек көрініске қарап тұрсаң, жанартаудың ішінде бір үлкен тажал мекендеп отырғандай көрінеді. Әлгі жоғары көтеріліп, төмен түсіп жатқан қайнаған сұйықтық сол тажалдың тынысы тарылып, демін ішіне тартқан тұстағы бейнесін елестетеді. Жанартаудың аузы жерастында бірігіп қалған қуат көздері үшін тым тар сынды. Сол себепті, қайнап жатқан вулкан қайта-қайта сыртқа ұмтылатындай көрінді маған.

Мен де бір кездері осы жанартаудай өз кеудеме өзім сыймай, жалындап тұрушы ем. Қазір фин ұлты да осы жанартау сияқты жоғарыға талпынып жатыр.

Мына алдарыңызда тұрған Ярвинен босла, осы жанартаудай жұлқынған жас ұлттың айырылмас бір бөлшегі!

## КАРОКЕП

Ярвинен сөзін әрі қарай былайша сабақтады:

«Мырзалар! Осыдан тура он бес жыл бұрын бірнеше рет қылмыс жасап, бүкіл Финляндияны шулатқан Карокеп естеріңізде ме?» Ол ұры әрі аты шулы қарақшы болатын. Үлкен қалалардағы банктер мен шіркеулерді тонайтын. Полицейлерге ерегісіп әдейі ұрлық жасап, еш жазығы жоқ адамдарды айуандықпен өлтіретін. Кезекті қылмыс үстінде ұсталып, ақыл-есінің бүтін екендігін тексеру үшін мәжбүрлі түрде жындыханаға жатқызылды.

Карокеп жындыханадан қашып шығып, ізім-қайым жоқ болды. Кім біледі, мүмкін артынан қуған кезде полицейлердің атқан оғынан ауыр жараланып, мерт болған болар. Кешегі күнге дейін бәріміз де осылай ойлап келдік. Бірте-бірте Карокептің аты да айтылмайтын болды. Уақыт өте келе халық оны ұмытты.

Мырзалар! Сол Карокепті өткен жылы Италияда болған кезде, Наполиде өз көзіммен көрдім. Ол дін аман.

Алғашында мен оны танымадым. Шынымды айтсам, мен де оны баяғыда қайтыс болған шығар деп ойлайтынмын. Бір мейрамханада түстеніп отыр едім, жаныма келіп, сәлемдесті. Қасында үш баласы бар. Үш ұлы да фин ұлтының өкілі деп танытса, көз тоятындай сұлу да

сымбатты екен. Ұзын бойлы, кең иықты, жирен шашты, көздерінің түсі тұнық көлдің суындай көгілдір. Қараған адамды еріксіз өздеріне баурап алады.

Италияндықтар оларды Аполлонның ұлдары деп атайды екен. Үшеуі де Еуропаның беделді үш университетінде білімдерін шыңдап жатыр екен. Үлкен ұлы Швецияда орман шаруашылығы мамандығы бойынша білімін жетілдірсе, ортаншысы Германияда болашақта химия мамандығын игеріп шықпақшы. Ол «Отын мен майды химиялық құрамдарына қарай өңдеуден өткізу» деген тақырыпта ғылыми конференцияға қатысып, Германияның атақты Университетінің бірінде зерттеу жұмысы жоғары бағаланып, болашағынан үлкен үміт күттіретін химия маманы деген бағаға ие болыпты.

Ақылды, сымбатты әрі жоғары мәдениетті бұл үш жас жігіт бір кездері қарақшылықпен аты шыққан Карокептің ұлдары. Ертеректе баспасөз бетінде Карокептің отбасы бар екенін, бірақ, әйелі мен балалары оның өткен өмірінен бейхабар екендіктерін, Карокептің өзі болса, өнегелі отағасы, мейірбан әке болғандығы жайында оқыған едім. Кейін ел Карокептің отбасында ұмытты. Карокеп бостандыққа шығысымен, жанашыр достарының көмегімен отбасын Америкаға көшіріп алыпты. Жұбайы Америкаға бара жатқан жолда ауыр науқастан көз жұмыпты. Үш ұлын өзі тәрбиелеп, бағып-қағып, оларға әрі әке, әрі ана болып, балаларымен бірге сауатын ашып, өзі де білімге ден қойыпты.

Карокеп атын да өзгерткен. Бірақ оның жаңа есімін атағанды жөн көрмей тұрмын.

Ұлдарын ертіп, Италияға саяхатқа келген екен.

Ол атын да, азаматтығын да өзгертіп, екінші Отаны болған Оңтүстік Американың бір мемлекетінде саудамен айналысып, уақыт өте келе, сол елдің «Бидай патшасы» атаныпты. Қазір шіріген бай. Оның байлығының қасында мына алдарыңызда тұрған «Тосап патшасының» байлығы түк те емес.

Балалық шағымыз бен жастық шағымызда Карокеп екеуміз өте жақын дос болғанбыз. Екеуміздің де әкеміз кедей еді. Мен Карокеппен бірге өстім. Тағдырдың ісіне не шара? Екеуміздің әкеміз бір уақытта дүние салып, бірдей жетім қалдық. Жесір аналарымыз бізді жетектеп, қалаға әкелді. Мені бір наубайханашының жанына көмекші қылып,

жұмысқа орналастырды. Карокеп болса, көтерме саудамен айналысатын бір бай саудагердің көмекшісі болды. Ол саудагер үй-үйді аралап, тері жинап, сыртқа сататын. Ол жақтан арзан бағаға бидай әкеліп, ауыл адамдарына қымбат бағаға өткізетін.

Карокеп сымбатты, ақылды және өте еңбекқор еді. Бірақ мінезі сәл қыңырлау болатын. Тез өкпелеп, тез ашуланатын. Өзін жала жапқан адамды аямайтын. Қатты ашуланғанда, қалшылдап, бет-әлпеті тұтығып кететін де, тістерін қышырлатып:

«Мен саған Карокептің кім екенін, маған жала жапқанның қандай болатынын да көрсетейін. Екінші рет маған қарсы келуге батылың жете ме екен? Көрейін сенің әуселенді!» - деп сыздана тіл қататын.

Саудагер Карокепті жақсы көретін. Әрдайым оның өте намысқой екендігін тілге тиек етіп отырушы еді. Арада бірнеше жыл өткен соң, әлгі саудагер Карокепке маңызды сауда істерін сеніп тапсырып, саудадан түскен ақшаны да аманаттайтын болды. Осылайша Карокеп үлкен сауда қоймасының меңгерушісіне дейін көтерілді.

Бір күні біз күтпеген жайт орын алды. Карокеп бастығына айтпай, саудадан түскен ақшаның бәрін ауыл адамдарына теңдей бөліп беріп, бастығын бір күнде шығынға белшесінен батырған. Бұл аздай, бастығын өлімші етіп сабап тастапты. Көпшілік саудагерге араша түсіп, Карокепті қамауға алғызған. Карокеп сотта жұмған аузын ашпай, ешқандай түсініктеме бермей қояды. Тек сот отырысы біткен кезде жиналғандарға мысқылдай күліп:

«Менің орныма бастығымды түрмеге тоғытқанда әлдеқайда дұрыс болар еді» - депті.

Бастығы болса, түк түсінбеген күйі:

«Карокеп ақылынан адасқан – ау шамасы» - депті.

Карокеп бұл қылмысы үшін бірнеше ай түрмеде жатып шығады. Түрмеде болған кезде ешкіммен етене араласпай, өзімен – өзі кітап оқумен уақыт өлтірген.

Түрмеден шыққаннан кейін, әйелі мен балаларын шетелге жіберген. Сонан соң ұрлықпен, адам өлтірумен айналысқан. Екі жылдың ішінде бірнеше банк пен он шіркеуді тонаған. Үш дін қызметкерін өлтірген.

Халықтың арасында зор беделге ие болған, мықты дәрігерді де кезекті шақыртуға барып, келе жатқанда өлтіріп кеткен. Бірақ,

дәрігердің ақшасына, жеке заттарына қолын сұқпаған. Не үшін өлтіргені де түсініксіз.

Бұл қылмыстың артын ала бере қала шетіндегі шіркеуге ұры түседі. Шіркеуге жақын жерде тұратын поп түн ортасында шіркеудің терезесінен шам жарығын көре салысымен, сонда барады. Шіркеудің дәл алдына келгенде, ұрлықшы мен поп бетпе-бет келіп қалады. Қарақшы поптың алдында келе жатқан адамды бір ұрып құлатып, артта келе жатқан поптың да басын жарып, қаша жөнеледі. Поп жанұшыра бар дауысымен:

«Құтқарыңдар, құтқарыңдар!» - деп айқай салады. Аязды күнде қабір қасынан өтіп бара жатқан бірнеше ауыл адамдары араша сұраған дауысты ести сала, шіркеуге қарай жүгіреді. Шіркеуге жақындағанда қашып бара жатқан адамның сұлбасын көздері шалып қалады. Олар ұрыны қуып жетіп, құрықтап, тәртіп сақшыларына табыстайды. Қолға түскен адамның аты – жөнін сұрғанда, өзін «Қарақшы Карокеппін» деп таныстырған. Еш шімірікпестен, банктерді, жұмыс орындарын, шіркеулерді қалай тонағанын, үш шіркеу қызметкері мен бір дәрігерді қалай өлтіргенін баяндап берген.

- Бұл қылмыстарды жасағанда көмекшілерің кім? – деп сұрағанда,

- Қылмыстардың бәрін өзім жасадым. Көмекшілерім маған тек мәліметтерді жинап берген. Олардың аттарын сендерге айтпаймын! Бұның бәрін мен өзім үшін жасадым. Барлық кінәні өз мойныма аламын. Мен жеңілдім. Ендігі тағдырым сендердің қолдарыңда. Қаласаңдар мені өлім жазасына кесіңдер, тек менің көмекшілерім туралы сұраушы болмаңдар! – деп жауап береді.

Бұл оқиғадан кейін Карокепті мәжбүрлі түрде емделуге жындыханаға жатқызады. Көп ұзамай, Карокеп бұл ауруханадан қашып шығып, ізін суытады. Арада бірнеше жылдар өткен соң, халық болған оқиғаны да, Карокепті де ұмытып кеткен болатын.

Енді міне, күндердің күнінде Наполиде түстеніп отырғанда, Карокеп жаныма келіп, менімен финше амандасады деп кім ойлапты?

Ол менің үстелімнің қасына келіп,

- Кешіріңіз, Сіз Ярвинен емессіз бе? – деп сұрады. Мен таңғалысымды жасыра алмай:

- Иә, - дедім.

- Юкко Ярвинен? - деп нақтылай түсті.

- Иә, - дедім.

- Тамоферс маңындағы Кольмарви деген жерден емессіз бе? – деп сұрады.

- Иә, иә. Сіз оны қайдан білесіз, мен сізді алғаш рет көріп тұрмын, - дедім таңдана түсіп. Ол:

- Мен Қарақшы Карокеппін, - деп өзін таныстырды.

- Юкко! Менің ескі досым Юкко!

- Бала шағындағы досың – Иохан есінде ме? Қарақшы Карокеппен амандасуға қолыңды созасың ба? – деп, маған қолын берді.

Карокеппен бірге бөлмеге келдік. Түні бойы финше сөйлесіп, ұзақ сырластық. Ол маған:

- Балаларым әкелерінің бұрын кім болғанынан бейхабар. Америкада екі рет тұрғылықты жерім мен атымды ауыстырдым. Отбасымды Американың оңтүстігіне көшірдім. Өзім солтүстікте жұмыс істедім. Мен сырт көрінісімде жартылай американдық, жартылай испандық болып көрінемін. Бірақ рухым мен өз туған ұлтымнан бір сәтке де алыстаған емеспін. Мен – Финмін. Қазіргі тұрмысым, күнкөрісім жақсы.

- Ярвинен, мен саған ағымнан жарылып, күнәларымды жоққа шығарғым келсе, мені тыңдайсың ба? Менің соңыма түспеуге, маған қарсы мәлімет бермеуге арыңның алдында сөз бересің бе? – деп сауалтастады да, артынша:

- Мен сенің өміріңді сырттай жақсы білемін. Біздің туған өлкеміз – Суомидің де күнделікті тіршілігінен хабардармын, әрдайым бақылап жүремін, болып жатқан жаңалықтарға қанықпын. Бала күнімде сені қатты жақсы көретінмін. Қазір алдымда отырған «Тосап патшасын да» жақсы көремін.

Мен сенің жастық шақтағы жақын досыңның қандай адам болғанын білгеніңді қалаймын. Иохан Карокепті жек көргеніңді қаламаймын. Білесің бе, мен шын мәнінде жұрт ойлағандай, қарақшы емеспін.

- Білем, сен ол кезде рухани ауруға шалдыққан едің? Солай емес пе?

Иә, ол кезде рухым айықпас дертке шалдыққан еді. Надан едім. Бір сәт өзін ойланып көрші. Елестетші:

Көзге түрткісіз тас қараңғы үлкен үйдің ішінде жалғыз сенделіп жүрсің дейік. Бұл үйде жүздеген бөлмелер бар, барлық бөлмелер үй



жиһаздары мен заттарға толы. Бірақ, жарық сәуледен мақрұмсың. Қолыңмен қарманып, жүріп келесің. Кейде қолың тиіп кеткен заттар құлап, сынып жатады. Осылайша басқаларға да зияның тиеді, ол аздай қолыңды да жаралайсың. Сенің ойыңша, мұндай жерде жалғыз қалған адам жынды ма, қарақшы ма, әлде, жолы болмаған байғұс па? Мен де бір кездері осындай жағдайда болғанмын. Елімізде әлі күнге дейін мен сияқты рухани қапас түнектен шығудың жолын таппай жүргендер қаншама? – деді де, қолымнан ұстап:

- Юккотайым менің! Осындай қараңғылықтан аман шығып, өмірде өз жолыңды тапқаныңа қуаныштымын. Баяғыда қоймада істеп жүргенде маған әрдайым бірдеңе жетпейтіндей көрінетін. Өз – өзімнен дүниеге сыймай жүруші ем, - деді.

- Ол кездері мен де өзімді солай сезінетінмін, - дедім.

- Міне, көрдің бе, менің айтқым келгені осы еді ғой. Біз білмейтін миллиондаған Ярвинендер мен Карокептер дүниенің бұрыш – бұрышында рухани ізденіс ішінде қиналып жүрген болар. Олар жандары жай таппай, өмірден өз орындарын таба алмай, күн сайын жақсылықты аңсаумен келеді.

- Есіңде болар, мен саудагердің көмекшісі болып жүрген кезде, уақыты келгенде өзімнің кәсібімді ашуды армандаушы едім ғой. Күнделікті жұмысым жақсы болғанымен, көңілім көнши қоймайтын. Бір күні әлгі саудагер маған қойманы сеніп, тапсырды. Қойманың есебі өз қолыма өткенде, оның халықты алдап жүргенін білдім. Ол ауыл адамдарының өткізуге әкелген бидайларын бір таразымен тартса, сатқан кезде басқа таразымен тартады екен. Яғни, екі таразымен де адамдардың ақысын жеп жүр екен. Мұны көрген кезде, жылдар бойы байқамай, саудагерге халықты алдауына көмектесіп жүргенімді түсіндім. Өз – өзімнен қатты жиіркеніп кеттім. Сөйттім де, саудадан түскен бар ақшаны халыққа таратып бердім. Дүкеннің иесін де соққыға жықтым. Егер адамдар араша түспегенде, ашумен өлтіріп қоюым да мүмкін еді. Осылайша қамауға алындым. Тәртіп сақшыларына алаяқ сатушылар мен дүкен иелері туралы айтуды жөн көрдім. Бірақ, ауыл адамдары дүкен иесіне қарсы мәлімдеме бермейтіндіктері жайында жазбаша қолхат бергендіктен, бұл ойымнан бас тарттым. Ауыл адамдары шағымданса, дүкен иесінің үстіне шағым түсірсе, оларға бидай, азық – түлікті қарызға бермей қояды деп

қорқатын. Мен де амалсыздан үнімді шығара алмадым, бірақ ауыл адамдарының да бұл қылықтары үшін бәрін жек көріп кеттім. Кеудемде оларға деген кек пайда болып, барлығын ұрып, соққыға жыққым келді. Сөйтіп, түрмеден бір – ақ шықтым.

Түрмеде жатып, бостандыққа шыққаннан кейін немен айналысамын? Тағы да сол баяғы алаяқтармен күнкөріс үшін бірігіп жұмыс жасаймын ба? – деген ойлар жиі оралатын болды. Бұл ойлар есіме түскен сәтте іштей қиналып, қобалжитынмын. Бейшара халқым – ай! Өзгені де ұрлап, өзі де тоналып жүреді. Тәңірге деген сүйіспеншіліктерінің артуы үшін пұтханалар мен зәулім шіркеулер салдырады. Сол ғимараттардың алдында мыңдаған адамдарды тірідей отқа жағады. Енді біреулер болса, Тәңір жолында өздерін құрбандыққа салады.

Осыларды көріп, бойымда адамдарға, Тәңірге қарсы өшпенділік сезімі пайда болды. Мен оларға: ақыры өздеріңді құрбандыққа салады екенсіңдер, олай болса, шыдандар! Бұны да өздерің тілеп алдыңдар! – деп айқайлағым келетін. Сөйтіп саналы түрде қарақшылықпен айналыса бастадым. Алдымен банктерді тонадым. Ең ұнайтын ісім шіркеулерді тонау болатын. Ең жақсы деген поптарды біліп алып, әдейі оңтайлы сәтін тауып, соларды өлтіретінмін. Осы қылмыстарды жасап жүріп, іштей:

- Уа, Тәңірім! Неге мені адамдардың қолына түсірмейсің? – деп, Тәңірді жазғыратынмын. Қолға түспеген сайын көкке қарап, одан сайын ашуыма мініп: - Адамдардың сенген Тәңірі ойдан шығарылған бірдеңе! Көкте ештеңе де жоқ, бәрі де жалған! – дейтінмін өз – өзіме.

Жалғандық пен қулықты жер бетінен жою үшін қолымнан келгенше, бәрін жасауға тырысып – бақтым. Адамдарды өлтіре бастадым. Көп ұзамай, қолға түстім. Бұдан қорықпадым, тек таң қалдым. «Бәрі мен ойлағандай жалған болмағаны ғой» деп ойладым. Өлім жазасына кесілдім. Бірақ, мені жынды деп, емделуге жіберді. Өз – өзіме іштей:

- Жынды мен емес, сендерсіңдер! Ақымақтар! Өтірікшілер! Мен де сендер сияқты ақымақпын! Ақымақтық жасап, тұзаққа түстім. Ақымақ болмаса, дені сау адам аппақ қар жамылған қыста, аязда, түн жарымда ұрлық жасай ма? – дедім.

Бірнеше ай емханада болдым. Мені күнде үздіксіз тергеуге алатын. Бірақ, бірде – біреуі менің дертімді түсіне алмады. Сосын жолын тауып, ол жерден қашып шықтым.

Баяғы басын жарған поп емделіп, өзінің мазарлыққа жақын үйінде тұрып жатқанын білетінмін. Кенет есіме сол поп түсіп кетпесі бар ма?! Содан попқа «қалжыңдағым» келді. Емханадан қашып шыққан соң, достарымның үйіне барып, киімімді ауыстырдым. Сол түні поптың үйіне бардым. Терезден қарап едім, поп кітап оқып отыр екен. Маңдайындағы жарасы әлі толық жазыла қоймапты. Есіктің қоңырауын бастым. Іштен біреудің аяқ дыбысы естілді. Босағаға жақын келіп:

- Кімсің? – деді жайбарақат дауыспен.
- Попты іздеп жүрмін, - дедім.
- Оны қайтпекшісің?
- Дінге қатысты бір шаруам бар еді.

Поп есікті ашты. Мені дұрыстап көру үшін, қолындағы шамды бетіме тақады. Жүзіме үңілді де, бірнәрсе есіне түскендей, қабағы түйіліп, қалтырай бастады. Босағада тұрған күйі:

- Мені таныдыңыз ба? – дедім.
- Сізді бір жерде көрген сияқтымын Бірақ, қай жерде көргенім есіме түспей тұрғаны. Соңғы кездері ұмытшақ бола бастаппын, - деді.
- Онда сізге көмектесейін. Мазарлықтағы болған оқиға есіңізде ме? Мен... дедім.

Поп бірден кейін шегінді. Бірақ, айқаламады. Есікті де жаппады. Сәл

үнсіз тұрды да, жай ғана:

- Сіз қамауда емессіз бе? – деді.
- Қашып кеттім.
- Мұнда не үшін келдіңіз?

- Жасырыну үшін. Кітаптардан қарақшылардың пұтханаларда жасырынғанын оқыған едім. Мен сізді өлтіргім келген. Енді бір христиан поптың өз дұшпанына қалай қамқорлық жасайтынын көргім келеді.

Поп менің сөзімді бөлмей тыңдап, ішке кіргізді. Үйге кірісімен, бар екпініммен есікті жаптым. Мазақ қылған сияқты поптың бетіне күліп қарадым да:

- Сізді қазір тағы да өлтіруім мүмкін деп қорықпайсыз ба? – дедім.  
Үй иесі басымнан аяғыма дейін қарап тұрды да:

- Жоқ қорықпаймын, - деді.

- Неге?

- Мынадай көздері бар адам адамдарды өлтіре алмайды.

- Менің көздерім қандай сонда? – дедім таңғалысымды жасыра алмай.

- Мұңды, терең қайғыға шомған. Сіз рухани науқасқа шалдыққан жансыз. Бөлмеге жүріңіз, - деуі мұң екен, мен өзімді – өзім түсінбей, әрі – сәрі күйде қалдым. Темірдей мықты, қатыгез Карокеп бұл жолы үйге кірісімен, тоңазытқыштан шығарылған балық сияқты ери бастады. Бөлмеге кіргенде үстел үстінде беті ашық күйінде жатқан Інжілге көзім түсті. Шамасы, поп мен келместен бұрын оқып отырса керек.

- Қарныңыз аш па? Жүрекжалғар бірдеңе берейін бе? – деді. Мен сыр білдіргім келмей даусымды нығыздап:

- Шарап әкел! – дедім. Тынысым тарылып, тамағыма бірдеңе тірелгендей болды. Үй иесі бөлмеден шығысымен, көз жасыма ерік беріп, егіліп жылай бастадым. Есейіп, ес білгелі бері дәл осылай егіліп жыламаппын. Поп бір стақан шарап пен сары май жағылған бір тілім нан әкелді. Поптың алдына тізерлеп отырып, қолынан сүйе бастадым:

- Мені кешіріңіз, кешіре көріңіз ... дедім.

- Көңіліңізді түсірмей, шарабыңызды ішіңіз. Жаратқанға қарсы шығып, Сізді мазақ қылып, тіпті осы жерге сізді өлтіру үшін келдім. Бірақ, нәтиже мен ойлағаннан мүлдем басқа болып шықты, - деп, көп жылдар бойы өмірден көрген – білгендерім мен түйгенімді, жер бетінде жалғандық атаулыны жою үшін жасаған әрекеттерімді еш бүкпесіз жайып салдым. Үй иесі сөзімді бөлмей, үнсіз ғана мені тыңдап, кейде қолдарымды қысып, басымды сипап, сабырға шақырумен болды. Хикаямды айтып бітірген соң ғана маған қарап күлімсіреп:

- Иә, демек, сіз Тәңірге қарсы соғыс жариялаған екенсіз ғой? Тәңірдің ашуына тием деп, шіркеулерді тонап, жақсы адамдарды өлтірумен айналыстыңыз. Адасқан, байғұс адам екенсіз, - деді.

- Тәңірдің бар екендігі рас болса, мені неге жазаламады? – дедім.

- Балам, сен Тәңірді өзің сияқты көріп, онымен ерегiсуге талпынғансың. Тәңір сен сияқты адасқан пенделердің деңгейімен өлшенбейді. Ол сенімен ерегiсетін пенде емес қой. Тәңір сені жазаламаса, өзі – өзің түзетсін деген болар. Алғаш өмір есігін ашып, оң – солын жаңа тани бастаған бала – Иохан қандай пәк, күнәсіз болған болса, қазір де солай болуға тырыс. Бұл сөзді ести салысымен, мен:

- Олай болса, мен өз еркіммен барып, қайта берілейін, - дедім.  
Поп:

- Жоқ, сенің қайтіп барып, қолға түсуің мен үшін маңызды емес. Иса пайғамбарға күнә жасаған әйел келіп, өзінің айыбын қалай жуа алатынын сұраған екен. Сонда Иса пайғамбар әйелге:

- Орныңнан тұр да, өз жолыңды тап. Бұдан былай күнә жасаушы болма! – депті. Сен де бұдан былай ар мен намысты жоғары ұста. Напақанды адал жолмен тап! Балаларың да бар болар! Оларды да адалдыққа баулы. Балаларың сенен адал еңбек етуді үйренсін, - деді.

Міне, сүйікті досым! Мен осылайша өмірімнің жаңа бетін аштым. Балаларымды тәрбиелеп, өсірдім, адам қылдым. Менің бар хикаям – осы!

Енді сенің осы күнге қалай жетіп, «Тосап патшасы» атанғаныңды өз аузыңнан тыңдағым келеді, - деді.

Ярвинен мен Карокеп тай құлындай тебісіп бірге өскен. Екеуі де бүгінде өз ұлтының ажырамас бөлшегіне айналған. Біреуі қараңғылық пен надандықтың ішінде қалып, тұншықса, екіншісі күннің сәулесіне бөленген көктемдей құлпырып, туған елін ояндырып, жақсылыққа үндеген.

Ярвинен сөзінің осы тұсында университет профессорларына былай деді:

- Сіздердің «Тосап патшасы» атанған Ярвиненге және мен сияқты болашақтың Ярвинендеріне жасаған қызметтеріңізді ерекше атап өткім келеді. Олардың көзін ашып, білім мен тәрбиеге баулитын – сіздерсіздер!

Құрметті мұғалімдер! Ярвинендер мен Карокептер – бір ұлттың балалары. Әрқайсысы бала кездерінде қаншалықты жақсы болса, өсе келе соншалықты қауіпті болулары да мүмкін. Егер, мен бүгінде баршаның құрметіне бөленсем, бұл жалғыз менің ғана еңбегім емес.

Сол сияқты Карокеп көпшіліктің қарғысына ұшыраған болса, ол да тек оның ғана кінәсі емес. Бұл екеуі бір медальдің екі жағы, бір ағаштың екі бұтағы тәрізді. «Балам» дейтін ел болмаса, «елім» дейтін бала да болмайды!

## **ЯРВИНЕН, ОКУНЕН ЖӘНЕ ГУЛЬБЕНИҢ ПАТШАЛЫҚ ХИКАЯЛАРЫ**

Ярвинен сөзін былайша сабақтады:

«Мен бір кездері көше кезген қарасирақ кедей баласы едім. Қазір болса, көпшіліктің алдына шығып, Отанымның көркеюі үшін қосып жатқан үлесімді мақтана, ауыз толтырып айтатын жағдайға жеттім. Осындай жетістікке жеткенім үшін, бала күнімде ойда – жоқта қатысып, тыңдаушысы болған семинарға алғысымды білдіремін. Сіздерге түсінікті болу үшін бәрін басынан бастайын:

Сөзімнің басында айтып өткенімдей, базардың бір бұрышынан сатып алған кішкентай дүкенім бар болатын. Осы дүкенде күні бойы тоқаш пен тәттілер сатам. Күндердің күнінде, айна қатесіз қайталана беретін саудагерлік өмірімнен жалығып, не істерімді білмей, рухани күйзеліске түсе бастадым. Дәл осы тұста біздің қыстақ тұрғындарының басын қосып, пайдалы кеңестер беретін семинар ұйымдастырып жүрген көзі ашық, көкірегі ояу бір адам келіпті деп естіп, елең ете қалдым. Ол жер – жерге өз жарнамасын да асып үлгеріпті. Жарнамада былай жазылған:

«Жас демей, кәрі демей, сауатты, сауатсыз деп бөлмей, баршаңызды басқосуға шақырамын! Бар өмірімді біздің сүйікті Суомиіміздің өркендеуі мен дамуына арнадым. Менімен өткізген бір сағат сіздер үшін және Отанымыз үшін бірнеше жылдық пайдалы кеңестер алуыңызға үлесін қосады деп үміттенемін.»

Шынымды айтсам, бұған дейін мен біраз конференцияларға қатысқан болатынмын. Бірақ, ешбіріне көңілім толған емес. Себебі, мен барған конференцияларда шығатын адамдар (менің ойымша) мінберге шығуға лайық еместей көрінетін. Себебі, бұлардың біріншісі, аузында бір тісі қалмаған, айтқандарын өзінен басқа ешкім түсінбейтін дін өкілі болса, екіншісі, бұдан да сорақы. Олар

жиналған көпшілік алдына шығып алып, өздерінше қызықтырамыз деп, халыққа арзанқол әңгімелер айтып, өздерін – өздері сайқымазаққа айналдырған жастар. Үшінші топ болса, білім министрлігінің қызметкерлері. Олардың көздегені – қарабастың пайдасы. Ел арасына келіп, жиын өткізгендері үшін алатын іссапар ақысы үшін келіп кететіндей көрінетін де тұратын. Ондайлардың айтқан сөздері де тұшымсыз шығатын.

Бұл жолғы конференцияның жарнамасы тек мені ғана емес, біраз адамның көңілін елеңдеткені рас. Соның дәлелі болса керек, межеленген уақытта жиынға келген адам залды лық толтырды. Мен де жиналған көпшіліктің қатарында едім. Бұл конференция менің рухымды тербеп, көңіл көзімді ашты. Өмірдің шын мәніндегі мақсаты мен мағынасын түсіндіріп берді. Конференцияны ұйымдастырып, ел алдына мінберге шыққан адам Робинзон Крузоны мысалға ала отырып, сөзін кеңінен сабақтады. Оның сөздері Сократтың пәлсапасына ұқсап кетті. Мінберде тұрған от ауызды, орақ тілді бұл адамның пәлсапалық ой – толғамдары жиылған қауымды еріксіз өзіне баурады. Себебі, ол терең мағыналы пәлсапалық ойды үлкендер түгілі, балалардың өзі түсіне алатын қарапайым әрі көркем, айшықты тілмен баяндап берді:

«Адамзат қауымы үлкен бала секілді. Адамдар өз араларында туындаған дау-дамайды ұрыс-керіспен, айқаймен шешеді. Осылайша өмірдің құндылықтарын арзандатып алып жатады. Робинзон жайлы шығарманы білетін боларсыздар? Тым құрығанда, оқымасаңыз да, естіген шығарсыздар? Оқығандарыңыз қашан оқығандарыңызды естеріңізге түсіріңіздер. Бала кездеріңізде оқыдыңыздар. Солай ғой, иә?»

Көбінесе Робинзон хикаясын балаларға арналған шығарма деп ойлайды. Жоқ, олай емес. Менің ойымша, бұл кітап – болашақта өзін мойындатқысы келетін, дамудың даңғыл жолын таңдап алған әрбір жас мемлекет үшін жол көрсететін пәлсапа кітабы. Робинзон әлемдегі қаһармандардың ішіндегі ең үлкені, ең мықтысы. Керек десеніз оның қаһармандығы Цезарь мен Наполеоннан да асып түспесе, кем емес. Себебі, ол – мәдениет қаһарманы. Ерекше төзім мен сабырдың шынайы да жанды символы.

Робинзон Крузо – адамдарға Англия мен Солтүстік Американың күш-қуатының сырын түсіндіретін кілт.

Робинзон – жер бетіндегі қуаныш пен бақыттың өкілі. Оның пәлсапасы Шопенгауерден жүз есе жоғары. Ол – адамзат қауымының жоғары мәдениетке қол жеткізу жолында болған рухани соғысының жеңімпазы.

Бұл әлемнің иесі адамзат баласы екенін Робинзоннан үйренуге болады. Ол бізге құр сөзбен емес, жанды мысалдар арқылы, өз іс-әрекеті арқылы үлгі бола білді. Ол адамның ақыл-ойы, сана-сезімі, күшті ерік-жігері табиғаттағы қараңғылық атаулыға қарсы тұра алатынын, рухани сырқатқа душар болған сана-сезімдердің сандырақтарына мойынсұнбау қажеттігін айтады. Бір сәтке Робинзонның басына келген жайтты ойлап көрейік:

Алапат теңіз толқындары кемені парша-парша қылып, бөлшектеп жатыр. Жан-жақта өмір сүруге мүмкіндік беретін бір уыс топырақ та көрінбейді! Айнала ұшы-қиыры жоқ, телегей теңіз. Кеменің барлық жолаушылары теңіздің тұңғиығына батып, жоқ болған. Тек жалғыз жас бала ғана кемеден қалған ағашқа жабысып, жан сауғалап, аман қалған. Толқын оны аш, жалаңаш күйі адам баласы аяқ баспаған аралға шығарып тастаған.

Робинзон қиналғанына қарамастан, үмітсіздікке салынбай, кеменің қалдықтарын аралға сүйреп әкеліп, ағаштан өзіне үйшік жасайды. Бидай егеді. Жабайы ешкілерді қолға үйретеді. Аралға келген сол жердің жабайы адамдарын ұстап алып, онымен достасып, оларды өзіне көмекші қылады. Қысқасы, адам аяғы тимеген бос аралда адамға тән тіршілікпен күн кешеді.

Жалғыз өзі... Жап-жас, балаң жігіт... Айдалада аралда...

Құрметті мұғалімдер, поптар, әкімдер, инженерлер, адвокаттар, жас Суомидің кішкентай балалары, ертеңіміздің бәйшешектері! Сіздер де өз ұлтыңыздың бір-бір Робинзоны болғыңыз келмей ме? Ол айдаладағы аралдың қақ ортасында адам етін жейтін жабайылардың өзін тәрбиелеп, оны өзіне дос қыла білген. Ал сіздер болсаңыздар, үлкен қалаларда, жоғары мектептердің, баспасөздердің, театр мен мұражай сынды мәдени ошақтардың түбінде тұрып, ұлтымыздың мыңдаған тұлғалары туралы: «Олар надан, жабайы, маскүнем!» - деп шағымданасыздар.



Бір сәт Робинзонның орнына өздеріңізді қойып көріңіздер!» - деп, жалынды сөздерімен бәрімізді терең ойға батырды.

Ярвинен еш тоқтамастан сөзін жалғастырды:

«Бұл конференция менің көзімді ашты. Қиялыма қанат бітірді. Жан-дүнием алай-дүлей күй кешіп, ішімде үлкен адам болуға деген құштарлық оянды. Біздің кішкентай Суоми үшін мен де бір пайдалы іс жасайын деген ой келді.

Бірақ, мен жалғыз өзім не істей аламын? Бар – жоғы нан сатушымын. Мен сияқты тоқаш сататын жас жігіттің қолынан не келеді?

Өзіммен бірге жиынға үш досымды ерте барғанмын. Өз ойымды сол достарыма айттым. Алғашында олар маған қарсы шығып, пәлендей қолдау көрсете қоймады. Олардың бірі терімен айналысса, бірі темір ұстасы, үшінші досым жұмыртқа сататын. Конференциядан қайтар жолда олар:

Әрқайсысымыз бір-бір қаһарман емеспіз бе? Біреуіміз жұмыртқа сатамыз, енді біріміз терімен айналысамыз. Сен болсаң, балаларға тәтті тоқаш сатасың. Біз қалай Робинзон болмақшымыз?» - деп, сөздерінің соңын күлкіге айналдырып жіберді.

Дәл осы сәтте мен шабыттанып:

«Сендер не деп тұрсындар? Мен тоқаш сатып, өз ісімнің бір Робинзоны неге болмасқа? Тек тәтті нанды сатумен ғана шектелмей, елімізде бал арасын бағуды қолға аламын. Сонан соң, уақыт өте келе жай ғана тәтті тоқаш емес, балдан жасалған тоқаштарды сата бастаймын. Осылайша, тәтті тоқаштарды тек бақуатты адамдар ғана емес, барлық қарапайым отбасының адамдары да күнделікті дастархандарында көретін дәрежеге жеткіземін. Достар, мен шешімімді қабылдадым. Болашақта осы елдің «Тәтті патшасы» боламын!»

Менің бұл сөздерімді естіген достарым, күліп:

«Сен сондай болсаң, біз кім боламыз?» - деді.

«Сендердің біреуің «Аяқкиім патшасы», екіншің «Жұмыртқа патшасы» болуларына болады» - дедім.

Біз бірігіп, жоспар жасай бастадық. Үйге келген соң да, таң атқанша, көз ілмей, осы тақырыптарды талқылаумен болдық.

«Мұнан кейін не болды?» - деген сұрақ көкейлеріңізде тұрған болар.

Не болсын? Көп уақыт өтпей – ақ, бар ынта – жігерімізбен дамылсыз еңбектеніп, арманымыздың шындыққа айналғанын көрдік.

Тері илейтін досым ақшасын жинап, Парижге барып, өз кәсібі бойынша біліктілігін жетілдіріп келді. Ол жақта әлемге аты шыққан маркалы аяқ киімдер тігетін жерде үш жыл жұмыс істеп, өз ісінің нағыз шебері болып оралды.

Қазір екі ұлымен бірге жеке кәсіптерін дөңгелетіп отыр. Екі ұлы да жоғары білімді. Бірі химия саласы бойынша маманданып, қазір Финляндиядағы ең үлкен тері фабрикасының директоры қызметін атқаруда.

«Окунен және ұлдары» деп аталатын фирма қазіргі таңда барша Еуропаға танымал болды. Окунен тері илейтін орындары Финляндиямен қатар, Еуропаның Окуненнің аяқ киім магазиндерінен көруге болады. Бұл магазиндерді Окуненнің кіші ұлы басқарады. Ол Германияда жоғары білім алған. Жергілікті париждіктер сияқты французша анық әрі сауатты сөйлейді. Әлемдік сән үлгісінің маманы ағылшын Велиахт Эдвард Окуненнің аяқ киімдерін арнайы сұраныспен алдырып киеді. Ол Окуненнің баласын әріптесі ретінде көріп, «Біз екеуміз бір-бір патшалықтың Велиахтысымыз. Мен ағылшын патшайымының ұлы болсам, Сіз аяқ киім патшасының ұлысыз» - деп әзілдейтін көрінеді.

«Окунен және ұлдары» деген фирма жыл сайын Финляндияда білім алған оншақты жасты таңдап, оларды жоғары білім алуы үшін Германияның Вирчхов зертханасына, Француздардың Пастор институтына, Америкада Эдисонның жанына жібереді.

Окуненнің осындай жетістікке жетуі, сөз жоқ, бір кездегі Робинзон туралы семинардың берген нәтижесі дер едім.

Базарда себетімен жұмыртқа сататын досым – Томас Гульбе де шын мәнінде «Жұмыртқа патшасы» атанды. Ол өз елімізден басқа, Англия, Франция мен Германияға да танымал кәсіпкер болды.

Томас Гульбе, алғашында кәсібін ауыл-ауылды аралап, жұмыртқа жинаудан бастады. Әрбір ауыл мен қыстақ үйлерінің есігін қағып, әр үйден екі-үштен жұмыртқа сатып алып, оның орнына ауыл

адамдарына кәделеріне жарайтын және оларға ұнайтын ұсақ-түйек заттар беріп, жинаған мыңдаған жұмыртқаларды шетелдерге сатылымға шығаратын.

Гульбе ең балғын жұмыртқаларды таңдап, оның сапасына ерекше мән беретін. Үш күннен көп тұрған жұмыртқаны қатайып кеткен деп, алмайтын. Әрбір жұмыртқада «T.G», яғни «Томас Гульбе» деген марканың мөрі басылатын.

Бір жылдан соң, Лондон, Париж және Берлиннің ең үлкен мейрамханалары «T.G» маркалы жұмыртқаларға сұраныс бере бастады.

Жол шығыны тым көп болғандықтан, Томас Гульбе Финляндияның жер-жеріне бара алмайтын. Әйткенмен, ол бұл кедергінің де шешімін тапты. Финляндиядағы бастауыш мектеп мұғалімдерімен хат арқылы тілдесіп, ел арасында мұғалімдердің көмегімен байланыс орнатты. Бұл өте кең ауқымды, бірақ өте қарапайым ғана іс болатын. Гульбе алдымен Суомиді бірнеше аймақтарға бөліп алды. Әрбір аймақты Рим санымен нөмірлеп шықты. Әр аудандағы хат алысатын мұғалімдердің аттарын осы Рим санының қатарына тіркеді. Мұнан соң жұмыртқаны өткізген отбасының тегінің бас әрпін белгілей бастады.

Оқушылар күн сайын сабаққа келгенде, өздерінің немесе көршілерінің үйіндегі тауықтардың балғын жұмыртқаларын сабаққа ала келіп, мұғалімдеріне өткізетін болды.

Мұғалім күнделікті жинаған жүздеген жұмыртқаларға қажетті белгілерді қойған соң, Томас Гульбенің жұмыртқа деполары орналасқан Або қаласына жолдап отыратын болды. Ол жерден жұмыртқалар бірден арнайы қалыптарға салынып, кемемен діттеген жерге жіберілетін. Осындай қолға алынған жүйелі шараның арқасында, Париж, Лондон, Бреслав, Анверс, Берлин мейрамханаларында келген тұтынушыларға «T.G» маркалы, екі-үш күндік балғын жұмыртқа берілетін болды.

Бұл жұмыртқалардың арасынан біреуі талапқа сай болмай қалған жағдайда, «15 сәуір, VII,15,М. белгісіндегі жұмыртқа бұзылған» деп жазылып, Гульбеге хат жолданатын.

Гульбе бұл хатты алысымен, өзінің тіркеуіндегі мәліметтерді тексеріп, VII нөмерлі Куопио қыстағынан, 15 – ші нөмерлі

мұғалімнің М. ханымнан алған жұмыртқасы бұзылғандығына көз жеткізетін. Онан соң, дереу мұғалімге болған жайтты ескертіп, хат жазатын. Хатта ол: «15 сәуір күні Макинен ханымнан алған жұмыртқа ескіріп кеткен. Егер осындай жағдай екінші рет қайталанатын болса, біз оның жұмыртқаларын алмайтын боламыз» - деп ескертуін талап ететін.

Арада он жыл өткен соң, Томас Гульбе Финляндияның «Жұмыртқа патшасы» атанды. Оның Лондо, Гамбург және Финсингенде жұмыртқаларды сақтауға арналған жазда суық, қыста жылы температурамен қамтамасыз ететін арнайы деполары пайда болды.

Финляндияның барлық аудан орталықтарында тауық өсіретін фермалар салып, ауыл адамдарына тауықтарды арзан бағамен сата бастады.

Томас Гульбе жұмыртқа саудасымен қатар, аң аулайтын құстар мен иеттерді де бағып, оларды сатумен айналысты. Ол миллионер атанғалы бірнеше жылдың жүзі болды. Бұны айтып отырған себебім, ол байыған сайын, жыл сайын табыс көзінен мемлекетке де миллиондаған қаражат бөледі.

Ол жылда ауыл мектептерінің кабинеттеріне жүз мың марк, ең ақылды, зейінді ауыл балаларының егіншілікті зерттеу үшін Норвегия, Дания және Швеция сынды өлкелерге барып, білімдерін арттыру үшін жүз мың марк, фин халқынан шыққан атақты ақын – жазушылар мен өнер адамдарының шетелдерде зерттеу жұмыстарын жасау үшін де жүз мың марк қаражат бөліп отырды.

Бүгінге дейін оның мемлекетке қайырымдылық қорына бөлген қаражаты екі жарым миллион маркты құрады. Бұл Гульбенің бар байлығының болар – болмас бөлшегі ғана. Сіздерді мезі қылмай тұрғанда, Гульбе жайлы хикаяны бітіріп, өз хикаяма көшейін:

Менің хикаям кішкентай тоқаш сататын баланың өсе келе қалай «Тосап патшасы» атанғаны туралы болмақ.

Жоғарыда айтып өткенімдей, Робинзон жайында конференциядан соң, мен өз кәсібімнің Наполеоны болуды ұйғардым. Олдымен Финляндия, сосын Еуропа менің сауда имперлаторлығыма айналады деп шештім. Бұл – анау айтқандай

сауатым да жоқ, мен сияқты фин баласының асқақ арманы болатын. Бірақ, мен қалай да діттеген мақсатыма жетуге бел сыбана кірістім.

Әуелі кішкентай шырын фабрикасын аштым. Бұл фабрика әлі күнге дейін жұмысын тоқтатқан емес. Банк директорына барып:

«Мен бүкіл Финляндияны мойындататын «Тәтті патшасы» болғым келеді» - дедім де, өз ойларыммен бөлістім.

Банк бастығы менің сөзімді мұқият тыңдап болған соң:

«Ойға алған жоспарыңызды жүзеге асыру үшін тырысып көріңіз. Біз де сізге көмек ретінде біршама ақша бөліп, тәуекел етейік» - деді.

Кәсібімнің бастамасы жаман болған жоқ. Фабрикамызда дайындалған шырын таза, қою әрі дәмі тіл үйіретін. Анау – мынау шекерден әлдеқайда дәмді еді. Бұрындары ауыл – ауылды аралап, шырынды өткізіп, картопқа айырбас жасайтынмын да, жиналған картоптан қайта шырын өндіретінмін. Арада екі жыл өткен кезде Финляндияда бес фабрикаға іске қосылды. Мұнан соң тағы жаңа кәсіпті қолға алдым. Біздің өлкеміздің ормандарында құлпынай көп өседі. Қыста ауылдарды аралап жүріп, адамдарға мыңдаған литр шырынды қарызға таратып шықтым. Ауыл адамдары болса, жаз шығысымен, қарыздарын өтек үшін, құлпынай жинап өткізетін болды. Жазда бала-шаға, үлкен-кіші демей, барлығы орманға құлпынай теруге шығып, жинаған жемістерін маған әкеліп өткізе бастады. Бұл құлпынайлар мен үшін сатып алғаннан гөрі, кәдімгідей арзанға түсті.

Бірте – бірте Финляндияның ауыл адамдары мен жұмысшылары тосапты нанға жағып жейтін халге жетті. Тосап жағылған нан тілімі көптеген отбасының түскі және кешкі ас мәзірінің айырылмас бөлшегіне айналды. Себебі, менің фабрикадан шыққан тосап тәтті, әрі бағасы да қолжетімді болатын. Келесі жылы Финляндияның орманынан жиналған құлпынайлар тосап жасауға аздық ете бастады. Ресей мен Германияға арнайы сұраныстар жібердім. Ресейден Владимирский деп аталатын танымал шие сорттары келе бастады. Ирландиядан құрамында қанты көп болатын картоп түрін алдырдым.

Ауыл – ауылды аралап, тұрғындарға жидек пен күнделікті ішіп – жемге қажетті картоптың тұқымын таратып, оларды егіп, күтіп –

баптаудың әдістерін үйреттім. Осылайша бірте – бірте Финляндияның барлық жері менің егістік алқабыма айналды.

Кәсібімнің осыншалық деңгейде дамығанын көрген сайын кеудемді қуаныш сезімі билейтін. Тосап пен тәттіге құмар ақын – жазушылар мен өнер адамдары да маған қол ұшын берді. Олар менің әрбір жаңалығым мен қуанышыма ортақ болатын. Күндіз – түні Ярвинен тосаптарын мейлінше сапалы әрі арзан, халыққа қолжетімді қылуды ойладым.

Өзенде жұмыс істейтін қайықшылар, таулардағы кеншілер де менің тосаптарыммен қоректенетін. Бірде Финляндияға жолы түскен бір ағылшын орманшысы қарамағындағы жұмысшылардың Ярвинен тосабын жегендерін көріп, өзі де дәмін татып:

«Бұл тосаптар жұмысшылардан гөрі, патшалардың салтанатты сарайларында дастарханның сәні болатындай тәтті екен. Осыншалық сапалы әрі дәмді бола тұра, арзанға сатылуының сырын түсінбедім. Сіз маған осы бағамен 50 000 құтысын бересіз бе?» - деді.

Мен оған:

«Әлбетте, берем. Тіпті 50.000 құтысын бірден алғаныңыз үшін сізге екі пайыз жеңілдік жасаймын» - дедім.

Осылайша «Ярвинен» тосаптары Англияға жол тартты. Ағылшындардан кейін Дания, Голландия, Бельгия, Германия, Франция тіпті, Америкада да сатыла бастады.

Тосап өндірісі бірнеше кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің жүзеге асуын химия мамандары, сол істің шеберлері қадағалайды. Бұл мамандар жүйелі түрде түрлі аймақтарда болып, халықпен кездесіп, оларға картоптың, шиенің және құлпынайдың сорттарын қалай өсіріп, күтіп-баптау керектігі жайында ақыл-кеңестерімен бөлісіп отыратын.

Қазір жаз мезгілінде суық, қыста жылы температурамен қамтамасыз ететін арнайы вагондарымыз бар. Жыл сайын Месина теңіз портынан бір кеме апельсин мен Сингапурдан лимон және бір кеме күріш сатып аламыз. Менің шырын, тосап және мармеладқа арналған құтыларым бүгінде ром, ликёр және коньяк құтыларының басты бәсекелесіне айналды.

Ярвинен мемлекеттік университеттің профессорларына:

«Сіздер менен де жақсы білесіздер ғой, қант ағзаға қажетті дәрумендерге бай, денсаулыққа пайдалы қорек түрі. Жақсы әрі сапалы тағаммен қоректенген халық өкілдері ішкілікке де әуес болмайды. Ащы тәттінің, тәтті де ащының қас жауы болып саналады. Маскүнем адамдар тәттіге құмартпайды. Ал тәттіқұмарлар болса, керісінше, алкогольдік ішімдікке ден қоюы екіталай.

Міне, осы себепті халық «Ярвинен» тосаптарының құтыларын «Ішкілік құтыларының басты қарсыласы» деп атайды. Себебі, ішкіліктің құтысы босаған үйден жанжал арылмаса, әрбір тосап құтысы ауылдағы жұмысшының үйіне, керісінше, жақсылықтың жаршысы, жаңа өмірдің бастауындай болып кіреді. Бұл құтыны көрген баланың жүзі бал-бұл жанып, көңіліне қуаныш ұялайды. Отағасының бір күндік еңбекақысының ішкілікке кеткенінен әбден зәрезап болған отанасы да тосап құтысын көріп, жүзі жайнап сала береді.

Мен теңіз портында «Ярвинен» маркалы мыңдаған тосап жәшіктерінің тиелгенін көріп, жүрегім қуаныштан жарылып кетердей бақытты күй кешемін. Әрбір тосап құтысын өзімнің әскерлерім сынды көремін. Олар халықтың бақыты мен тыныштығы үшін алыс сапарға аттанып бара жатқандай.

Мен қиялымда оларды қасиетті мекенге орналастырып қойғанмын. Мен үшін әрбір тосап құтысы өзінше құнды, өзінше бағалы. Себебі, олар жай ғана тосап құтылары емес, сонымен қатар Финляндияда, қажет болса, әлемнің басқа өлкелерінде де адамзаттың тату-тәтті өмір сүруі үшін талпынған менің арманым мен мақсат – мүддемді жүзеге асырушы бірден-бір құралым.

Осы күнге жетуіме, кеудемдегі жастық жалынды үрлеп, сол арқылы адамзат қауымына пайдалы болуыма жол ашқан Робинзон сынды қаһарманның өмірін баяндаған кітаптың авторына қарыздармын.

Сонан соң, халыққа білім мен жарық шашқан сіздерге шексіз алғысымды білдіремін. Сіздер менің жүрегімнің шырағына май құйдыңыздар. Сіздерге рахмет! Үлкен рахмет!

Жасап жатқан үлкен істеріңіздің өтеуі жай ғана рахмет айтумен қайтпайды, әрине. Сіздердің осы жолда еш мойымастан ұлы істерде

үлкен жетістіктерге жете берулеріңізді тілеймін.

Жалып тарихты оқыдым. Көптеген ғылым адамдарымен де пікірлес болып, терең ойға шомдым. Әлі де сол ойдан арыла қойған жоқпын. Менің ойымша, көптеген ұлыстар әлі күнге дейін жабайылықтан арыла алмай келеді. Бірақ қазіргі жабайылық бұрынғы жабайылық сияқты емес, өзгеше.

Тарихта басқалардың жерін зорлықпен тартып алған қолбасшыларға неліктен соншалықты ерекше құрмет көрсетілетінін әлі күнге дейін түсіне алмаймын. Александр Македонский, Цезарь, Наполеон және осылар сияқты мыңдаған қолбасшылар өзгелердің жерін ту-талапай еткеннен басқа не істеді?

Бұл шайқастардың нәтижесінде алып мемлекеттер пайда болғанымен, бұқара халыққа қаншалықты тиімді болды? Олар керек десеніз, әлі күнге дейін мұқтаждық пен аштықтың азабын тартып, өмірлерімен хош айтысуда. Мыңдаған адамдар болса, білім-ғылымнан мақрұм қалып, надандықтың бешпетін жамылуда. Барлық жерде ішімдік, ұрлық, арзан көңіл көтеруге деген құштарлық пен ұрыс-керіс, жек көру, кек сақтау ... Адамдар сыйластықтың ауылынан алыстап барады.»

Тарих қаншама рет осы іспеттес ғибрат боларлық жайттардан дәріс берді? ... Қаншама рет олардың қателерін беттеріне басты? ...

Бірақ, бұлардың ешбірі адамдарға ғибрат дәрісі бола алмады. Саясаткерлер әлі күнге дейін жағымпаздық пен жалтақтық ойынын жалғастыруда. Олардың бар білері – мемлекеттің шекарасын кеңейту, бірақ сол кеңейткен шекараның ішіндегі сана-сезім мен ождандарды жоғарылату туралы ойланып жатқандар кемде – кем. Оған бас қатырғылары келмейді.

Біздің кішкентай Суомиіміз жер көлемі жағынан үлкен емес. Өз басым еліміздің жер көлемінің кеңейгенін емес, отандастарымыздың санының күн өткен сайын арта түскенін қалаймын. Олар еліміздің жарқын болашығының негізін қалаушылары болса екен деп тілеймін».

Ярвинен көпшілік арасынан мұғалімдерге ерекше ілтипатпен басын иіп, сөзін тәмамдады.

Ярвиненнің жалынды сөздерінен соң, Торстен Форстен атты ауылдың ақсақалы орнынан тұрып:



«Амин!» - деді.

Мұнан кейін барлық жиналған көпшілік те бірауыздан ақсақалдың айтқанын қайталады.

«Амин! Амин!»

Торстен Форстеннің үш ұлы бірдей Хельсинки университетінің профессоры. Өзі болса, қарапайым ауыл тұрғыны.

Министр мырза жиналысты қорытындылап, былай деді:

«Ярвиненнің мындай ақылды әрі сезімге толы шынайы сөздеріне алып-қосар ешнәрсе қалған жоқ. Ярвиненнің әрбір сөзінде халықтың талап – тілегі жатыр. Оның сөдерінен халықтың: «Біздің жанымызға келіп, бізге жол көрсетіңдер!» - деген жанайқайын естуге болады!»

Ертесіне барлық фин баспасөздері осы жиын жайлы жарыса жазды. Ярвиненнің де сөйлеген сөзі сол қалпында газеттерге жарияланды.

Ярвиненнің бұл баяндамасы Финляндияда халық тарапынан ерекше ілтипатқа ие болып, біраз уақыт талқыланып, халықтың сауатын ашып, көкірек көздерін оятуға құлшына кіріскен еріктілердің саны да арта түсті.

Қаланың бай саудагерлері болса, Халық университеті үшін ғимараттар сыйға тартып, жаңадан бой көтеретін сәулет құрылыс нысандарына қомақты қаражат бөлді.

Көптеген мұғалімдер, әкімдер, адвокаттар мен дәрігерлер күн сайын кешкісін шайханаларда бас қосып карта мен домино ойнаудан, ішкілік ішуден саналы түрде бас тартып, қолдарына кітап ала бастады. Халықтың көзін ашу үшін алдымен өздері білім көкжиектерін кеңейтіп алғанды жөн санады. Осылайша халықты жақсылыққа үндейтін сауатты семинар беруші азаматтар жер – жерде көбейе бастады.

Барлық жиналыстар мен сауық кештерінен, мейрамханалардан түскен қаражатқа халыққа пайдалы кітаптар алынып, ауыл – аймақтарға таратыла бастады. Белгілі бір тақырыптардың тізімі жасалып, осы тақырыптар аясында көркем шығармаларға бәйге жарияланып, ең жақсы жазылған шығарманың авторлары ерекше марапатқа ие болды. Жазушылардың кітаптарының баспадан шығуына қаржылай демеушілік жасалды. Бұл кітаптардың арасында

қарапайым халыққа көбірек пайдасы тиетін шығармалар арзан бағамен сатылып, халыққа қолжетімді болуы қадағаланды.

Өмірінің соңғы жылдарында Снелман достарымен әңгіме – дүкен құрып отырып:

«Қазіргі Финляндия мен балалық шағымның Финляндиясын салыстырсам, көз алдыма мынадай көрініс елестейді:

Барлық терезелерін қымтап, жауып тастаған, иесіз қалған үй. Мұндай үйді көрген адамның көңілі құлазып, айдалада қалған жандай жетімсіреген күй кешеді. Іші тастай қараңғы, ауасы тар, қабырғалары көгеріп, дымқылдана бастаған бұл баспанадан гөрі мазарды еске түсіреді.

Енді бір сәтке осы үйдің жанынан бір топ батыл, қайратты жастар келе жатқанын елестетіңіз. Олардың барлығы көңілді. Жастар әлгі үйге кірісімен, перделердің бәрін алып тастап, терезелерді айқара ашады. Сол-ақ екен, үйдің іші күн сәулесімен нұрланып, таза ауа кіріп, аңқыған гүлдің иісі бөлмелерге тарайды. Үйдің ішіндегі зат атаулыға жан біткендей. Ғимараттың қабырғалары кеңейіп, әсемденіп, жайнап, жасарып сала береді. Бөгде адамдар болса, көз алдарында әп-сәтте құлпырып шыға келген үй ғимаратына алыстан тамсанып, таңдана қарайды.

Міне, мысалдағы үй сияқты, рухани қамауда қалған қоғамның аудан орталықтары мен ауыл – аймақтарында да ұмыт қалған қалтарыстарға оң өзгертулер енгізуге болады. Тек ол үшін рухтары ояу және төл мәдениетінің дамуы үшін қажыр – қайратын, аямай еңбектенетін, төзімді, шын мәнінде қаһарман адамдар қажет!» - деді.

## **АУЫЛ АДАМЫ, ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ӨНЕР ИЕСІ**

Снелман бала кезден және университет қабырғасында жүргенде ұлтқа қатысты мәселелер мен қоғамда болып жатқан жайттардың билік сарайындағылардың түсінігіне орайластырып талданатынына және солай қабылданатынына іштей наразы болатын. Себебі, барлық оқуылықтарда патшалар мен олардың жанындағылар, ақсүйек

отбасыларының өз араларындағы болған дау – жанжалдар, қала берді, барондар мен генералдар жайлы жан – жақты мәлімет беріліп, кітаптың соңғы бірнеше бетінде ғана жазушылар мен өнер иелері жайында, олардың өмірі жайлы болмашы мағлұмат берілетін. Соғыстар, сарай ішінде болған құйтырқы әрекеттер, дипломаттардың қулықтары, қасақана жасалған қастандықтар мен қиянаттар, үтір – нүктесіне дейін баяндалатын. Тарих пәнінің мұғалімдері де тек осы тақырыптармен шектелетін.

Бірақ, ғасырлар бойы түрлі мемлекеттерде өмір сүрген қарапайым халықтың қалай күн кешкендігі жайлы, миллиондаған ауыл адамдары, мыңдаған өнер иелерінің өмірі мен өнегелі істері тарихтың шеңберінен тыс қалып жататын.

Халықтың сана – сезімінің жоғарылай түсуін қалайтын адамдар өте аз болған. Дәлірек айтсақ, ұлт өкілдерінің материалды және рухани өмірінің жақсаруына және жоғары сатыға көтерілуіне бас ауыртқан адам бола қоймаған.

Егін мен бақшаның күтімін, жануарларды баптап – бағу, кірпіш, қағаз және түрлі тауар өндірістерін дамытуда әжептеуір тер төгілгендігі көрініп тұрады. Бірақ, миллиондаған адамның рухын, көңіл – күйін, денсаулығын, күнделікті қорегі мен тұрмыс - тіршілігін жақсартуға айтарлықтай көңіл бөлінбеген. Бұл мәселелердің шешімі қарапайым халықтың өз мойнына жүктелген. Құтты халықтың тұрмыс – тіршілігіне жауапты ешкім жоқ және болмаған тәрізді.

Әрдайым барлық жерлерде қарапайым халық сабыр мен төзімділік көрсетуге мәжбүр. Қиыншылықтар мен жоқшылыққа төзіп, күн кешу қарапайым халықтың міндетіне айналған. Қит етсе, халықты кінәлап, оны мейлінше төмендетіп, басып отырған.

Барлық жерде халық турасында мына сөздер айтылатын болған:

«Халық маскүнем, жалқау, еңбек етуге құлықсыз, қатыгез, ашкөз т.с.с..»

Енді бірде өз сөздеріне өздері қарсы шығып, былай дейді:

«Халық қиыншылықтарға сабыр мен төзімділік таныта отырып, өзінің ұлылығын паш етуде. Аш-жалаңаш, суықта тоңып, жайсыз баспаналарда өмір сүрсе де, шағымдануды білмейді».

Халықтың осындай шыдамдылығы мен төзімділігі туралы бар ынталарымен жарыса айтып, олардың бұл қасиеттерін діни сенімнің

жоғары деңгейіне балайды. Онсыз да, осылай айтып-айтып, христиандықты сабыр мен төзімділік көрсететін дінге айналдырған жоқ па?

Снелман сабыр мен төзімділікті бар ғибадат деңгейіне көтергендері үшін халыққа да, халықты осы халге түсіргендерге де қатты ашуланатын.

Ең үлкен жоқшылық пен бассыздықтарға халықты сабырға шақырған зиялы қауым өкілдеріне ашуланатын.

Осындай жайттарға үн – түнсіз көнбістік танытып келе жатқан туған халқына да наразылығын жасырмайтын.

Халықтың самарқаулығына, өмірде кездесетін материалды және рухани келеңсіздіктермен бірге өз құқықтарының желінуіне жол беріп, маскүнемдікпен күн кешкендеріне ыза болатын.

Снелман кейде қатты ашуланып, халқына:

«Миллиондаған адамдар хайуан тәрізді өмір сүріп жатыр. Кір, лас, жиіркенішті. Олардың бар білетіні – ас ішіп, аяқ босату.»

Артынша, сабасына түсіп, бұл пікірін былайша айқындай түсетін:

«Бірақ, бұған тек халық кінәлі ма? Бұл – халықтың басына төнген қауіп. Мұның соңы жақсылыққа апармайды.»

Снелман халық пен билікті былай салыстыратын:

«Бақша мен орман ... Бақшаның ішіне жолдар салынып, екі шетіне топырақ төселіп, гүлдер мен жеміс ағаштары отырғызылған ... Ашық алаңқайда күнделікті суарып, уақытылы қырқылып, әдемі қалыпқа келтіріліп отыратын жап – жасыл шөп өсіп тұр ... Шегіргүлдер гүлдеп, бақшаның ішін одан сайын көріктендіріп, құлпырта түскен ... Жан – жақта орнатылған субұрқақ та көрген жанды сүйсінткендей ... Әр – әр жерге ескерткіштер орнатылған ... Жолдың шетіне адамдар дамылдап, тынығулары үшін, арнайы жұмсақ дивандар қойылған ... Бұл жердегі гүлдің әр талы мен тұқым түйірінің өніп, көктеуі үшін бірнеше адамның еңбегі сіңгені көзге көрініп тұр.

Енді ойша орманды тамашалап көрейік: Бұл жердегі көрініс мүлде басқаша. Ағаштар мен өсімдіктер күтімсіз, қараусыз қалған, жабайы. Ағаш тұқымдары желмен қай жерге түссе, сол жерде өсіп шыға берген. Осының салдарынан орманның ішінде адам жүретін жалғызаяқ жол шыға қалса, ол да жай ғана сәйкестік болуы мүмкін. Мұндай жолдарды ашып, адам жүретіндей дәрежеде болуын қадағалап жатқан жан жоқ.

Халық болса, орманға ұқсайды, егер қадірін білетін адам табылып жатса ғана, орманды қорғауға атсалысады. Халық та зиялы қауым өкілдері сияқты – адам баласы. Олардың да арасында ақылды, қабілеттілері бар. Олардың бойларында ең жоғарғы деңгейдегі рухани дамуға деген бейімділікті оятып, дамыту үшін, күнделікті және рухани азықпен қамтамасыз етіп, жағдай жасалу қажет.»

Снелман барлық ауыл адамдарын, жұмысшыларды, өнер адамдарын, бір сөзбен айтқанда, халықты барынша жан-жақты тәрбиелей отырып, оларды дұрыс жолға бағыттауды өзінің ең басты мақсаты деп білген. Ол – Финляндияда білім мен тәрбие саласын дамытуда ерен еңбек сіңірген тұңғыш ұлт зиялысы.

Ол барған жерінде мынадай үгіт-насихат айтатын:

«Туған өлкеміздің басым бөлігінің сауатсыздық пен надандықта күн кешіп жатқанын көре тұрып, үнсіз қалу бізге жараспайды. Мәдениеттің нұрына бөленген адамның өз ұлтының болашағына бейқам қарауы – ұлтына жасаған қиянаты болып есептеледі. Мемлекет дегеніміз жоғары қабатының терезелері кең, еңсесі биік, ауасы тап – таза, іші жап – жарық, ал, төменгі қабаты мен шатыры болса, тастүнек, қабырғасы дымқылданып, көгере бастаған, тар және терзесі жоқ ғимаратқа ұқсамауы тиіс.

Халықтың басым бөлігінің төл мәдениетінен мақрұм қалуы зұлымдықпен пара – пар. Бұл мемлекеттің түбінен шіріп, жоғалуына әкеп соқтырады.

Ең жақсы, ең сапалы он миллион ағашы бар орманды елестетіңіздер. Бұл орманға еш көңіл бөлінбей, дер кезінде тазалық жұмыстары жүргізілмей, қараусыз қалатын болса, ондай орманнан не пайда? Үлкен ағаштардың бұтақтары дауылдарға шыдас бермей сынып, ақырында жаңбыр суымен шірісе, уақыт өте келе орманның орнында белшеден балшық пайда болады. Осылайша, саф, таза ауасы бар орман жүздеген шақырымға дейін созылып жатқан безгек ауруының қоздырғышы мекен ететін балшыққа айналмай ма?».

«Мені дұрыс түсініңіздер! Мемлекетіміздің әрбір жұмысшысы – біздің баға жетпес байлығымыз. Оның күнделікті ішіп – жемі мен басқа да шығындарын есептеп, жақсы шарттарда жұмыс істеуіне жағдай жасалу керек.

Еліміздегі маскүнемдер дұрыс тәрбие алғанда, әрқайсысы ұлтымыздың болашағы үшін таптырмас жұмыс күші болар еді.

Снелман Еуропаға сапары барысында басынан өткен оқиғаны баяндады. Ол Берлинге барған кезде, Австралияның атақты жазушысымен танысады. Жазушы шыққан тегі бойынша таза словакиялық болғанымен, шығармаларын тек неміс тілінде жазады екен. Осыған дейін газет беттерінде жарық көрген сансыз мақалалары мен кітапшаларында австралиялық немістердің Галицияда, Моравиядағы Чехтар мен Словакиялықтарға, Сербтер мен Хорваттарға үстемдік жүргізуін дұрыс деп есептемейтінін жазған. Ол өз мақалаларында: «Словакиялықтардың мінезі өте бос, әйелдер сияқты. Жаратылыстарынан жалқау. Көп жылдар бойы басқалардың боданы болғандықтан, өздіктерінен жұмыс жасауға құлықсыз және өмірлерін енжарлықта өткізгенді ар санамайды. Олар сауда-саттық жасағанда көп адамдарды алдайды, көбісі құлықпен өмір сүреді. Жеңіл табыс көздерін іздеп, тапқан – таянғандарын оңды-солды шашқанды ғана біледі.

Менің ойымша, мұндай халыққа немістердің тәрбиесі қажет. Словакиялықтарға қарасам, жұмсақ, иісі шығып кеткен қойдың терісі есіме түседі. Оларды немістердің тері илеушілерінің қолына тапсыру керек. Немістер оларды таза, жылы тонға айналдырады.

Жан – жақты білімді бұл жазушымыздың сөздеріне қарасаңыз, өте сапалы білім алғандығы көрініп – ақ тұр. Бірнеше Еуропа тілдерін жетік меңгерген. Шығармаларын жеңіл, түсінікті, тартымды тілмен баяндайды. Мақалаларына әр заманда өмір сүрген атақты философтар мен қоғам қайраткерлерінің, тарихшылар мен әдебиетшілердің сөздерін енгізіп отыратын әдеті бар. Жазған еңбектері үшін Австрия мемлекетінен қомақты қаламақы алып отырады.

Негізі ол жаратылысында жаман адам емес. Бірақ, құмарханалар мен мейрамханаларда сұлу әйелдермен көңіл көтеріп, қайғысыз – қамсыз өмір сүргенді ұнатады. Ал ондай өмір сүру үшін көп ақша қажет.

Осы себепті, ол қажет болса, ақша үшін еш ойланбастан, өзінің ары мен намысын да құрбан ете алады. Ол өзі аңсаған өмірге ар – намысын жоғары ұстап жүріп те, жетуге болатынын ойламайды. Оны ойлау үшін адамның бойында рух тазалығы болу қажет. Өкінішке орай, ол біздің жазушымыздың бойында көрініс таппаған. Себебі, ол Австрия

университетінде білім алып, сол кездің танымал саясаткері Меттерничтің сұрқия саясатымен уланған.

Меттернич – өзінің саясатта сұрқия амалын халықтың бойына сіңіре отырып, бүкіл Еуропа жұртының тәрбиесін бұзған сарай түлкісі. Оның ойынша өз мақсатына жетудің бір ғана жолы бар, ол – пара беру. Тіпті Меттерничтің тұсында қай бастық қанша пара алатынын алдын – ала біліп, сұрастырып отыратын секретарлар пайда болған. Осылайша пара алып-беру күнделікті үйреншікті жайтқа айналған. Қоғамда түрлі келеңсіздіктер бой алып, жастарға үлгі боларлық тұлғалардың өзі дүниелік пайданың соңына түскен. Осылайша ертеңгі күнге мақсат-мұраты жоқ, рухани ашкөздікке душар болған жастар көбейе бастады.

Міне, осындай қоғамның жазушысы болған біздің кейіпкеріміз де Шиллер сынды адами қасиеттер мен сұлулықты, турашылдықты ту еткендерді мүлде түсінбейтін. Немістерді жақтап, Словактарды жамандау оның бар өмірінің мәніне айналды.

Оның бұл қателіктерін бетіне айтқан адамдарға:

- Мен ең мықты жазушымын. Мен шебер жаза алмасам, немістер маған мұншалықты көп ақша төлемес еді, - дейтін. Яғни, ол жасап жүрген ісінің дұрыс екендігіне өзін шүбәсіз сендірген.

Снелман Берлинге барған кезде әлгі жазушымен танысады. Снелман бұрын – соңды оның ешбір шығармасы немесе мақаласын оқымаған, тіпті атын да естімеген.

Берлинде Фин және Словакиялық бұл екі қонақтың құрметіне, немістердің тілімен айтқанда «мәдениеттің жаршыларына» арнайы дастархан жайылады.

Басқосудың соңына қарай, адам аяғы басылған сәтті пайдаланып, Снелман словакиялық «мәдениеттің жаршысын» әңгімеге тартады. Снелман оған ұлт мәдениетінің өркендеуі жолында қызмет ететін адам барынша шынайы және рухы таза болу қажеттігін айтады.

Снелман:

«Мысалы, біздер – фин халқы мәдениеттің ең дамыған сатысына қол жеткізгенімізге кәміл сенеміз. Сол үшін тынбай еңбектеніп жатырмыз. Финляндияда болашақта білім ошағы салынбаған бірде – бір елдімекен қалмайды. Қажет болса, балықшының күркесін де білім нұрымен айдындатамыз. Сөйтіп, бүгінгі бөбектерімізден ертеңгі күні білімді, рухты, көзі ашық жалындаған жастарымыз өсіп шығатын

болады. Егер туған халқың надан, мәдениетсіз болса, оны сынап – мінеудің орнына, мәдениет пен өркениетке баулып, халқыңа адал қызмет қылу керек.» - деді.

Алғашында Снелманның сөздерін амалсыздан тыңдап отырған жазушымыз, бірте – бірте оның айтқандарынан қатты әсерленіп, қоштасарда: «Мен сізбен өте кеш танысқанымға өкінемін» - деп, қолын қысты.

Снелман Суомиге оралған соң, арада жиырма шақты күн өткенде хат алады. Хатта:

«Сенің сөздерің маған қатты әсер етті. Рухымды тербеді. Осы күнге дейін жасап келген істерімнің дұрыс болмағанына көзім жетті. Енді бұлай өмір сүре алар емеспін. Өзімнен қатты жиіркенем. Ождан азабына шыдай алар емеспін. Жанымды қоярға жер таппай, өмірмен қош айтысуға бел будым.» - деп жазылған. Снелман хатты жазған адамның қолтаңбасын тани алмады, оның үстіне аты-жөнін де жазбапты.

Арада бір ай өткен соң, Снелман Виана газетіндегі хабарды көзіп шалып қалады. Онда атақты жазушының өмірден озғаны туралы жазылыпты. осы хабарды оқыған сәтте ғана Снелман өзіне келген хатты кімнің жазғанын түсінді.

Арада біраз уақыт өткен кезде, дәрігерлер, мұғалімдер мен дін қызметкерлері халықпен етене араласып, алған әсерлерін, ой-толғамдарын баспасөздерге жариялай бастады. Кейбірі кішігірім кітап қылып басып шығарды. Осындай шығармалардың арасында «ауыл дәрігерінің естеліктері» және «Ауылдағы поптың естеліктері» деген кітаптар халықтың назарына ілікті.

Бұл екі кітап қоғамда түрлі қарама-қайшы пікірлер туғызып, елді елең еткізген ерекше құбылыс болды. Біреулер: «Туған халқы үшін жүрегі сыздап, оның болашағына үлес қосқысы келген барлық адамның жастанып жүріп оқитын кітаптары!» - десе, енді біреулер: «Бұл кітаптарда жазылғандар қып-қызыл өтірік. Бұл – Фин ұлтына жабылған жала!» - деп, кітаптарды да, оның авторларын да жерден алып, жерге салды.

Шын мәнінде, бұл екі кітап та финдерге қалың ұйқының құрсауынан шығып, сілкініп, рухани ояну қажеттігін айтып, жар салды. Себебі, бұл екі кітап та халықтың мүшкіл жағдайын боямасыз суреттей отырып,



тез арада шара қолданбаса, бүкіл бір ұлттың жоғалып кету қаупі барын ескертеді.

Кітапты оқығандар:

«Бір миллион бауырымыз мынадай адам төзгісіз өмір сүріп жатқанда, қол қусырып қалу жарамайды.» - десе, енді бірі:

«Құдайым – ау, мын кітаптарда жазылғандар рас болса, отандастарымыз адам төзгісіз өмірге қалай шыдап келген? Екі аяқты жануар сияқты күн кешіп жатқандар бар екен ғой. Олардың өмірі Дантениң суреттеген тозағынан да бетер ғой. Жарайды, Дантениң шығармасындағы адамдар осы өмірде жасаған күнәларының өтеуі ретінде тозаққа түседі. Біздің отандастарымызды мына жарық дүниеде жүріп, тозаққа түсетіндей не істеп қойды? Олардың күнәсі не? Ол аз десеңіз, Дантениң шығармасындағы тозақта күн кешетін адамдар жай ғана автордың ойынан шығарылған кейіпкерлер ғой. Ал, біздің отандастарымыз және олармен болып жатқан жайттар – ащы да болса шындық!

## ХАЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

«Бір ауыл дәрігерінің естеліктері» деп аталатын шығарманың авторы алғаш қызметін бастаған күннен бастап күнделік жазады. Күнделігінде медицина университетін қалай бітіргені, қызмет орнына қандай дайындықпен барғаны жайында баяндайды.

Дәрігердің балалық пен жастық шағы кедейлікпен өткен. Ол аздай, қызметті бастаған алғашқы күннен-ақ, өзі куәгер болған жағымсыз жайттардан шоши бастайды. Алғашында ол көргендерін түс деп ойлап, өмірдің ащы шындығын мойындағысы келмейді. Қызмет бабында көрген жайттар оған бірнеше мың жыл бұрынғы ескі заманды есіне түсіреді.

«Бәлкім, бұл жер еліміздің ең артта қалған қыстағы шығар?» - деп ойлап, өз-өзін сабырға шақырады. Бірақ, басқа аудандарға барып, ол жерлерде де жағдайдың мәз емес екенін, тіпті кейбір жерлерде өзі жұмыс істейтін жерден де сорақы жайттар орын алып жатқанын көріп, көңілі құлазиды.

Ол барған жерлердің тұрғындары іргетасы тастан жасалған, қалай болса, солай салынған баспаналарын паналайды екен. Бұл ұйсымақтардың есіктері өте төмен, терезелері жоқ. Есіктердің арасы дұрыс жабылмағандықтан, сырттан уілдей соққан жел де, борай жауған қар да үйге кіріп, онсыз да суық үйді одан сайын суыта түседі. Жаңбыр жауа қалса, төбелерінен шөлмектеп су ағады.

Бұл жерлерде әйнек оңайлықпен табылмайтындықтан, терезенің орнына қалдырған тесікке майлы қағаз жабыстырылады немесе ақ шүберекті шегемен керіп, қағып тастайды екен. Табылып жатса, шүберектің орнына тері қағады. Ешнәрсе қағылмаған, ашық терезелер де кездеседі. Бөлменің бір бұрышында тас пен топырақтан жасалған пеш орын тепкен. Пешке от жағылған кезде бөлменің іші көк түтінге толып, қолқаны удай ашытып, көзден жас сорғалайды. Түтін үйдің төбесіндегі болар-болмас тесіктен шығып, тазарғанша, үйдегілердің үсті-басы күйелеш болады.

Ауыл адамдары бір киіммен жұмыс істеп, тамақ ішіп, күн батқанда, сол киіммен ұйқыға жатады. Айлап, жылдап монша көрмейді. Кір-қоңдарын да жууды әдетке айналдырмаған. Үсті-бастарының бәрі биттеп, бүргелеп кеткен.

Ауыл адамдары көбінесе тыныс жолдары ауруларымен ауырады. Мезгілінде емделмеген соң, ауру асқынып, өкпе ауруына шалдығады (туберкулез). Су ішетін құдықтары әжетханамен қатар орналасқандықтан, ауызсуда түрлі жұқпалы дерттердің ошағы өріп жүреді. Әсіресе, іш сүзегінен көз жұмғандар көп.

Балалар арасында қызылша, желшешек сияқты жұқпалы індеттер өршіп тұр. Мыңдаған бала осы аурулардың салдарынан, өмірге келмей жатып, қош айтысады. Халықтың күнделікті тамағы да маз емес, өте нашар, қуатсыз. Финдер алаңсыз ішкілікке салынып кеткен. Ел арасында саңырау, мылқау, зағип жандар мен жарымжан туылған, ақылынан адасқан адамдар өте көп.

Өзі куәгер болған осы жайттарды дәрігер күнделігінде былайша сипаттайды:

«Ауылға кірген сәтте бойыңды қорқыныш билейді. Адамдардың төмен тұрмысын көріп, өзіңнен, қоршаған ортадан, қоғамнан, өз-өзіңнен қуыстанып, ұялып, кірерге жер таппайсың. Бұл жерден алыста театр, концерт, жазушы, өнер адамы, парламент, Білім Академиясы т.б

бар дегенге сенгің келмейді. Себебі, бұл жерде мыңдаған адам тозақта өмір сүріп, дүниеден өтіп жатыр.

Мәселен, ауылдың бір ғана үйінің көрінісін алайық: Ыза тепкен топырақтың үстінде қызылшаға шалдыққан үш бала қызулары көтеріліп, қиналып жатыр. Бөлменің бір бұрышында осы балалардың аналары толғақ қысып, дүниеге тағы бір нәресте әкелгелі жатыр. Ол бейбақтың ауырып жатқан үш баласына қарауға шамасы қайдан келсін? Енді бір бұрышта болса, осы үйдің отағасы, балалардың әкелері араққа сылқия тойып, өлердей мас болып, езіліп жатыр.

Маскүнем әкеге:

«Ұялмайсың ба, намысың қайда? Отбасыңда осыншама дерт пен азап қатар келіп жатқанда, мына түрің не?» - десең,

«Мықты болсаң, сен де менімен бірге осы жерде тұрып көр. Біздің өміріміз өмір емес. Бұл жерде арақ ішпей, сау жүріп күнелту мүмкін емес. Сол үшін ішемін» - деп жауап қайтарады.

Келесі үйшікте бұдан да өткен сорақы көрініске тап боласыз:

Аналарының ауруы әбден асқынып кеткен. Туберкулезден қан құсып, өлім аузында жатыр. Басын жастықтан көтеруге шамасы жоқ. Әкелері іш сүзегіне шалдыққан. Ыстығы көтерілгендігі соншалық, сандырақтап жатыр. Үйдің іші сұп-суық. Жылытқыш деген атымен жоқ. Әкесі мен шешелерінің ортасында біреуі бір жаста, екіншісі екі жасар бала жатыр. Екеуі де тамақтанбағандықтан, сүйектері ғана қалған, анда-санда әлсіз ғана қимылдайды, құдды тірі өлік дерсің...

Көршілердің ешқайсысының бұлармен ісі жоқ, көмек қолын созуға ниеттері де жоқ. Әркім өз үйінде өз дертімен әуре.

Мемлекет іш сүзегі, қызылша сияқты жұқпалы дерттер күрт көбейген кезде ғана ауыл адамдарына екпе егу үшін бір-екі дәріген жібереді.

Халық оларға:

«Бұл екпелерді балаларға неге салып жатырсыңдар? Балаларды емдегенше, үлкендерді емдеңіздер» - дейді. Себебі, отбасының күнелтуі үшін үлкендердің аман қалғаны дұрыс деп ойлайды.

Ауыл адамдарының барлығы түрлі ауруларға шалдыққан. Бірінің көздері іріңдеп кеткен, енді бірі қатерлі ісікпен ауырады.

Осы көріністерді көріп тұрып, өмірден түңіліп кете жаздайсың. Ақыр соңында әбден сілелеп шаршаған кезде, әлгі маскүнем еркектің

айтқанындай: «мынаның бәрін көрмес үшін иә араққа сылқия тойып мас болғың келеді немесе тұншығып өлгің келеді».

Осы естеліктерді жазған дәрігер қалада тұратын адамдарға, саясаткерлерге, білім мен өнер адамдарына, баспасөз қызметкерлеріне үндеу жолдайды:

«Мырзалар! Қашанға дейін халықпен тығылмақ ойнайсыздар? Әрдайым отансүйгіштік, ұлтқа қызмет ету, ұлт махаббаты, мәдениетке қызмет ету турасында сөз қозғайсыздар. Бірақ, ұлт үшін, Отан үшін, мәдениеттің өркендеуі үшін не істеп жатырсыздар? Кейбірі миллиондарын жымқырып, Отанымыздың қазынасына қол салып жатыр. Енді бірі баспасөздерде, мектептерде, университеттерде қызмет жасап жүр. Ал, еліміздің шалғай жерлерінде болса, миллиондаған адам іріп-шіріп, маскүнемге айналып жатыр. Солармен бірге ұлтымыздың іргетасы да шіріп жатыр.

Әлі де уақыт барда туған өлкеміз бен туған халқымызды құтқарайық! Халықпен етене байланысқа шығып, олардың арасына кіріп, сырқаттарынан сауықтырайық! Балалардың сауатын ашып, дұрыс тәрбие берейік!

Оларға үйді қалай салу керектігін және оны қалай таза ұстау керектігін үйретейік! Халықтың денсаулығын қадағалап, оларды құрғақ және жылы баспанамен қамтамасыз етейік! Оларға адам сияқты өмір сүруді үйретіп, көмек қолын созайық!».

Дәрігер күнделігінің соңында:

«Мемлекет – үлкен бір отбасы. Оның әрбір мүшесі біздің бауырларымыз. Төменгі топ өкілдерінің үлкен қателері бір кездері жіберген жоғарғы топ өкілдерінің болмашы қателерінің нәтижесі» - деп, өз ойын қорытындылаған.

Дәрігердің күнделік стилінде жазылған, шынайы өмірді бейнелеген бұл кітабы әдеби орталарда түрлі пікірлер туғызғанымен, кітап көпшіліктің ықыласына бөленіп, мақсатына жетті. Финляндияның медицина саласының барлық ұжымдарында бұл кітап ерекше талқыланатын болды.

Әкімшілік қызметкерлері болса, кітаптағы айтылған мәселелерді зерттеп, бір кездері жіберген қателіктерін жөндеу үшін, түрлі шараларды қолға ала бастады. Бұрындары бейхабар болған қарапайым халықтың мүшкіл халімен етене танысып, оларға түсіністік пен қолдау

көрсетті. Олар партия жиналыстары мен жеке бастың дау-дамайларын бір шетке ысырып қойып, ұлттың денсаулығын шаңдаудың жолын іздестіре бастады.

Мемлекет бойынша туберкулезге шалдыққандардың және аурудың осы түрінен көз жұмған адамдардың саны анықталды. Бір жылдың ішінде іш сүзегін жұқтырғандар, ауыр тұрмыстың салдарынан аштықтан өлген балалардың саны, тіс ауруынан зардап шеккендер мен мүгедектердің нақты саны анықталды.

Бұдан басқа да алкогольдік ішімдік алуға кеткен ақшаның көлемі есептелді. Маскүнемдіктің кесірінен болған ұрыс-керіс, төбелес, адам өлтіру, өрт, ұрлық жасау фактілері де анықталды.

Зерттеу нәтижесінде жинақталған көрсеткіштер адамдардың төбе шашын тік тұрғызды. Себебі, бұл көрсеткіштер ащы да болса, шындықтың бетін ашып, әр адамның бойында бұл жағдайға қарсы күресу қажеттілігін ояндырды.

Мемлекет аудан және облыс орталықтарынан дәрігерлерден арнайы топ құрды. Тіс дәрігері, педиатрлар мен гинекологтар бірігіп, барлық шалғай аудандарды аралады. Олар барған жерлерінде науқастарды емдеп, жазып, халыққа жеке бас гигиенасы мен ана мен бала денсаулығын күтудің жолдарын үйретті.

Арада бірнеше жыл өткен соң, ауыл тұрғындарының тұрмыстары жақсарып, бұрынғы әдеттерінен айығып, шын мәнінде адами өмір сүрудің салтын меңгерді. Ертедегі мал қораға ұқсайтын үйшіктердің орнына жылы да жайлы баспаналар салынды.

Олар таза, жылы киім кие бастады. Мемлекеттің қолдауымен, адамдарды сапалы киіммен қамтамасыз ету үшін жер-жерде киім-кешек, қыстық пальто, ішкіімдер шығаратын фабрикалар іске қосылды. Бұл киімдердің барлығы тек сапалы өнімнен тігіліп, халықтың мүмкіндігіне қарай арзан әрі қолжетімді бағада сатыла бастады.

Ауылдарда бұл киімді кигендер бір мерекеге келгендей көпшіліктің назарын өзіне аударатын. Осылай бірте-бірте жазда киімсіз, жалаңаш жүрген адам көрінбейтін болды. Жөтел, бронхит, суық тию сияқты сырқаттар азайып, біртіндеп жоғалды. Туберкулезден өлген адамдардың саны екі есе азайды. Балалар өлімі тоқтады. Көптеген жұқпалы дерттерден халық сауығып, уақыт өте келе ондай ауру түрін

ұмыта бастады. Әйел аналардың денсаулықтары да жақсарып, дүниеге бала әкелу көрсеткіші жоғарылап, дені сау нәрестелер туа бастады. Жұмыс істейтіндер саны артып, халықтың тұрмысы түзелді.

Осылайша Финляндия қарқынды дами бастаған тұста, мемлекеттің медицина саласына өлшеусіз үлес қосқан дәрігер дүниеден озды. Туған ұлтының денсаулығы үшін жанын салып күрескен дәрігердің қазасы күллі фин халқы үшін ауыр соққы болды. Сүйікті дәрігерлерімен соңғы рет қоштасу үшін, алыстағы ауыл-аймақтардан жүздеген өкілдер келіп, жаназаға қатысты.

Ауыл тұрғындары жаназаға баратын өкілді жастардың арасынан таңдады. Бұл жас жігіттер Ұлт дәрігерінің табытын жоғары көтеріп, қаланың барлық көшелерімен жүріп өтті.

Жерлеу рәсімінде ауыл жастарынан бірі көпшіліктің алдына шығып тебіреніп тұрып, былай деді:

«Біз сені мәңгілік мекеніңе шығарып салу үшін алыс ауылдар мен ормандарды артқа тастап келіп тұрмыз. Бірақ, саған жаназаларда қалыптасқандай гүл шоқтарын әкелмедік. Есесіне ауыл адамдары өз қолыңмен баптап кеткен хас бақшаң – Суомидің гүлдерін – бізді таңдап, басқаларға үлгі болсын деп, осында жіберді. Сен біз үшін – Ұлтымыздың ең үлкен бағбанысың, біз – сол бақта өсіп шыққан гүлміз.

Саған айтарымыз: Артыңа алаңдамай, соңғы аялдамаңда демінді ал! Біз сенің жасап кеткен еңбегінді аяқсыз қалдырмаймыз. Сен – туған халқыңның нағыз дәрігері бола білдің. Жүздеген ауыл адамдарының дертіне дауа іздеп, сырқаттарынан айықтырдың. Ұлтымыздың бойына жан бітіріп, қайта тірілтіп, күш-қуат бердің. Туған өлкеміздің келешегіне қалтқысыз ететін қаһармандарды шығардың. Бізге өмір сүрудің жолын көрсеттің!

Туған халқың саған арнап еңселі ескерткіш орнататын болады. Сен мұндай құрметке шын мәнінде лайықсың. Бірақ саған қойылған нағыз ескерткіш ол – мына біздерміз! Біз – ұлттың жаңа өмірге басқан қадамының көрінісі әрі осы жаңашыл өмірдің жаршысымыз. Ер демей, әйел демей – бәріміз де фин халқының арда туған азаматтарының Отанға адал қызмет ету жолындағы бір-бір жанды ескерткіштеріміз. Уақыт өткен сайын тұрмысы түзелген туған халқыңның жүрегінде сенің атың алтын әріптермен жазылатын болады.

Сен Цезарь да, Наполеон да емессің. Ешкімнің жеріне көз тіккен жоқсың. Бір тамшы қан тамызбай, Отанымызға мыңдаған жаңа, қуатты және еңбекқор күшті сыйлап кеттің.

Туған ұлтының денсаулығы мен жарқын болашағы үшін бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен қаһарман ұлдың аты мәңгілікке өшпеуі тиіс!»